



**ҚСЗИ**

Қазақстан Республикасы  
Президентінің жанындағы  
Қазақстан стратегиялық  
зерттеулер институты

# Қоғам & Дәуір

www.kaziss.kz

4/2020

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –  
Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Еуразия одағы» туралы  
бастамасы және оның тарихи маңызы

Ғани Қарасаев

Жаңғыру үдерістері аясындағы ұлттық  
және мәдени бірегейлікті сақтау мәселелері

Мадина Бектенова

Еліміздегі орта білім беретін  
мектептердегі қашықтықтан оқыту  
моделін жобалау перспективалары

Гүлхан Нұрадин,  
Сәуле Алимбаева

Бітімгершілік мәселесі Қазақстан Республикасының  
бейбіт саясатының жетістігі ретінде

Қарлығаш Нұрмұхамет

Бақылаушылардың қызметін  
заңнамалық реттеу: халықаралық тәжірибе

Слямжар Ахметжаров,  
Жанар Санхаева

Сыртқы сауда аймақтың көлік –  
логистикалық жүйесін дамытудың факторы ретінде  
(Шығыс Қазақстан облысының мысалында)

Лаззат Габдуллина,  
Бауыржан Толысбаев,  
Борис Лавровский

К.М. Байпақовтың «Қазақстанның ежелгі  
және орта ғасырлардағы урбанизациясы»  
зерттеулері хақында

Болат Көмеков,  
Ералы Ақымбек

2020 жылғы Орталық Азия  
арналған әдебиеттеріне шолу

Мұрат Лаумулин

ISSN 2414-5696

0 4



Нұр-Сұлтан

# Қоғам & Дәуір



**ҚСЗИ**

Қазақстан Республикасының  
Президенті жанындағы  
Қазақстанның стратегиялық  
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап  
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор

**Алуа Жолдыбалина,**  
ҚР Президенті жанындағы  
ҚСЗИ-дің бөлім басшысы

Шығаруға жауапты:

*А. Арзықұлов*

Редакция мекенжайы:

Қазақстан Республикасы,  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Бейбітшілік көшесі, 4  
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20

Факс (7172) 75-20-21

E-mail: office@kisi.kz

www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының  
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық  
келісім министрлігінде 2003 ж.  
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы  
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414 - 5696

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды  
көшіріп басқан, микрофильмдеген  
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы  
міндетті. Жарияланған мақала  
авторларының пікірі редакция  
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

«Надежда 2050» ЖШС баспасынан  
басылып шығарылды  
Көкшетау қ., Баймұқанов, 3.

Таралымы: 500 дана.

**Қоғам &  
Дәуір**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

## МАЗМҰНЫ

### Гани Қарасаев

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –  
Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Еуразия одағы»  
туралы бастамасы және оның тарихи маңызы ..... 6

### Мадина Бектенова

Жаңғыру үдерістері аясындағы ұлттық  
және мәдени бірегейлікті сақтау мәселелері..... 24

### Гүлхан Нұрадин, Сауле Алимбаева

Еліміздегі орта білім беретін  
мектептердегі қашықтықтан оқыту  
моделін жобалау перспективалары ..... 37

### Қарлығаш Нұрмұхамет

Бітімгершілік мәселесі Қазақстан Республикасының  
бейбіт саясатының жетістігі ретінде ..... 46

### Слямжар Ахметжаров, Жанар Санхаева

Бақылаушылардың қызметін  
заңнамалық реттеу: халықаралық тәжірибе ..... 56

### Лаззат Габдуллина, Бауыржан Толысбаев, Борис Лавровский

Сыртқы сауда аймақтың көлік-логистикалық  
жүйесін дамытудың факторы ретінде  
(Шығыс Қазақстан облысының мысалында) ..... 70

## РЕЦЕНЗИЯ

### Болат Көмеков, Ералы Ақымбек

К.М. Байпақовтың «Қазақстанның ежелгі  
және орта ғасырлардағы урбанизациясы»  
зерттеулері хақында ..... 84

### Мұрат Лаумулин

2020 жылғы Орталық Азия  
арналған әдебиеттеріне шолу ..... 104

## СОДЕРЖАНИЕ

### Гани Карасаев

Инициатива Первого Президента  
Республики Казахстан – Елбасы Н.А. Назарбаева  
«Евразийский союз» и его историческое значение .....6

### Мадина Бектенова

Вопросы сохранения национальной  
и культурной идентичности в контексте  
модернизационных процессов .....24

### Гүлхан Нұрадин, Сауле Алимбаева

Перспективы проектирования модели  
дистанционного обучения в средних  
общеобразовательных школах страны ..... 37

### Қарлығаш Нұрмұхамет

Проблема миротворчества как достижение  
мирной политики Республики Казахстан..... 46

# Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының  
Президентінің Қаулымен  
Қазақстанның стратегиялық  
зерттеулер институты

**Слямжар Ахметжаров, Жанар Санжаева**  
Законодательное регулирование деятельности  
наблюдателей: международный опыт ..... 56

**Лаззат Габдуллина, Бауыржан Толысбаев,  
Борис Лавровский**  
Внешняя торговля как фактор развития  
транспортно-логистической системы региона  
(на примере Восточно-Казахстанской области) ..... 70

## РЕЦЕНЗИЯ

**Болат Комеков, Ералы Акимбек**  
Труды К.М. Байпакова «Урбанизация Казахстана  
в древности и средневековье» ..... 84

**Мурат Лаумулин**  
Обзор литературы по Центральной Азии 2020 ..... 104

## CONTENTS

**Gani Karasayev**  
Initiative of the First President of the Republic  
of Kazakhstan - Elbasy N. A. Nazarbayev  
“Eurasian Union” and its Historical Significance ..... 6

**Madina Bektenova**  
Issues of Preservation of National and Cultural Identity  
in the Context of Modernization Processes ..... 24

**Gulkhan Nuradin, Saule Alimbaeva**  
Prospects for Designing a Model of Distance  
Learning in Secondary Schools in the Country ..... 37

**Karlygash Nurmuhamet**  
The Problem of Peacekeeping as an Achievement  
of the Peace Policy of the Republic of Kazakhstan ..... 46

**Slyamzhar Akhmetzharov, Zhanar Sankhayeva**  
Legal Regulation of the Activities of Observers:  
International Experience ..... 56

**Lazzat Gabdullina, Baurzhan Tolyssbayev,  
Boris Lavrovskiy**  
Foreign Trade as a Factor in the Development  
of the Transport and Logistics System of the Region  
(the Case of the East Kazakhstan Region) ..... 70

## REVIEW

**Bolat Komekov, Yeraly Akimbek**  
About K. Baipakov’s Research «Urbanization  
of Kazakhstan in Ancient and Medieval Times» ..... 84

**Murat Laumulin**  
Literature Review for Central Asia 2020 ..... 104

---

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Ерлан ҚАРИН** – Редакциялық кеңестің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, саяси ғылымдарының кандидаты
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – Бас редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, Әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің басшысы, Ph.D
- Алмас АРЗЫҚҰЛОВ** – редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих магистрі
- Уямо ТОМОХИКО** – Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеулер орталығының профессоры (Жапония), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – Индиана университетінің профессоры (АҚШ), Ph.D
- Сон ЮНХУН** – Ханкук университетінің профессоры (Оңтүстік Корея), Ph.D
- Бүркітбай АЯҒАН** – ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор
- Қазбек ИСАЕВ** – ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының ғалым хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты
- Мейрам ҚАЖЫКЕН** – Қазіргі заманғы қоғамды зерттеу институтының директоры, экономика ғылымдарының докторы
- Ботагөз РАҚЫШЕВА** – «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты
- Айгүл САДУАҚАСОВА** – ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі орталықтың басшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы

## РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Ерлан КАРИН** – председатель Редакционного совета, помощник Президента Республики Казахстан, кандидат политических наук
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – шеф-редактор, руководитель Отдела социально-политических исследований Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Алмас АРЗИКУЛОВ** – редактор, ведущий научный сотрудник Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, магистр истории
- Уямо ТОМОХИКО** – профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D (Япония)
- Уильям ФИЕРМАН** – профессор университета Индиана, Ph.D (США)
- Сон ЮНХУН** – профессор Ханкукского университета, Ph.D (Южная Корея)
- Буркитбай АЯГАН** – заместитель директора института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук, профессор
- Казбек ИСАЕВ** – ученый секретарь Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, кандидат исторических наук
- Мейрам КАЖЫКЕН** – директор Института исследований современного общества, доктор экономических наук
- Ботагоз РАКИШЕВА** – директор исследовательского института «Общественное мнение», кандидат социологических наук
- Айгуль САДВОКАСОВА** – руководитель Центра по изучению межэтнических и межконфессиональных исследований в Центральноазиатском регионе при Академии государственного управления при Президенте РК, доктор социологических наук

---

## THE EDITORIAL BOARD

- Yerlan KARIN** – Chairman of Editorial Board, Aide to the President of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Political Sciences
- Alua ZHOLDYBALINA** – Chief Editor, Head of the Department of Social and Political Studies of Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan (KazISS), Ph.D
- Almas ARZIKULOV** – Editor, Leading research fellow of KazISS under President of Kazakhstan, Master of History
- Uyamo TOMOHIKO** – Slavic-Eurasian Research Center, University of Hokkaido (Japan), Ph.D, Professor
- William FIERMAN** – Department of Central Eurasian Studies, Indiana University Bloomington (USA), Ph.D Professor
- Song YONGHONG** – University of Hankuk, Ph.D (South Korea), Professor
- Burkitbai AYAGAN** – Deputy Director of Institute of History of State, Ministry of Education and Science of Kazakhstan, Doctor of History, Professor
- Kazbek ISSAYEV** – Secretary for Research and Academic Affairs of KazISS under President of Kazakhstan, Candidate of Historical Sciences
- Meiram KAZHIKEN** – Director of Institute of Contemporary Societal Studies, Doctor of Economics
- Botagoz RAKISHEVA** – Director, “Public Opinion” Research Institute, Candidate of Sociology
- Aigul SADVOKASOVA** – Head of Center of Inter-ethnic and Inter-confessional Studies in Central Asia, Academy of Public Administration under President of Kazakhstan, Doctor of Sociology

**Ғани Қарасаев**

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
Ғылым комитетінің Мемлекет тарихы институтының  
бөлім басшысы – бас ғылыми қызметкері,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор  
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ  
ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ  
«ЕУРАЗИЯ ОДАҒЫ» ТУРАЛЫ БАСТАМАСЫ  
ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ**

*Қазақстан Республикасы  
Тәуелсіздігінің 30 жылдығына*

*Аңдатпа.* Мақалада ХХ ғасырдың 90 жылдарының ортасындағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Кеңес Одағы тарағаннан кейінгі Тәуелсіздіктерін жариялаған жаңа мемлекеттердің «Еуразия Одағы» деген атау алған неғұрлым тығыз экономикалық ынтымақтастығын құру туралы бастамасының маңызына талдау берілген.

Бұл бастаманың ТМД-ға мүше мемлекеттердегі және әлемдік деңгейдегі талқылаудан өтуіне сипаттама жасалынған. Қазақстан басшысы негіздеп, ұсынған «Еразия Одағының» қажеттігі туралы әлемдік деңгейдегі мемлекет, қоғам қайраткерлері, саясаткерлер мен ғалымдардың пікірлері баяндалған. Аталған экономикалық одақтың құрылуы іске асырылған жағдайдағы оның Еуразия өңірі мемлекеттерінің арасындағы алатын орнына ғылыми негізде сараптама жасалынған.

*Түйін сөздер:* Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев, Тәуелсіз Қазақстан, Еуразия одағы, сыртқы саясат, экономикалық саясат, дипломатия, Кеден одағы, тарих

---

*Гани Карасаев*

**ИНИЦИАТИВА ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН – ЕЛБАСЫ Н.А. НАЗАРБАЕВА «ЕВРАЗИЙСКИЙ  
СОЮЗ» И ЕГО ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ**

*Аннотация.* В статье анализируется важность инициативы Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Нурсултана Назарбаева в середине 90-х годов по налаживанию более тесного экономического сотрудничества новых государств, провозгласивших свою независимость после распада Советского Союза, получившего название Евразийский Союз.

Описывается, как эта инициатива обсуждалась в странах СНГ и на мировом уровне. Изложены мнения государственных деятелей мирового уровня, общественных деятелей, политиков и ученых о необходимости «Евразийского союза», основанного и предложенного Президентом Казахстана. Проведен научный анализ ее места в Евразийском регионе в случае создания этого экономического союза.

*Ключевые слова:* Первый Президент Республики Казахстан – Елбасы Н.А. Назарбаев, Независимый Казахстан, Евразийский союз, внешняя политика, экономическая политика, дипломатия, Таможенный союз, история

---

**Gani Karasayev**

**INITIATIVE OF THE FIRST PRESIDENT OF THE REPUBLIC  
OF KAZAKHSTAN - ELBASY N. A. NAZARBAYEV “EURASIAN  
UNION” AND ITS HISTORICAL SIGNIFICANCE**

*Abstract.* The article analyzes the importance of the initiative of the First President of the Republic of Kazakhstan - Elbasy Nursultan Nazarbayev in the mid-90s to establish closer economic cooperation between new states that proclaimed their independence after the collapse of the Soviet Union, called the Eurasian Union.

It describes how this initiative was discussed in the CIS member countries and at the global level. The views of world-class statesmen, public figures, politicians and scientists on the need for a “Eurasian Union”, founded and proposed by the President of Kazakhstan, are presented.

A scientific analysis of its place in the Eurasian region in case of the creation of this economic union is carried out.



**Key words:** *First President of the Republic of Kazakhstan - Elbasy N.A. Nazarbayev, Independent Kazakhstan, Eurasian Union, Foreign Policy, Economic Policy, Diplomacy, Customs Union, History*

XX ғасырдың соңындағы Кеңес Одағының тарауы бұл үлкен мемлекеттік бірлестіктің құрамында болып келген одақтас республикалардың, олардың тұрғындарының алдына күрделі мәселелерді қойғандығы белгілі. Аталған республикалар бірінен соң бірі өздерінің егемендіктерін жариялады. Алайда ұзақ уақыт бойы казармалық социализм талаптарына сай дүниежүзілік саяси, экономикалық дамудың озық жолынан ажырап қалған олардың әлемдік саяси қауымдастық пен нарыққа жекелей енуі мүмкін болмаған еді. Мұндай жағдай Кеңес Одағы тарар алдындағы әсіресе экономикалық, әлеуметтік дамуда, тағы да басқа салалардың барлығында құлдырауға ұшыраған, осының негізінде халық тұрмысы еселеп нашарлаған жаңа мемлекеттердің алдына бұл дағдарыстан шығудың жолын қысқа мерзімде табуды басты міндет етіп қойды. Ал оның жауабы бұрынғы одақтас республикалардың жаңа экономикалық бірлестікке енуі, осы арқылы дағдарысты тоқтатып, әлемдік нарық талаптарына сай өркендеуді қамтамасыз етуі екендігі айғақтала түсті.

Міне, осындай жағдайда 1991 жылдың соңында ТМД өмірге келді. Алайда Ынтымақтастық елдерінің бірлескен қызметтері бастапқы күннен өтпелі кезең сұраныстарына жауап бере алмады. Ең бастысы, Достастық құрамындағы мемлекеттер тұрғындарының экономикалық күйзелісі одан ары тереңдей түсті. Өнеркәсіп орындары жедел қарқынмен тоқтай бастады. Мұндай кері жағдайлар халық шаруашылығының барлық салаларында орын алды. Бұлардың негізіндегі елдердегі ішкі және сыртқы демографиялық ахуал, көші-қон мәселесі күрделенді.

Осы уақыттағы ТМД мемлекеттеріндегі осындай жағдайды жіті қадағалап отырған батыс сарапшылары: «Сонымен қатар, Ресей қазіргі жағдайында оның стратегиялық мүдде аймақтарына енетін мемлекеттердің және олардың экономикасын инвестициялау мен нақты интеграциялық бастауларға негіз болатын ТМД шеңберіндегі экономикалық даму үлгісін көрсете алмауда» [1], – деп жазды.

Үздіксіз өсе түскен тоқырау ТМД елдері тұрғындарының арасындағы наразылықтар көлемін арттыра түсті. Соның ішіндегі алаңдатарлығы республикалардағы ұлт-аралық қатынас та

---

шиеленісті. Ал мұның барлығы ТМД-ның алдына үлкен мәселелер қойды, алайда, күн өткен сайын оның шешімін табу қиындыққа айналды. Ал мұның өзі достастық елдері жетекшілерінің алдына үлкен жаңа міндеттер қойды. Қалыптасып отырған ахуал оны шешуді жылдамдатуды талап етті.

Міне, осылардан барып, Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттер арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың әлемдік тәжірибесін зерттей және талдау жасай келе, дағдарыстан шығудың бірден-бір жолы – орын алған мұндай қарама-қайшылықтардың алдын алып, күн талабынан шыға алатын Жаңа Экономикалық Одақты негіздеу туралы өзінің бастамасын көтерді. Оған «Еуразия Одағы» деген атау берді.

ТМД-дағы сол мерзімдегі тереңдей түскен осындай жағдайларды саралай келе Н.Ә. Назарбаев: «ТМД-ның жекелеген басшыларының таяудағы сөздерінен кейбіреулердің Ынтымақтастыққа деген бұрынғы қалыптасқан көзқарастарын өзгерте бастағандығын, тіпті жағымсыз пікірді ұстай бастағандықтарын білдіреді. Алайда өзгерістің басты бейнесі – уақыт өтеді, ал жақсылыққа ештеңе әкелмейтін бос күтуді адамдар бізге кешірмейді. Сондықтан да әрқашан тиімді ынтымақтастық жүргізіп келген Қазақстан және қазір де одан бас тартпай отыра, бүгінгі ТМД-дағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған даму жолдарын іздестіре бастады» [2], – деген қорытынды жасады.

Сол мерзімдегі британдық ресми деректегі «Сарапшылар ТМД шеңберіндегі кездесіп отырған экономикалық мәселелер Достастыққа бірігіп отырған кейбір елдердің интеграциялық ықпалдастық шараларының тиімсіздігін атап өтеді. ... Олардың пікірі бойынша, осындай және тағы да басқа күрделі жағдайлардан шығу жолында атқарылған қадамдары арқылы ТМД өзінің дамуының сынды кезеңіне аяқ басты» [3], – деген мәлімдеме де нақты ТМД-ға мүше мемлекеттердің нақты жағдайын айқындай түсті.

Соңы терең дағдарыстарға ұласа бастаған қарама-қайшылықтардан жекелеп шығу мақсатында Бұрынғы Кеңес Одағы аймағындағы тәуелсіздігін алған мемлекеттер енді Батыс, Шығыстың дамыған елдерімен жеке қатынастар орнатуға ұмтылды. Осы тұрғыда Н.Ә. Назарбаев: «... Әлем әр алуанданған сайын бір орталыққа бағынбай, көп орталықтар пайда бола бастады. Көп орталықты дүние орнады. Бұл құбылыстарға түсу Қазақстанның сыртқы саясатын жаңа қағидаларға негіздей құру міндетін туғызып отыр. Ең алдымен кешегі кеңестік кеңістікті «югославияландыруға» дәстүрлі экономикалық

байланыстардың үзілуіне байланысты жаңа мемлекеттерді экономикалық тұрғыдан күйретуге жол бермеуге күш салуға тура келді. Бұл мәселені шешу үшін мен тек ТМД басшылығымен ғана емес, алыс шетелдер жетекшілерімен әр сипатты қатынастар орнатуға ұмтылдым. Тоқсаныншы жылдардың басында бұқаралық ақпарат құралдары шетелдермен белсенді жұмыс жасағаным үшін мені біраз сынап та көрді. «Қырғи қабақ соғыс» аяқталып, екі дүние тай-таласы тоқталар тұстағы аса қиын кезеңде Қазақстанның тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін осындай жұмыс жүргізбей болмайтын еді. Мұндай аса зор құбылыстардың шын ауқымы мен шын салдарларын бәлкім, әзір анық саралап шыға алмаспыз. Алайда, дүниенің атымен өзгеріп кеткені рас. Халықаралық қатынастың түбірімен өзгеше жүйесі қалыптасып келеді. Ол жаңа мүмкіндіктермен қоса жаңа қауіп те туғызды. Қазақстан Ауғаныстан, Тәжікстан, Кавказ сынды аса қауіпті аймақтардың қоршауында орналасқан. Бізге ТМД елдерінің басқа аймақтары да өз әсерін тигізуі ықтимал. Оның бәрі біздің реформамызға айта қаларлықтай қиындықтар келтіретіндігі белгілі» [4, 119-120 б.], – деп жазды.

Яғни, күн өткен сайын әлсірей түскен халық тұрмысы, олардың жаңа егемен мемлекеттердің жүргізіп отырған экономикалық саясаттарына қанағаттанбауларына ұласа бастады. Жекелеген кеңестік биліктен кейінгі республикалардағы осы мерзімдегі орын алған ақыры ауыр зардаптарға, қарама-қайшылықтар негізіндегі құлдыруға бөлшектенуге, кең көлемдегі азамат соғыстарына апарулары мүмкін жаппай дағдарыстың тереңдей түсуі де барша ТМД елдерін алаңдатты. Жағдайдың алдын алмағанда мұндай құбылыс арты бұл өңірдің әлемдік қуатты капиталистік мемлекеттердің шикізат өндіруге негізделген тәуелді аймақтарына өтуі қауіпін тудырап еді.

Осыған бірлесе қарсылық көрсету, дүниежүзілік нарық талаптарына сай экономиканы жолға қою, келісілген өндірісті жүргізу, тауар алмасу, тағы да басқа саяси, шаруашылықтық, әлеуметтік, қорғаныстық мәселелерді бірлесе шешу болашақ тығыз одақтың міндетіне айналуы тиіс болды.

Кері жағдайдың белең алуы ТМД шеңберіндегі елдер саясаткерлері, ғалымдар, интеллигенция өкілдерін, ел болашағына мүдделі барша тұрғындарды алаңдата бастады. Мұның алдын алу, дағдарысты өз күштерімен тоқтату жолындағы бірлескен мемлекеттік шаралар толығынан нәтижесін бермеді. Нақты ахуал аталған ынтымақтастыққа мүше мемлекеттер басшылығының одан шығудың

---

тың жолдарын іздестіруге мәжбүрледі. Британдық «Файнэншл Таймс» газеті бұл жауапты да сынды кезеңдегі Қазақстан жетекшісі Н.Ә.Назарбаевтың: «Егер де экономикалық даму болмайтын болса, біртұтас экономикалық аймақтың болуы да мүмкін емес» [5], – деген мәлімдемесін жариялай отыра, ТМД ішіндегі орын алып отырған осындай терең дағдарысқа, оның дүниежүзілік деңгейдегі мүмкін болар зардаптарына әлем жұртшылығының назарын аударды.

Осындай жағдайларға байланысты Қазақстан басшысының «1994 жылдың наурызында Мемлекеттердің Еуразиялық Одағын құру туралы Еуразиялық бастама алғаш рет тезистік негізде 1994 жылдың 22 наурызында Ұлыбританияға сапар кезінде айтылды. Қазақстан Республикасының Президенті Корольдық... халықаралық институтында сөз сөйлеп, кеңестік жүйеден кейінгі даму екі бағытта айқындалады: бірінші бағытта – ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуы, келесіде – ынтымақтасудың қажеттілігі. Сондықтан да аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамыз ету мақсатында нақты іс жүзінде жұмыс істейтін «мемлекеттердің одағын» құру қажет болды. Лондонда алғаш рет осындай мемлекетаралық бірлестіктің «Еуро-Азиялық Одағы» деген анықтамалығы ұсынылды және осылай деп аталды.

Бір аптадан кейін, 1994 жылдың 29 наурызында Ресей Федерациясына ресми сапар деңгейінде М.В.Ломоносов атындағы ММУ-де дәріс оқылып, онда Қазақстан Президенті «қазіргі тәуелсіздік жағдайында барлығының құқықтарының теңдігін тани, және әр мемлекеттің егемендігі мен тәуелсіздіктерін сиялай отыра, мүлдем жаңа бірлестікті құруға болар еді» деп көрсетті. ... Сонымен бірге «ешқандай да ескі Одақ» қалпына келтірілмейді. Ешқандай да империя пайда болмайтындығы» ескертілді [6, 15-16 б.].

Қазақстан жетекшісі жаңа экономикалық одақтың болашақтағы ТМД шеңберінен шығып, оған Еуразия аңғарында орналасқан басқа мемлекеттердің де қосылуға мүмкіндігі бар екендігіне назар аударды. Одақтың әрбір мүшесінің міндеттерін көрсете келе, ондағы Қазақстанның алар орнына тоқтады. «Қазақстан маңызды геосаясаттық жағдайға ие. Азия мен Еуропаның, – деп көрсетті ол, – арасындағы көпір ретінде республика екі құрлықтың халықтарын жақындастыруға барлығын жасауға ұмтылады. Бұл мәселені шешуге жағдайдың барлығы бар.

Қазақстан сонымен бірге Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын нығайтуға да ұмтылады. Мен бұрынғы Кеңес Одағы аталған кеңістіктегі экономикалық байланыстар мен рухани бағалықты,

аймақтағы барлық стратегиялық мақсаттарды сақтауға барлық мүмкіндіктерді пайдаланып келемін.

Азиялық аймақтағы біздің саясатымызға келетін болсақ, біз экономикалық ынтымақтастыққа, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға, ал соңғы қорытындысында Азия құрлығындағы қауіпті аймақтардағы ұлттық қақтығыстарды шешуге баса назар аударамыз. Жылдам дамушы халықтары алаңдаушылық білдіріп отырған тағы да басқа ауқымды мәселелерді шешуден тыс қала алмаймыз. Бұл жаңа экономикалық дамуды қалыптастыру, халық шаруашылығын интеграциялау, ғылымды дамыту мәселесі, атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану» [7].

Елбасының бұл тың ұсынысы туралы ресейлік мұрағат құжаттарында «Биылғы жылдың 27-30 наурызында Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Мәскеуге ресми сапары болды. Кездесулердің қорытындысы бойынша 23 келісім жасалды. Президенттер арасында әскери саладағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды, «Байқоңыр» космодромындағы нысандарды пайдалану және жалға алудың шарттарына арналған келісім, экономикалық ынтымақтастықты одан ары тереңдету туралы келісім, Ресей мен Қазақстан азаматтарының азаматтығы және құқықтық статустарына байланысты негізгі талаптарды шешуге арналған меморандумға қол қойды...

Ресей Федерациясы Президентімен, сонымен бірге ММУ-де сөйлеген сөзінде Қазақстан Президенті ТМД-ның орнына бұрынғы кеңестік республикаларды біріктіретін «Еуразиялық Одақ» (ЕАО) құру туралы ұсыныс жасады.

Н.Ә. Назарбаев қызмет істеп тұрған ТМД-ны нақты Достастық деп атау қиын, оның жекелеген мүшелері бір-бірімен ашық соғыс жағдайында, келесілері өзара жасырын экономикалық соғыс жүргізіп келеді. Көптеген негізгі шешімдер ТМД-ның мемлекет және үкімет басшылары тарапынан орындалмайды.

... ТМД елдері басшыларының қолында бүгінгі күні Достастық шеңберіндегі бірлескен әрекет жасаудың тетігі жоқ. Ортақ мәселелерді шешудегі ортақ қадамдарды негіздеудің қажеттігі туып келеді» [8] – деген мәліметтер келтіріліп, Қазақстан Президентінің бастамалары жарияланған. Қазақстан Республикасының Президентінің жетекшілігімен дайындалған «Мемлекеттердің Еуразиялық Одағын құру» жобасы 1994 жылдың 3 маусымында ТМД-ға қатысушы мемлекеттер жетекшілеріне жіберілді, 6 маусымда қазақстандық, ал 8 маусымда ресейлік басылымдарда жарияланды.

---

Н.Ә.Назарбаев «Жаңа ынтымақтастық бірлестікке»: ЕАО – әрбір мемлекет-қатысушының ұлттық-мемлекеттік мүдделерін және де бірлескен интеграциялық қуаттарын іске асыруға арналған одақ. ЕАО егемен мемлекеттердің ынтымақтастығының түрі» деген анықтама берді [6,17].

Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы елшісі В.И.Долгов өзінің 1994 жылдың 14 қазанындағы Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевпен өткізген кездесуінде Еуразия Одағы мәселесі көтерілгенін айта келе: «Н.Назарбаев өзінің Еуразия Одағын (ЕАО) құру туралы белгілі бастамасын көтерді. Президенттің сөзі бойынша ол Ресейдің қолдауын есепке алады және де «ТМД елдерінің бір бөлегінің Одаққа бірден кірмейтіндігінен ешқандай қорқыныш жоқ, алайда экономикалық ынтымақтастықсыз ұзаққа кете алмайды».

Президент өзінің ЕАО құру туралы бастамасынан қайтпайтындығын, себебі оның іске асуының қажеттігіне сенетіндігі туралы мәлімдеме жасады.

Президент Н.Ә.Назарбаев ТМД-ның Мәскеу саммиті қорытындыларына өзінің үлкен қанағаттанушылығын білдірді, мемлекеттер аралық экономикалық комитетті (МЭК) құру туралы шешім Ынтымақтастықтағы интеграциялық құбылыстарды дамытудағы алғашқы нақты қадам екендігін атап көрсетті. Оның өзінің Еуразиялық Одақ құру жолындағы бастамасымен үндес екендігін көрсетті» [9], – деп жазды.

Осы жылдың аяғынан Н.Назарбаевтың жаңа ұсынысы ТМД мемлекеттері, тағы да басқа шетелдік қоғамдық ұйымдарында, ақпараттық ортада талқылана бастады. Осындай талқылаудың алғашқысында: «1994 жылдың 28 желтоқсанында Мәскеу қаласында Беларусь, Қазақстан, Ресей, Украина және тағы да басқа мемлекеттер азаматтарының бұрынғы кеңес республикалары арасындағы ынтымақтастықтың жаңа жолдарын іздестіру жолдарына арналған» Четыре плюс все» деген атумен Халықаралық конгресс өткізілді. ...Ондағы өндірісті ұйымдастырушылар және кәсіпкерлер Одағы халықаралық конгрессінің Төраға-ұйымдастырушысы А.Вольский негізгі баяндама жасап, Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Еуразия Одағын негіздеу туралы жобасы кеңестік дәуірден кейінгі мемлекеттердің неғұрлым тығыз интеграциялық қатынастарға түсуінің неғұрлым тиімді түрі болып табылады деп көрсетті. Көптеген сөйлеушілер экономикалық мүдделілік өзінен-өзі жаңа интеграциялық процесстерге апарады. ТМД мемлекеттері азамат-

тық, қоғамдық, саяси күштерінің үміттері ақталмады, олар жекеленген саясаттың зияндылығын барынша анық сезіне бастады. Осы жылдар мерзімінде басылмай келе жатқан интеграциялық ұсыныстар жекелеген фанаттардың инерциялық ойларының нәтижесі емес, керісінше халықтардың жаппай танымы болып табылады. Бұған ЕАО туралы жобаның кеңестік жүйеден кейінгі аймақта барынша қолдау табуы дәлел бола алады» [10], – деп жазылды.

Алайда бұл ұсыныс ТМД елдерінің барлығында бірден қолдау таба қоймады. Әсіресе Ресей Федерациясы тарапынан оның іске асуына асықпау туралы ойлар айтыла бастады. Мысалы Ресей Президентінің Б.Ельциннің Н.Ә.Назарбаевқа жазған хатында: «Сіздің Еуразия Одағын құру мәселесіне арналған ұсыныстарыңызбен қызығушылықпен танысып шықтым.

Мемлекеттердің егемендігін сақтай отыра және толық еріктілік негізінде бірігуге бару қажеттігіне келісемін. Бұл уақыттың өзінің талабы. Интеграция терең жүргізілуі тұрғысындағы бағыт алуы және барлық салаларды: экономиканы, саясатты, ғылымды, әскери істі, экологияны, әлеуметтік салаларды қамтуы керек. Мүмкін ұлттардан жоғары тұратын басқару жүйесін де енгізу де қажет болар.

Осы бағытта ең маңыздысы: қалыптасқан қиындықтар мен мәселелерге қарамастан Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығы барлығымызға жаман емес қызметтер атқарды. Жаңаны құруға әрекет жасай отыра қол жеткізгендерді жоққа шығаруға болмайды деп есептеймін.

Келесілерді ашық айта аламын: маған басшылары тығыз ынтымақтастыққа дайын емес дейтін және де өзара шиеленістік қатынастағы елдерді ЕАО-нан тысқары ету туралы идея ұнамайды. Мұндай шешім олардың арасындағы қалыптасып отырған жағдайды шеше алар ма екен. Біз сізбен бірге олардан оқшаулана алмаймыз – тарихи тағдырларымыздың ортақтығы біздің халықтарды өзара байланыстырған.

Яғни, Достастық елдері жетекшілерінің алдағы қыркүйектегі кезекті кездесуінде барлығымыз бірлесе отыра интеграциялық істерді алға қарай жылжыту мәселесін аса терең тұрғыда қарастыру керек деп есептеймін» [11] – деген пікірін білдірген. Еуразия Одағының болашағына деген осындай ойлар сол мерзімдегі Ресейдің тағы басқа мемлекет және қоғам қайраткерлері тарапынан да орын алды. Мысалы 1994 жылғы Ресей қорғаныс министрі П.Грачевтың: «Қазіргі күнгі интеграциялық бірлестік, өзінің мүмкіншілігін толық атқарып болмаған Достастықтың болуын ескере отыра болашақтағы



---

оған балама ТМД елдері мәселелерінің бір бөлегін ғана шешетін Еуразиялық Одақты негіздеу, біздің пікіріміз бойынша әлі ерте сияқты» [12] – деген бір жақты қорытынды дәлел болатын сияқты.

Ал, сол мерзімдегі Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының орынбасары А.Шохин өзінің Б.Ельцинге жазған ресми хабарламасында: «Соңғы уақыттарда Қазақстан Президенті Н.Назарбаев өзінің пікірі бойынша ТМД-ғы интеграциялық құбылыстарды күшейтуге бағытталған бірқатар ұсыныстарын баяндады. Сәуір айында ол Еуразия Одағын құру туралы ұсыныс жасады. Шілде айында Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан Президенттерінің Алматыдағы бас қосуында Орталық Азиялық Одағын құру туралы шешім қабылданды. Тамыз айында Қазақстан Президенті мемлекеттер басшыларының кеңесінде Достастық ішінде және одан тыс жағдайындағы жаңа интеграциялық мәселелер қоятындығы туралы мәлімдеме жасады» [13], – деген деректер келтірді.

Қысқа мерзім ішінде Еуразия Одағы туралы бастаманы талқылау ТМД елдері саяси орындарымен қатар, қоғамдық ұйымдарда, ғылыми орталар мен бұқаралық ақпаратта орын ала бастады. Алғашқылардың қатарында 1994 жылдың қыркүйек айында Алматыда: «Евразия кеңістігі: ықпалдастық мүмкіндіктері және олардың жүзеге асуы» деген тақырыпта ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Оған Достастық елдерінің барлығынан мемлекет, қоғам, саяси қайраткерлері, ғалымдар, бұқаралық ақпарат өкілдері қатысты. Конференцияға қатысушылар өздері қабылдаған қорытынды құжатта: «Мемлекеттердің Евразия Одағы» идеясын және басқа ықпалдастық жобаларын пайдалана отыра, ТМД-ға ықпалдастық мүмкіндіктерін бекіте түсу жолында қадамдар жасауды ұсынды. Демократиялық реформалардың халықаралық қозғалысы ТМД мемлекеттері басшыларының Мәскеудегі кездесуіне «Евразия Одағы болуы керек» деген үндеу жолдады. Онда тәуелсіз мемлекеттердегі алпыстан астам ұжымдық қатысушылары атынан Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың бастамасын қолдау қажеттігі айтылды: «Бүгін ТМД-ның бұл қалпында өмір сүре алмайтындығы анықталып отыр. Ынтымақтастықтың жаңа түрлері, экономикалық, қорғаныстық, дипломатиялық, экологиялық жаңа шарттар жасасуы қажет. Олардың қызметін жүргізетін бірлескен ұйымдар құру керек. Ол ғасырлар бойы қоян-қолтық өмір сүріп, бір-біріне қолдау көрсетіп келе жатқан халықтарға қажет». Демократиялық реформалардың халықаралық қозғалысының бастамасымен ұйымдасқан «Жаңа



келісімге» атты форум Евразия Одағын құруды толығымен қолдады. 1994 жылғы 18 маусымда өткен «Евразия қауымдастығы: әр алуандықтан туындайтын тұтастық» атты конференцияға бұрынғы кеңестік кеңістіктегі 30 партия мен 60 қоғамдық қозғалыстың өкілдері қатысты. Олар халықтарға, парламентшілерге, мемлекет басшыларына үндеу қабылдап: «Біз Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев жасақтаған Евразия Одағы жобасын қолдаймыз және мемлекет басшыларын оған өз халықтары мүддесі тұрғысынан қарауға шақырамыз» [4, 125-127 б.], – деген мәлімдеме қабылдады.

Н.Ә.Назарбаев қол қойған Еуразия Одағының Бағдарламасында: «ЕАО жобасын іс жүзіне асырудың кезеңдерінің бірі – Орталық Азия Одағын қалыптастыру мен оны дамыту болып табылады. Мысалы, азаматтық мәселесін ешқандай тоқтаусыз шешуді, жылжымайтын мүлікті сатып, оны келесі мемлекет территориясынан алу мәселесін іске асыруға арналған келісімдер жасалып, бұлар адамдардың мекендерін ауыстырған кезеңдегі психологиялық бөгеттерді жеңулеріне жағдай жасайды. Әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық мәселелері шешілуде. Әсіресе Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстан арасында қабылданған құжаттар ТМД талаптары негізінде қалыптасқан, оның қызметіне қайшы келмейтіндігін атап айтқым келеді. Сондықтан да басқа мемлекеттерге де есік ашық. Яғни, аймақтық ынтымақтастық ТМД-ны нығайтудың және де ынтымақтастықты одан ары дамытудың тағы да бір нақты белгісі болып табылады» [4, 129-130 б.], – делініп, Еуразия Одағының тарапынан атқарылатын маңызды міндеттер сараланды.

Аталған Еуразия Одағының құрылуы, оның қажеттігі туралы баяндай келе Н.Ә.Назарбаев: «Көптеген болмай қоймайтын қиындықтарға қарамастан біз өзіміздің қозғалысымызда айтулы алға басушылыққа жетістік, әсіресе өткен жыл ауқымды интеграциялық қуаттылықтармен ерекшеленді. Бұл нақты көрінісі іс жүзіне асырылған экономикалық одақ құруға әкелген экономикалық ынтымақтастық құрумен айғақталды, Мемлекеттер аралық экономикалық комитет, Мемлекеттер аралық экономикалық сот жұмыстарына кірісті. Ынтымақтастықтың тағы да басқа институттары да қалыптасып, жұмыс істей бастады. Белсенді интеграциялық, солардың қатарындағы Ресей–Беларусь–Қазақстан арасындағы өзара байланыс аймақтары пайда болғандығын айтуға болады. Бұл құбылыстар оның алдында Өзбекстан, Қазақстан және Қырғызстан арасындағы орталықазиялық аймақта белсенді

---

бастау алды. Өткен жылдың соңынан-ақ екі жақты келісім негізінде Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынасты дамытуға арналған маңызды шешімдер қабылданды. Біз азаматтық және әскери ынтымақтастық, кедендік кеңістік, және басқа келелі саяси экономикалық мәселелерді шешудің жолдарын айқындадық. Біздерге осындай істер, соның ішінде азаматтық бұл істерді ТМД шеңберіндегі екі жақты және көпжақты тұрғыда шешудің жолы ретінде қарауға болатын сияқты» [14], – деген дәлелдер келтірді.

ТМД-мен салыстырғанда неғұрлым атқарар міндеттері айқындалған Жаңа Экономикалық Одақ туралы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тәуелсіздік дәуірі» атты кітабында: «Мен ортақ экономикалық кеңістік құруды және бірлескен қорғаныс саясатын қамтамасыз етуді қашанда жаңа бірлестіктің шешуші міндеттері деп есептедім. Сондай-ақ, жаңа одаққа енетін барлық елдердің тәуелсіздігі мен ішкі мемлекеттік саяси құрылымы бір-бірінің ішкі шаруасына араласпау принципіне негізделген.

1994 жылдың қазанындағы түркітілдес мемлекеттер басшыларының Ыстанбұл саммитіндегі менің сөзім дәл осы мәселеге арналды. Мен онда шығыс Еуропадан Қытайға дейінгі аймақтағы әртүрлі елдер қатыса алуы үшін, одақтың форматын өзгертуді ұсындым.

1994 жылдың 13 сәуірінде, мен Шолпан-Атада еуразиялық бастамамен сөз сөйлегеннен кейін бір айдан соң Өзбекстан және Қырғызстан жетекшілерімен бірге Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қол қойдық. Осылайша, болашақтағы ортаазиялық экономикалық ынтымақтастық құқықтық негізге ие болды. 1995 жылдың қаңтарында Қазақстан, Ресей мен Беларусь Кеден Одағын құру туралы келісімге қол қойды және ынтымақтастықты одан ары тереңдету бағдарламасын қабылдады» [15], – деп жазды.

Қазіргі көптеген мемлекеттер мен халықтардың ғасырлар бойғы өмір сүру мекеніне айналған Еуразия өңірінің тарихына шолу жасайтын болсақ, «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бастаушысы болып отырған Еуразия Одағы ынтымақтастығы жайдан-жай көтеріле салған мәселе емес. Еуразия аймағы халықтарының тарихы өз кезіндегі бірлестіктердің, қауымдастықтардың мысалына бай. Атап айтқанда, осы аталған өңір халықтарының өзара тығыз экономикалық, саяси, тіпті соғыс одақтары ерте заманнан бері қалыптасып, өз уақытында аймақ халықтарының дамуына игі ықпал еткен. Егерде тарихи мәліметтерге

жүгінетін болсақ, бұл өңірде Кеңес Одағының негізін құраған славян және түркі халықтарының ортақ ата-бабалары мекендеп, өмір сүрген. Олар өзара одақтас, тарихи тамырлас мемлекеттер бірлестігін құрған. Аталған бірлестіктер үнемі де тарих сынынан ойдағыдай өтіп отырған. Яғни ХХІ ғасырдағы осындай одақтың қажеттігі Елбасының тереңінен саралап, талдау жасауынан туған бастама екендігі белгілі.

Ата-бабалары өзара тығыз қарым-қатынас орната отыра шаруашылықтық мәселелерді шешкен, сауда байланыстарын орнатқан, мәдени, тілдік араласуды іске асырған, сыртқы жауға қарсы соғыс одақтарын құрған, нәтижесінде қиындықтардан аса білгендігі де осындай ынтымақтастықтың әсерінен болғандығы белгілі. Яғни, өзара қимыл, бір-бірлеріне жәрдемдесу олардың уақыт сынынан ойдағыдай өтіп, одан ары дамуларына тікелей жағдай жасаған.

«Яғни, қазіргі кеңестік жүйеден кейінгі республикалардың, соның ішінде Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан территориясында негізделген Еуразия халықтарының қалыптасуы, даму тарихы, саяси құрылысы, олардың осы аймақтағы алатын орны, маңызы қазіргі ХХІ ғасыр заманында қандай келелі болып отырса, ол сонау ерте уақытта да сол өңірдегі дамуда маңызды роль атқарғандығы нақты мәліметтермен дәлелденген» [4, 130 б.].

Өткен тарихтың өзі Еуразия аймағы мемлекеттері мен халықтарының қазіргі әлемдік жаһандану жағдайында алға қойылатын ғаламдық міндеттерді бірлесе тығыз ынтымақтастықта шешудің қажеттігін көрсеткендей еді. Осындай жаңа талаптар «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Еуразия Одағын құру туралы ұсынысы әлемдік мемлекет басшылары, қоғамдық қайраткерлері, халықаралық саяси, қоғамдық ұйымдары жетекшілері арасында қолдау тапты. Баспасөз беттерінде қызу пікір-таластарын тудырды. Осының өзі-ақ бұл бастаманың келелілігін, маңызын айқындап берді. Мысалы «Еуразиялық ілімі соңғы жүз жылдан артық уақыт бойы пайда болды, бәсеңсіді және қайтадан бірнеше рет көтерілді. Алғашында ол ХІХ ғасырдың 70 жылдарында пайда болды (Данилевский, т.б.), одан кейін ХХ ғасырдың 20-30 жылдары (Еуразия ілімін жақтаушылар - ... орыс эмигранттары болды) және соңында ХХ ғасырдың ақыр соңында – Н.Ә. Назарбаев, т.б. интеллектуалдар» – деп көрсетті бұл туралы И.Б.Орлова.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Еуразия Одағын құру жолындағы бастамасы туралы белгілі ресейлік қоғам қайраткері З.Станкевич былай деп жазды:

---

«... біріншіден, Қазақстанның Президенті бүгінгі күні бұрынғы КСРО халықтарының өркениетті (күшпен емес) түрдегі қайтадан қосылуының бастаушысы, саяси тұлғасы болып табылады. Атап айтқанда, оның Беловежск келісімін жасаушылардан ерекшелігі, ол үлкен мемлекетті бөлушілердің қара тізімінде жоқ. Әрине, қайта құру кезеңінің кез-келген көрнекті қайраткері сияқты Н.Назарбаевқа да одақтық мемлекеттің тағдырына байланысты тарихи жауапкершілік жүктеледі. Шындығында да, мәселе КСРО-ны қайтадан құруда емес болатын, керісінше, өзара теңдік, егемендік және территорияның тұтастығы, шекараларға қол сұғылмауы негізіндегі бірлесу еді. 1994 жылдың наурыз айында Нұрсұлтан Назарбаевтың Еуразия Одағын құру ұсынысын қолдайтындығы туралы Ресей Федерациясы Кеңесінің төрағасы Владимир Шумейко мәлімдеді. Ол «Еуразия Одағы КСРО-ны қайтадан қалпына келтіру емес, жаңа тұрғыдағы одақты негіздеу болып табылады», – деп көрсетті. Мәселе Одақтың Еуразиялық немесе Азияеуропалық болып аталуында емес», – деп жазды ол. ... Оның пікірі бойынша, жаңа қауымдастықты негіздеу мүлдем басқаша тұрғыда емес, керісінше, ТМД-ның қызмет етіп тұрған құрылымдары, атап айтқанда: мемлекет басшыларының, үкімет жетекшілерінің кеңесі және парламент аралық Ассамблея негізінде құрылуы тиіс.

Оның тұжырым жасауынша, біртіндеп қоғамды басқаратын ұлттық құрылымдардан жоғары тұратын институттар негізделуі керек. «Бұл ұсыныстарды қоғамда насихаттайтын уақыт жетті, – дей келе В.Шумейко, – біртұтас қарулы күштер, біртұтас ақша жүйесін негіздеу, нәтижесінде шекараның қажет болмайтындығы анықталады», – деген тұжырым жасады.

1994 жылдың наурыз айында Демократиялық реформалардың халықаралық қозғалысының Атқару Комитеті Қазақстанның Президенті Н.Назарбаевтың Еуразиялық Одақ құру туралы бастамасын қолдайтындықтарын білдірді. «Еуразиялық ықпалдас-тық хартиясы мақұлдаған және көптеген тәуелсіз мемлекеттердің партиялары және қоғамдық ұйымдары қолдаған бұл бастама біздің қоғамымыздың бағытымен сай келетіндігін айта кетуге болады», – деп көрсетілді ДРХК (МДДР) мәлімдемесінде.

Қозғалыстың атқару комитеті Еуразиялық Одақтың іске асуының жолы екі немесе бірнеше мемлекеттер арасындағы біртұтас парламентті сайлау, экономикалық, қорғаныстық, дипломатиялық экологиялық келісімдер жасау, олардың қызметіндегі бірлескен құрылымдар негіздеуде болып табылады деп көрсетті.

1994 жылдың наурыз айында РФ Президентінің баспасөз хатшысы В.Костиков Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Мәскеуге жасаған сапарының соңында жасаған Еуразия Одағын құру туралы бастамасы маңызды мәселеге айналып отыр деп атады.

... Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Қырғызстанға барған сапарындағы Еуразиялық Одақ құру туралы ұсынысы түсіністікпен қарсы алынды. Осы тұрғыдағы «Еуразия Одағын іске асырудың басты талаптары мен институттарын айқындайтын бастамалар мен ұсыныстар жаңа мемлекетаралық құрылымды іске асыруға мүдделі ТМД мемлекеттерінің жан-жақты ынтымақтасуының одан ары қалыптасуы мен тереңдей түсуіне қызмет етеді», – деп көрсетті 1994 жылдың сәуір айында Қырғыз Республикасының (бұрынғы, – Ғ.М.) Президенті А.Ақаев.

Эстония Президенті Леннарт Мери 1994 жылғы маусымдағы Қазақстанға келген сапарында Н.Назарбаевтың Еуразия Одағын құру туралы бастамасы өзіне ұнайтындығын, себебі ол демократия талаптары тұрғысында негізделетіндігін, оның едәуір мерзімнен бергі жұмыс істеп тұрған Еуропалық Одақтың қызметіне сай келетіндігін жариялады

Францияның бұрынғы Премьер-министрі Эдит Крессон Президент Назарбаев ұсынған мемлекеттердің Еуразия Одағын құру бастамасына үлкен қызығушылық танытты. Өзіне Қазақстан жетекшісінің бастамасының жаңашылдығы өте ұнайтындығын мәлімдеді.

1994 жылдың маусымында Мәскеудің және Бүкіл Ресейдің патриархы Алексей II қазақ жетекшісінің біріктіру бастамасына, атап айтқанда Еуразия Одағын құру ұсынысына оңды баға берді» [4, 131-132;133;135-136 б.].

Осы мазмұндағы Ресей ресми орындарының мәліметі бойынша: «Әр түрлі объективтік жағдайларға сай Кеден Одағын негіздеу ТМД-ғы өзінің саяси және экономикалық дамуында неғұрлым дайындықпен келген елдер Ресей, Белоруссия және Қазақстан арасында басталды.

1995 жылдың қаңтар айында үшжақты Кеден Одағын құру туралы құжаттар тобына қол қойылды, осы арқылы Достастықтың бірыңғай экономикалық ықпалдастықтың өзегі қалыптасты.

... Негізінен алғанда Ресей, Белоруссия және Қазақстан мемлекеттері арасындағы белгіленген Кеден Одағын құрудың бірінші кезеңінің міндеттерін орындауға арналған жұмыстары аяқталды – бірлескен саудадағы тарифтік және сандық шектеулер

---

күшін жойды, үшінші елдерге қатысты бірыңғай сауда ережесі белгіленді, Сыртқы экономикалық қызметтегі кең ауқымды қамтитын заңнамалықты жақындастыру мен ыңғайлаудағы ауқымды жұмыстар жалғастырылды. 1995 жылдың екінші жартысынан елдер мүмкіндігінше сенімді бірлескен сыртқы бақылауды қамтамасыз ете отыра ішкі шекарадағы кедендік бақылауды алып тастау арқылы Кедендік Одақты негіздеудің екінші кезеңін іске асыруды бастады» [16]

ТМД шеңберіндегі елдермен қатар «Н.Назарбаевтың ұсынысын Қазақстан халқы да бірауыздан қолдады. 1994 жылдың сәуір айындағы Алматылық Гиллер Институты жүргізген пікір алмасуы дәлелдегеніндей, Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Еуразия Одағын құру бастамасының іске асуына қазақстандықтардың басым көпшілігінің тілектес екендігі айқындалды.

Анықтамалар көрсетіп отырғанындай, Еуразия Одағын пікір білдіруге қатысқандардың 77,6% жақтаған, олардың 70,7% қазақтар және 29,9% басқа ұлт өкілдері болған. Ортақ шекараның толық қажеттілігін сақтау туралы пікірді осы сұранысқа қатысушылардың 89,7%, біртұтас экономикалық бағытты 84,2, бірыңғай сыртқы саясатты – 77,1 және біртұтас армияны негіздеуді 75,9% жақтаған.

1994 жылдың қараша айындағы Қазақстан Президентінің ЕАО туралы бастамасына пікір білдіруге қатысқандардың тек 9,1% ғана Еуразия Одағының құрылуына қарсылық білдірген. Қазақстан тұрғындарының басым көпшілігі ТМД көлеміндегі ынтымақтастық құбылыстарды кең көлемде тереңдету мен одан ары дамытуды жақтайды.

Пікір білдіруге қатысқан 1200 қазақстандықтардың жартысына жуығы Ынтымақтастың болашағына сенетіндіктерін білдіріп, оның өздерінің материалдық жағдайларының түбірлі тұрғыда жақсаруымен байланыстырады.

Алайда жалпы алғанда, ТМД мемлекеттері арасындағы бірлескен ортақ түсіністіктің қалыптаспауынан бұл жаңа экономикалық одақтың өз кезінде іске асуына мүмкіндік болмады. Бірақ та осы одақ жобасының негізі Қазақстан, Ресей, Белорусия Қырғызстан арасындағы одан кейінгі жасалған кеден одағы шарттарында көрініс тауып отырғандығы белгілі» [4, 138-139 б.].

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында ұсынған сол мерзімдегі ТМД елдерінің шеңберіндегі Еуразиялық Одақ құру туралы бастамасының келелілігі мен қажеттігі

үнемі айқындалып келеді. Оған қазіргі, ХХІ ғасырдың екінші онжылдығы көлеміндегі ТМД мемлекеттерінің тиімділігін дәлелдеген көптеген бірлескен экономикалық шаралары осылармен қатар, Кеден Одағына мүше мемлекеттердің қызметі дәлел бола алады. ТМД-дағы қазіргі күнгі орын алып отырған күрделі саяси, экономикалық қарама-қайшылықтардың шешілмеуі де олардың арасындағы осындай жағдайдан шыға алатын неғұрлым тығыз бірлестіктерге бірігуін қажет етіп отырғандығы айғақ. Ал мұның өзі Достастық елдерінің әлемдік және құрлықтық дәрежелердегі дағдарыстарға, т.б. өзгерістерге ынтымақтаса жауап беру мақсатындағы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Еуразия Одағын құру туралы бастамасының өміршендігін дәлелдей түсуде. Еуразия Одағына жүктелер міндеттер туралы Қазақстан жетекшісі бұл жобаның талқыланып жатқан уақытында-ақ: «Мәселе интеграцияның жаңа, сапалық деңгейінде ғана болып отыр. Біз экономика, гуманитарлық бағыттардағы интеграцияны тереңдетудің механизмдерінің негізін жасадық, жаңа, және менің ұсынысым бойынша интеграцияның неғұрлым тиімді ережелері мен органдарын құрастырдық. Істің мәні осында. Алайда интеграция көптеген, тіпті ондаған жылдар көлемінде іске асырылатын әрбір күндік еңбек. Ал, оның нәтижесі адамдар үшін бірден ертең күні пайда болмайды. Мұндай ойластырылған және келісілген мысалды бізге Еуропа береді.

Осылардан барып, интеграциялық құжаттарға қол қою бізге ешқандай қанағаттанушылық әкелмеуі керек. Әрине, бастамасы бар, алайда ең бастысы және маңызды жұмыстар алдында» [17], – деген еді.

Міне сондықтан да, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Еуразия Одағын құру туралы бастамасы іске асқанда:

- ▶ Кенес Одағы тарағаннан кейінгі оған мүше болған республикалар арасындағы теңдік жағдайындағы бүкпесіз тығыз экономикалық, әлеуметтік, мәдени, тағы да басқа бағыттардағы ынтымақтастық орнатар еді;
- ▶ Осы арқылы өзара серіктестік, келісілген экономикалық саясат негізінде олардың әлемдік нарық қатынасына бірлесе, бір мезгілде өтулеріне мүмкіндік жасалар еді;
- ▶ Мүше мемлекеттер арасындағы демографиялық, көші-қон мәселелерін шешудегі ортақ іс қимылдар жүзеге асырылар еді;
- ▶ Қазіргі ТМД аймағындағы орын алып отырған, соңы қарулы қақтығыстарға дейін жалғастырылып келе жатқан



---

шиеленістердің алдын алуға, оның себептерін айқындап, бейбіт келісімдер негізінде шешуге, тіпті оларды болдырмауға жағдай жасалар еді;

- ▶ Ерекше тоқталар келесі маңыздысы, Н.Ә.Назарбаев ұсынған Еуразия Одағының жұмыс жоспарларының іске асуы, осының негізіндегі оған мүше мемлекеттердің экономикалық дамуы қамтамасыз етіле отыра, бұл ұйымға Кеңес Одағы құрамында болып келген басқа да республикалардың және Шығыс Еуропа, Азиялық дамушы мемлекеттердің қосылу мүмкіндігі мен ұмтылысы туар еді.

Бұл айтылғандарға Н.Ә.Назарбаевтың Еуразия Одағы туралы бастамасының өміршеңдігі одан кейінгі уақытта оның тікелей жетекшілігімен құрылған Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Кеден Одағының бүгінгі қызметтері барынша дәлелдеп отырғандығы белгілі.

Яғни, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың осыдан ширек ғасырдан астам уақыт бұрын ұсынған, оның дұрыстығы мен қажеттігі дәлелденген «Еуразия Одағы» туралы бастамасының тарихи маңыздылығы күн өткен сайын артып келе жатқандығы белгілі.

---

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Архив Президента РК, Фонд 75-Н, опись 1, дело 3038, л.66
2. Архив Президента РК, 5-Н, тіркеме 1, іс 287, л.7
3. Архив Президента РК, Фонд 75-Н, опись 1, дело 3038, л.68
4. Ғ.М. Қарасаев, С.Ж. Дүйсен, Ж.Н. Қалиев Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев және Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаты (1991-2013 жж.) – Астана «Бика»БПК, 2018. – 406 б.
5. Архив Президента РК, Фонд 75-Н, опись 1, дело 3038, л.66
6. Внешнеполитические инициативы Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева. Историко- документальное исследование / Г.Нурымбетова, Р.Кудайбергенов. Выступительные статьи: Селиверстов С.В. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2010. – 384 с+8 вкл.
7. Архив Президента РК, Фонд 5-Н, опись 1, дело 224, лл.3-4
8. Архив ВП РФ, Фонд 897, опись 1, папка 1, дело 8, лл.20-21
9. Архив ВП РФ, Фонд 897, опись 1, папка 1, дело 5, л.46
10. Архив Президента РК, Фонд 75-Н, опись 1, дело 848, лл.16,17,18
11. Архив ВП РФ, Фонд 897, опись 1, папка 1, дело 7, лл.2-3
12. Архив ВП РФ, Фонд 897, опись 1, папка 1, дело 7, л. 82
13. Архив ВП РФ, Фонд 897, опись 1, папка 1, дело 7, л. 10
14. Архив Президента РК, Фонд 5-Н, опись 1, дело 4798, л.1
15. Н.Ә.Назарбаев. Тәуелсіздік дәуірі.-Астана, 2017.104-105 бб.
16. Архив ВП РФ, Фонд 897, опись 3, папка 8, дело 7, лл.73-74
17. Архив Президента РК, Фонд 5-Н, опись 1, дело 5885, л.10



**Мадина Бектенова**

*Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы  
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының  
жетекші ғылыми қызметкері, PhD  
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)*

## **ЖАҢҒЫРУ ҮДЕРІСТЕРІ АЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аңдатпа.** Қазіргі заман ұлттық мәдениеттерде болып жатқан үдерістердің динамикасын, өршуін, бірігуін, алуан түрлілігін көрсетеді. Мәдениетаралық және өркениеттік өзара әрекеттесу процестері ұлттық мәдениеттер мен ұлттық бірегейлікті сақтау проблемасымен байланысты. Қазіргі заманның жаһандану процестері жаңа міндеттерді айқындады: ұлттық мәдени егемендікті сақтаудың, әмбебаптылық-индивидуализм жағдайында теңгерімді ұстанудың, діни факторды сақтаудың және т.б. тетіктерін іздеу. Мақалада ұлттық бірегейлікті сақтау және ұлттың жаңа болмысын қалыптастырудың ыңғайлары мен тұрғылары қарастырылады. Ұлттық мәдениеттер мен дәстүрлерді бірдей етіп жіберетін жаһанданудың кеңінен таралуына қарамастан, қазіргі заманғы үрдіс - ұлттық мәдени дәстүрлердің және сананы жаңғырту модельдерінің үйлесе дамуы.

**Түйін сөздер:** *Ұлттық мәдениет, дәстүр, ұлттық бірегейлік, жаңғыру, жаһандану үрдістері, қоғамдық сана.*

**Мадина Бектенова**

## **ВОПРОСЫ СОХРАНЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ И КУЛЬТУРНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ В КОНТЕКСТЕ МОДЕРНИЗАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ**

**Аннотация.** Современность показывает динамичность, обострение, унификацию, многообразность процессов, происходящих в национальных культурах. Процессы межкультурного взаимодействия, цивилизационного связаны с проблемой сохранения национальных культур и национальной идентичности.

---

Глобализационные процессы современности определили новые задачи: поиск механизмов сохранения национального культурного суверенитета, балансирования в контексте универсализма-индивидуализма, сохранения религиозного фактора и др. В статье рассматриваются подходы и аспекты сохранения национальной идентичности и роста качества нации. Несмотря на экспансию глобализации, которая унифицирует национальные культуры и традиции, трендом современности является гармоничное функционирование национальных культурных традиций и моделей модернизации сознания.

***Ключевые слова:** национальная культура, традиция, национальная идентичность, модернизация, глобализационные процессы, общественное сознание.*

---

**Madina Bektenova**

## **ISSUES OF PRESERVATION OF NATIONAL AND CULTURAL IDENTITY IN THE CONTEXT OF MODERNIZATION PROCESSES**

**Abstract.** Modernity shows the dynamism, exacerbation, unification, diversity of processes taking place in national cultures. The processes of intercultural and civilizational interaction are associated with the problem of preserving national cultures and national identity. The globalization processes of our time have determined new tasks: the search for mechanisms for maintaining national cultural sovereignty, balancing in the context of universalism-individualism, preserving the religious factor, etc. The article examines the approaches and aspects of preserving national identity and increasing the quality of the nation. Despite the expansion of globalization, which unifies national cultures and traditions, the trend of our time is the harmonious functioning of national cultural traditions and models of modernization of consciousness.

***Keywords:** national culture, tradition, national identity, modernization, globalization processes, public consciousness.*

### **Кіріспе**

Мәдениеттің ұлттық-мәдени дәстүрді сақтау мен трансцендеттеу құқығы бүгінде әсіресе өзекті, себебі қазіргі мәдени болмыстың шынайылығында оның дамуын тек мәдени жаһандану үдерісімен

байланыстырудың қажеттілігі ғана емес, оған деген қамқорлық философиясын, яғни Мартин Хайдеггер өз еңбектерінде көрсетіп өткен «онтологиялық қамқорлықты» қалыптастыру қажеттілігі де туындайды.

Бірегейлік мәселесі бүгінде өркениеттік кеңістікте жаңа философиялық ойлау немесе жаңарған ой мәдениетінің дискурсы болып табылады. Мәдениет – адам болмысының басты формасы, әр ұлттық мәдениеттің өзінің даму жолдары мен ыңғайларында өзіне ғана тиесілі бірегейлігі бар.

Ұлттық мәдениеттің бірегейлігін жалпыға ортақ қағидалар мен әдістемелік нұсқаулықтар арқылы түсіну қиын, сондықтан да қазіргі гуманитарлық ғылымда ұлттық мәдениеттердің дамуы мен тұтастығын түсіндіретін релевантты әдістер жоқтың қасы. Мәдениеттанулық тұжырымдамаларға айналған көптеген қалыптасқан көзқарастар, мысалы, Ю.Лотманның, Э.Кассирердің, Стюарт Холлдың, Л.Уайттың, Ф.Боастың, М.Херсковицтің [1] және басқалардың, мәдениетті адамның мәдени формаларда рухани және әлеуметтік қалыптасуының тарихы ретінде түсіндіріп келген.

Ұлттық мәдениеттердің тағдыры тарихи және жаһанды үдерістің иректеріндегі әсіресе күрделі әрі дүдәмал болып көрінеді, сол себепті бүгінде ұлттық мәдениет мазмұның статикалық болмыс ретінде емес, қазіргі ұлттық мәдениет тағдыры үлгіленіп жатқан тарихи үдеріс ретінде қайта зерделеу қажет болып тұр.

Мәжбүрлеу идеологиясынан арылған және мәдени ойлау формасын енді өзі қалыптастыра алатын қазақстандық гуманитарлық ғылым үшін халықаралық ғылыми-зерттеу мен білім беру үдерісіне ену басты міндеттердің бірі болып табылады, бірақ әлі күнге дейін, өкінішке орай, біздің зерттеулер тек аймақтық сипатқа ие.

Осы орайда ұлттық мәдениетті, оның көпқырлылығын зерттеу – келешегі бар зерттеу, себебі онда ғылымдардағы, өнердегі мәдени интеграцияны және ең бастысы мәдени өзін-өзі танытудан да маңызды болып есептелетін мәдени коммуникацияны жүзеге асыруға көмектесетін диалогтың интенционалдығы бар.

### **Негізгі бөлім**

Қазақ мәдениеті дәстүр мен модерннің өзара әсер етуінің бірегей феномені болып көпғасырлық тарих бойына өз бірегейлігін коммуникация мен диалог ішінде жетілдіріп келді, ол өз кезегінде идентификациялық және мәдени кодты, діни егемендікті сақтап қалуға мүмкіндік берді. Қазақстандағы мәдени интеграция

---

қазақ мәдениетінің негізгі қағидасына айналған толеранттылық мәдениетінің арқасында жүзеге асырылды. Оның хронотопы өзін басқа мәдениеттер үшін және басқа мәдениеттерді өзін үшін ашу көкжиегі болып табылады.

Және бүгінде қазіргі күрделі, амбивалентті мәдени процесстерде біз бір мезгілде өзіміздің бірегей мәдени дәстүрлерімізді «сақтауымыз» қажет және ашық, талпынушы, инновациға бейім болуымыз керек. Яғни, мәдени жаңғырудың да маңызын түсінуіміз жөн.

Қазақстанның ұлттық бірегейлігі қазақ этносының тарихи өзін-өзі тану процесінде, өмірдің күнделікті және рухани тәжірибесінде қалыптасты, оның негізгі белгілері тарихи тұрғыдан анықталды: өмірдегі адамгершілік принциптерінің басымдығы, басқа діндер мен мәдениеттерге ашықтық, толеранттылық, дәстүршілдік, дүниетаным бостандығы.

Қазақстандық бірегейлікті қоғамдық сананы жаңғыртудың міндеттерін жүзеге асырудың негізгі бағыттарының бірі ретінде қалыптастыру ұлттық тәжірибе мен идеяның бірлігіне, халықтың заманауи даму үрдістерін есепке ала отырып мәдени, рухани, саяси дәстүрлерін пайымдауға негізделетін тұтас әрі үйлесімді қазақстандық бірегейліктің қалыптасуын алға қояды. Себебі өз тарихын, мәдениетін біліп құрметтеуден, оның заңдары, мәндері мен менталдылығын түсінуден қазақстандық бірегейлік пен патриотизм негіз алатыны белгілі.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы [2] және 2018 жылдың қарашасында жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы [3] ұлттық мәдени бірегейлікті қазіргі жағдайда сақтап қалу мақсатында көпғасырлық тарихи әрі мәдени мұраны қайта жаңғырту мен өзектендіруге бағытталған.

Ұлттық бірегейлік пен мәдени кодтарды сақтау мәселесі өте маңызды, өйткені бірегейлікті жоғалту – ол өз мәдениетінді жоғалту. Мәдени бірегейлік дағдарысы жөнінде руханилық қоғамдық сананың формасы ретінде және мәдени-әлеуметтік феномен ретінде жаһандық үдерістерге енуіне қатысты көп айта және жаза бастады.

Ұлттық бірегейлік және оны зерттеу гуманитарлық зерттеулерде конструктивизм әдістерін қолдана отырып жүзеге асырылады, өйткені олар оны адамның қалыптасқан әлеуметтік практикасы ретінде, ұлттық бірегейлік ұлттық маркерлермен ғана сәйкестенетін ұлттық өзіндік сана-сезім процесінде қалыптасатынын растайтын примордиалистік ұстанымдар арқылы түсінуді негіздейді.

Адам, қоғам мен мәдениеттің өзара әрекеттесу процесінде модельденген ұлттық бірегейлік азаматтық бірегейлікке ауыса отырып, азаматтық қоғамның кодекстерімен енгізіледі. Әрине, ұлттық бірегейлікті анықтау «ұлт» ұғымының мағынасын анықтамайынша мүмкін емес. «Ұлт» ұғымы туралы зерттеулердің шетелдік және отандық дискурстары оны «этнос», «азаматтық» және т.б. тұжырымдамаларымен сәйкестендіре отырып, оны даулы категория ретінде айқындайды. Осы тұрғыдан бірегейлікті іздеу ұлттық идеяны іздеумен байланысты.

Идентификацияның жаңа түрі – космополиттік бірегейліктің пайда болуы жаһанданудың шынымен жаппай сипатқа ие болып отырғанының дәлелі бола алады. Мұндай бірегейлік нені білдіреді? Лондон экономика мектебінің профессоры Дэвид Хелдтің айтуынша, Дж.Уолдрон немесе Б.Бэрри сияқты мәдени космополитизмді ұстанушылардың кейбіреулері ғана космополиттік бірегейліктің бар мәдени айырмашылықтарды және белгілі бір ұлттық мәдениетпен сәйкестендіру құқығын жоққа шығарады деп санайды [4]. Д.Хелд бұл тұрғыда мәдени космополитизмді ұлттық мәдениеттер мен баламалы өмір салты арасындағы делдалдықтың мүмкіндігі ретінде түсінуді ұсынатын Г.Гадамердің көзқарасымен келіседі [5]. Британдық саясаттанушының пікірі бойынша, «мәдени космополитизм индивидуалды бірегейліктің өзгергіштігі, яғни адамдардың әртүрлі мәдени қайнар көздерінен алынған материалдарды пайдалана отырып, жаңа бірегейліктер қалыптастырудағы таңғажайып қабілетінің әлеуетін» ерекше атап көрсетеді [6].

Бірегейліктің бұл түрі көбінесе «гибридті» деп аталады. Жазушы Салман Рушдидің пікірінше, мәдени космополитизм «адамдардың, мәдениеттердің, идеялардың, саясаттың, фильмдердің, әндердің жаңа және күтпеген үйлесімдерінен туындайтын гибридікті, араластықты, трансформацияны» құптайды [6]. Алайда, бәрі де, Г.Гадамер немесе Д.Хелд сияқты, мәдени космополитизм әртүрлі дәстүрлер арасында диалог жүргізуге қолайлы жағдай жасайды деп үміттенбейді.

Ричард Рорти мәдени космополитизмнің салдары туралы түбегейлі өзгеше түсінікте болды. Әлемге әйгілі американдық философ Шығыс және Батыс философтарының тоғызыншы конференциясында (Гонолулу, 2005) сөз сөйлеп, мәдени әртүрлілік жақын болашақта валюталар айырмашылығы сияқты пайдасыз болатынын айтты. Рорти мәдениеттерді «гибридтеу» бұрыңғыдай

---

бірнеше ғасыр емес, бүгінде оған қарағанда әлдеқайда аз уақытты алатынын тұжырымдады. Бұл мәдени әртүрлілікті біртұтас әлемдік мәдениетке жетелейді [7].

«Мәдени гибридтенудің» ықтимал салдары шынымен де сан алуан. Жеке адамдардың деңгейінде қазірдің өзінде өзіндік сәйкестендіруде болып жатқан өзгерістерге бейімділік байқалады. Бұл негізінен мигранттар арасында көрінеді, сол Рушдидің өзі сияқты, әлемге әйгілі жазушы – Еуропада тұрақты тұратын мұсылман, Үндістанның тумасы. Солтүстік Америкаға немесе Еуропаға қоныс аударған, әсіресе екінші буындағы миллиондаған түріктер, ирандықтар, үнділер, пәкістандықтар, қытайлар, латын америкалықтар және т.б. өз этностық қоғамдастықтармен байланысын үзбей, ата-бабаларының көптеген дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтай отырып, өздерің америкалықтар, канадалықтар, ағылшындар, немістер, француздар деп сәйкестендіреді. Гибридтенудің бұл түрі мигранттарды қабылдаған мемлекеттің мақсатты саясатының салдары болуы мүмкін. Мұның жарқын мысалы – АҚШ-та жүзеге асырылған «балқыту қазаны» тұжырымдамасы. Мәдени гибридттену көбінесе қоныс аударушылардың өздерінің Батыс елдерінің байырғы азаматтарымен барлық жағынан «тең» жағдайға жетуге ұмтылуынан туындайды. Сәйкестендірудің өзгеруіне байланысты туындайтын психологиялық және эмоционалды қиындықтар туралы Салман Рушдидің көптеген әдеби кейіпкерлерінің өмір тарихы арқылы айқын суреттелген [8].

Мәдениет дәстүрдің болмысында заттанған адам рухының бүкіл толықтығын жаңғыртып тұра алатын кезде іргелі мәнге ие болады. Дәстүрлі мәдени тәжірибенің реконструкциясы тарихи-мәдени өткенді қалпына келтіру үшін ғана емес, сондай-ақ ондағы біріктіруші әлеуетін анықтау үшін, өткен мен бүгіннің мәдени үдерістерін әсірелемей де, кемсітпей де дәстүр мен полимәдениеттіліктің бірігу арасалмағын онтологиялық іздеу үшін қажет. Мәдениет өз мәні бойынша дәстүр болып табылады, себебі ол әлемді қабылдау және адам мен әлемнің онтологиялық мәнін иемдену тәсілін өндіре алады.

Қазақстан түркі әлемінің басқа да елдері секілді мультимәдениетті мемлекет болып саналады. Елімізде мәдени ландшафт тәңіршілдік, манихейшілдік, зороастризм, христиандық, буддизм, ислам сияқты көптеген діни-мәдени дәстүрлер контекстінде қалыптасқан еді. Ал қазақ мәдениетінің қалыптасуының өзі қазақ халқының тарихи-мәдени дәстүрінің аясында орын алды, онда түркі және ислам құраушылары үлкен рөл атқарды. Ислам дәстүрі түркі және қазақ

гуманитарлы білімінің философиялық конструктілеріне үйлесімді кірістірілді, ол әл-Фараби, әл-Бируни, Навои, Дулати және басқаларының еңбектерінде айқын байқалады.

Өзінде көшпелілердің, түркі және исламдық құндылықтарын үйлестіре білген қазақ мәдениетінің рухани тәжірибесі сызықтық емес, демократиялық ойлау тәсіліне жол ашқан өзара ықпалдастық пен толықтыру тәжірибесі болған. Ол туралы араб, итальян, неміс ғалымдарының тарихи биографиялық жылнамалары – Джаузи, Рубрук, Марко Поло, Вюстенфельд, Кодекс Куманикус, Оғыз-наме мәтіндері және т.б. растайды.

Қазақ мәдениетінің ислами қыры ұзақ жылдар бойына жоққа шығарылып, деконструкцияға ұшыраған, тек сыйыну сипаттамасымен шектеліп келді.

Тәуелсіздік дәуірімен оны қайта зерделеу байланысты, бүгінгі таңда ол кеңестік өткеннің шеттен тыс асырылған сыни дискурсіне тәуелсіз объективті тарихи қайта қарауды қажетсініп тұр.

Қазақ мәдениетінің исламдық аясы оның көпқырлылығын туындата отырып сәулет өнеріне, музыкаға, философияға, поэзияға, прозаға, тылсымға үйлесімді түрде кіріктірілген.

Осында айтып кеткен жөн, қазақ мәдениетінің ерекшелігі «аккультурация», «мәдени шок», «дәстүрден қасіретті алшақтау» секілді және мәдениетте мүмкін болатын басқа да жағымсыз процесстерсіз-ақ қазіргі мәдени шынайылыққа кіруге мүмкіндік берген диалогтық сипатқа үлесін қосқан оның көпмәдениеттілік факторы болып табылады.

Объективті тарихи реконструкциясы тарапынан өткенді саралау, тарихи өзіндік сана сезімнің болашағын ашуға – мәдениет тағдыры жөнінде ойлануға мүмкіндік туғызады.

Мәдениеттің ұлттық кодтары: символдар, белгілер, тілдік құрылымдар ұлттық мәдени бірегейліктің қалыптасуына тікелей әсер етеді. Тіпті мәдениет стильдерінің өзі ұлттық ойлаудың стильдерін қалыптастыратыны белгілі. Осылайша, О.Шпенглердің айтуынша, оюдың өзінде, діни культтерде, қарым-қатынаста қоғамның, жеке адамның идентификациясының аспектілерінің біріне айналатын рухани сабақтастық, ұрпақтар байланысы бар [9].

3. Ахметжанова, Н. Уәли және т.с.с. кейбір қазақстандық ғалымдар қазақ мәдениетінің ұлттық код, ұлттық концептосфера секілді мәндік сипаттамалар анықтамаларын көрсетіп отыр<sup>1</sup>. Осындай ұлттық

<sup>1</sup> («Концептосфера» терминнің өзін танымал ресейлік ғалым, академик Д.С. Лихачев енгізген



---

кодтар, концептілердің арасында тіл, мәдениет, дәстүр, діл, дін ерекше айтылады. Қазақ концептосферасы Адамға және адамның әлеуметтік байланыстарына аса көңіл аударады, сондықтан біз қазақ үшін «Сен кімсің?», «Осы қоғамда, әлемде сенің орынын қандай?», «Басқа адамдармен, қоғаммен байланысын не?» сұрақтарының басым екенін айта аламыз [10].

Концептосфераның осындай түсіндірмесін бетке ұстап, авторлар қазақ ділділігін білдіретін, және ғасырлар бойы қазақтардың дүниетанымы мен дүниепайымы құралып келе жатқан іргелі ұғымдарды алып шығуға тырысып жатыр. Олардың ішінде адам, тіл, ұлт, намыс, қанағат, туыстық, ағайын, атамекен, туған жер, ұлы дала және т.б. Осы концептілердің барлығы дерлік қазақ мәдениеті мен қазақ бірегейлігі болмысының онтологиясын құрылымдаушылар болып табылады. Және де осы концептілер негізінде Елбасы Н. Назарбаев бүгінде Ұлы даланың тарихын қайта зерделеуге, ұлы ойшылдардың есімдері мен даңқтарын жаңғыртуға, материалды және рухани мәдени мұраны қалпына келтіруге шақырады. Ол үшін тарихи, этнографиялық, археологиялық және мәдениеттанулық материалдарын жинау және талдау бойынша, сондай-ақ оларды таныстырудың әрі дәріптеудің заманауи көздеріне түсіру бойынша елеулі жұмыс атқару қажет.

Жоғарыда көрсетілген еліміздің бағдарламалық құжаттарында атап өткендей, біздің өзіміздің бай тарихымыз бен мәдени мұрамыз бар, оларға қатысты болу барлық қазақстандықтарда өз тұлғамызларының бірлігі сезімін қалыптастырады.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде тарихи сананы басқа, трансұлттық және жаһандық жағдайларда қалыптастыруда, сондықтан сананы диалогтандыру процесі қажет, дәстүрді сақтаумен қатар оны жаңғырту туралы ұмытпау керек, өйткені ол көптүрлілікте ғана мәдени бірегейліктің тұтастығын анықтайды.

Мәдени дәстүрді заманауи мәдениеттің құрылысына қосу әлемдік кеңістікке өзіндік мәдениетімен кірігуді білдіреді, осылайша мәдениетаралық диалог және өзіндік бірегейлік пен мәдени егемендікті сақтау қамтамасыз етіледі.

Бүгінгі таңда, әлемдік мәдени үдеріске қосатын өзіндік, ұлттық үлесті түсіну, тарихи сананы кенейту, Қорқыт ата, Асан Қайғы, әл-Фараби, Яссауи, Иүгінеки, Бейбарыс, Сығнаки, Абай, Шәкәрім, т.б. секілді әлемді түрлендіруде рөлі ерекше Қазақстан тұлғаларының адамзат өркениеттік процесстерін дамытудағы мәнін пайымдау бұрынғыдан да аса қажетті.



Қазіргі адамға тарихты білу не үшін қажет, өз мәдени идентификациясының қайнар көздерін қаһарман етіп көрсету үшін ғана емес, көбінесе ол қазіргі заманға алып шығатын «тарих толқынына» қатыстырылу үшін керек. Өткеннің сабақтары мен тарих трагизмі адамды белгілі бір оқиғаларды түсіндіруде абай болуға итермелейді.

Әр материалды және рухани артефакт оқуды талап ететін мәдениет нарративімен ұсынылады. Ескерткіштер, кітаптар – бұлардың барлығы халықтың дәстүрі қамтылған мәдениеттанулық сипаттағы мәтіндер. Сызықтық және сызықтық емес мәдени мағыналардың органикалық бірлігінде ұсынылған номадтық нарративтер көшпелілердің болмысын үлгілейтін рухани-материалдық артефактілердің көпмағыналылығы мен полисемантикалық табиғатын ашты.

Қазақ мәдениетінің қырлары тарихта және тарихпен шындалады. Бүгінде Қазақстанда жүргізіліп жатқан модернизация процестері қазақстандық мәдениет тарихындағы діни, нақтырақ айтқанда, рухани, моральдық-этикалық фактордың рөлін қайта пайымдаумен байланысты. Осыған байланысты ұлттық, азаматтық және діни бірегейліктің арақатынасы мәселесі көтеріледі. Азаматтық бірегейлікті құру діни компоненттен тыс мүмкін емес. Полимәдениетті қоғамдардағы адамның әлеуметтік бірегейлігі «діни сәйкестілік» сияқты құбылыстарды түсіндіруді қажет етеді, өйткені бұл бірегейліктердің барлығы дерлік азаматтық бірегейлік моделінің біртұтас конфигурациясы ретінде анықталады.

Осылайша, дәстүрлі қазақ мәдениеті феномендеріндегі ислам дәстүрін, оның ықпалы мен онтологиялық қабылдануын объективті түсіну өте маңызды. Түркі тарихы қалыптастырған құндылықтық парадигмалар түркі нарративтері мағынасын зерделеудегі мәдени кодқа айналды. Сол код моральді қоғамдық сананың барлық формаларында «этизациялау», орнатуында және адам фрагменттік, «бірөлшемді», «модульді» емес, тұтас болып қалыптасатын этикалық, моральдік мәдениетті құруында тұйықталады. Ислам дәстүрінің түркілер мәдениетіне енуі тек тарих контекстісі ғана бола қоймаған, ол онтологиялық шынайылыққа айналған.

Қазақстанның ислам тарихы түркі-қазақ мәдениетінің болмысына қатысқан көп қырлы процесс болды және осы онтологиялық кірігу нәтижесінде Қазақстанның этикалық және эстетикалық мәдени кеңістігінде ислам мәдениеті феноменінің қалыптасуы орын алды.

Сондықтан да дәстүрлі қоғам өзінің дәстүрлерінің сақшысы

---

болды, оларды жетілдіріп, ұрпақтан-ұрпаққа таратты. Ислам мәдениетінде бұл дәстүрлер аяқталмайды, олар түркіліктің, қазақ ою-өрнектерінің, поэзия мен музыканың тілдік формаларымен үйлесімді түрде араласып өмір сүреді.

Қазақ мәдениетінің қырларын ашу оның болмысының негізі – руханилық екенін көрсетеді. Мәдени болмыстың қырларын қайта зерделеу тарихи әрі танымдық процесс ретінде жүзеге асырылу керек, өйткені онда қоғамдық сананың барлық формалары мен барлық тәжірибелерін біріктіретін руханилық айқындалады. Мәдени өмірдің өлшемі – адам және оның мәдениетті «кұрауы» бірегей ұлттық тәжірибе іргесінде іске асырылған жөн.

Ұлттық мәдениеттер тағдыры ұлттық код өз көрінісін табатын ұлттық философиядан ажыратылмайтын дүние. Біз өмір сүріп жатқан постмодерн шынайылығы көптеген мәдени кодтардың болуын білдіреді, сонымен бірге олардың герменевтикасы да көпше, «көп мағынада» жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл жағдайда біз мағынаның эрозиясына ұшырап, жалпы мағынаны жоғалтуға тап болмаймыз ба? «Мәдениет коды» феноменін түсінудің күрделілігі дәстүр тәжірибесі мен өмірдің, ойлаудың қазіргі тәжірибесін синтездеу проблемасымен байланысты. Ұлттық философияда мәдениеттің коды мәтін – ойлау – коммуникация тізбегі арқылы берілген, ол арқылы мәдениет болмысы сөйлейді.

Қазіргі Қазақстанда мәдени процестердің трансформациясы, оларды жаңғырту жүріп жатыр, бірақ бұл процестердің барлығы ұлттық мәдени мұраны қайта қарау, ондағы дәстүрдің танымдық, коммуникативтік мағыналарын нақтылау арқылы ғана жүзеге асырылуы мүмкін. «Түсіну арқылы түсіну» – бұл өзіндік мәдени дәстүрлерді трансцендеттеу және мәдени коммуникацияға жол деп білуіміз жөн. Қазақстанның қазіргі мәдениеті – бұл қазақ мәдениетінде және модернде жетіліп, жаңа мәдени-әлеуметтік шынайлықта қалыптасып келе жатқан дәстүр мәдениеті. Қазақстандық мәдениетте дәстүр мен инновацияның тепе-теңдігі эволюциялық процесс ретінде, қайғылы сілкіністерсіз және өткеннен онтологиялық бас тартусыз-ақ жүзеге асырылуда. Қазақстандық мәдениеттің болмысы мағынасы әлемді адамгершіліктік тұрғыда түсіндіруде жатқан дүниетанымдық парадигма мен тіл арқылы дүниеге таныстырылатын рухани дәстүрден «бастау» алады.

Айқын емес мәдени дәстүрлер тұлғаның «өзіндік ерекшеліктерінен айырылуға», тамырсыздыққа алып келеді, ұлттық мәдени дәстүрлерді құлдыратуға ниеттенген сырттан келетін мәдени шабуылдар мәдени

иммунитетті бұзуы мүмкін. Бірақ мәдени төлтумалықты және бірегейлікті сақтау үшін оқшаулауған мәдени жобалар қажет пе? Тәжірибе оларды жүзеге асырудың мүмкін еместігін көрсетеді. Мәдени дәстүрлер мен модернизация арасындағы диалогты жүргізу үшін теңгерімді ыңғайлар қажет.

Осындай әлеуметтік-мәдени жоба бүгінде диалогтік білім беру стратегиялары, Қазақстандағы мәдени және тарихи мұраларды қалпына келтіру, ұлттық мәдени идеологияны құру арқылы жүзеге асырылады. Белгілі мысалдардың бірі, онтологиялық тамыры бар дәстүр біздің заманымыздың шындығына айналатын ортақ тарихи-мәдени рухани және материалдық практика арқылы Қазақстан халқын біріктіретін «Мәңгілік Ел» Стратегиясы.

Қазіргі кезде Қазақстан ғалымдарының алдында ауқымды міндет тұр – дәстүрлерге негізделген заманауи өмір салты ретінде қазақ мәдениетінің жан-жақтылығын ашу, сондықтан олардың шығармашылығы да көп қырлы, көп өлшемді болуы керек. Қазақстандық философиялық, мәдениеттанулық және діни зерттеулері үшін бүгінде заманауи постклассикалық емес нұсқауларға сай келетін, дәстүр мен мәдениет, тіл және мәдениет болмысы, мәдениеттердің диалогтық дискурсы ретіндегі мәтін, экологиялық мәдени ойлау, білім және мәдениет секілді мәселелерді проблемалық тұрғыға көтере алатын ғылыми ұстанымдар қажет. Қазіргі гуманитарлық ғылым қазақтың философиялық мұраларын қайта қалыптастырып, оны ең бастысы жеке және қоғамдық, зайырлы және діни, дәстүрлі және заманауидің герменевтикасы айырықша маңызға ие мүлдем жаңа әдіснамалық ұстанымдар мен ыңғайлар тұрғысынан қайта зерделеу керек. Яғни, ұлттың жаңа деңгейге көтерілуін қамтамасыз ете алатын тетіктер мен идеялогиялық бағыттарды қалыптастыру қажет болып тұр.

Ол туралы өзінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев та нақты айтып кеткен. «Ұлттың жаңа болмысы» деп белгіленген бағытта Қазақстан Президенті: «Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру» екенін көрсетті. Ол үшін қазақ қоғамында жақсы, ізгі дәстүрлерді сақтаумен қатар, заман талабына сәйкес жаңа қағидаттар және жаңа бағдарлар алға қойылуы тиіс [11].

Бірегейлік проблемасының маңыздылығы қазіргі кезде дүниетанымдық құндылықтар жүйесін қайта пайымдау, мәдени және

---

ұлттық әлеуетті, рухани менталитетті қайта құру және т.б. байланысты өзектенуде. Сөз реформалар, жұмсақ, тыныш, күшті, «гүлдер» төңкерістері жөнінде болып тұр, оларды бүгінде түрлі елдердің саяси технологтары әзірлеп, жүзеге асырып жатыр. Режимдердің ауысуы, әдетте, қоғамның шоғырландырушы әлеуетінің деконструкциясына әкеледі, ол жаңадан рухани құндылықтарды қалпына келтіруге және қоғамдық сананың барлық түрлерін тұрақтандыру жобаларын қайта жандандыруға мәжбүр болады. Осындай турбуленттілік жағдайында мәдени дәстүр ғана ұлттық дәстүрді сақтау шартының факторына айнала алады.

29 жыл бойы басқаша, трансұлттық және жаһандық жағдайларда тарихи сананы қалыптастырып келе жатқан қазіргі Қазақстан үшін сананың диалогизациясы, оның «дәстүрленуімен» бірдей «модернизациясы» да қажет, өйткені ол әртүрлілікте ғана мәдени бірегейліктің тұтастығын анықтайды.

Қазіргі заманғы мәдениетті құраудағы мәдени дәстүрдің инклюзивтілігі – «ашық әлемге өз мәдениетімен» кірігу болып табылады, тек осы жағдайда ғана мәдениетаралық диалог және өзіндік бірегейлік пен мәдени егемендіктің сақталуы қамтамасыз етіледі.

### **Қорытынды**

Қазіргі қазақстандық қоғамның бірегейлігінің қалыптасуы тікелей ғылымның, мәдениеттің, экономиканың, саясаттың және т.б. салалардың дамуымен байланысты. Қазіргі қазақстандық жастар дәстүрлі және заманауи мәдениеттің бірлігінде тәрбиеленуде. Жастар қатысатын көп мәдениетті қарым-қатынас процестері олардың сәйкестендірілуіне үлкен әсер етеді, кейде тіпті ұлттық және космополиттік сана арасындағы шекараны жойып жібереді. Осыған орай, қазақстандық қоғам үшін негізгі міндеттер:

- мәдениет, дін, саясат, рухани дәстүр, азаматтық құндылық парадигмасы, дәстүр және мінез-құлықтың тарихи қалыптасқан үлгілерінің сабақтастығы сияқты компоненттерді қамтитын этномәдени сәйкестікті сақтау;

- өзіндік этномәдени бірегейлікті сақтау шартында ашықтық пен коммуникативтілік; өзара толықтыру, мультимәдениеттілік, диалог факторлары ретінде көрініс табатын әр түрлі мәдениеттермен өзара әрекеттесу де маңызды.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Лотман Ю. М. Семиосфера. – С.-Петербург: «Искусство-СПБ», 2000. – 704 с; Кассирер Э. Избранное. Опыт о человеке. – М.: Гардарика, 1998. – 784 с.; Hall S. Cultural Studies: Two Paradigms // Media, Culture and Society. 1980. No. 2 (1). P. 57-72.; Уайт Л.А. Понятие культуры // Культура, художник, общество / РАН. ИНИОН.- М., 1992. С. 30-61; Боас Ф. История и наука в антропологии / Пер. с англ. Ю.С. Терентьева // Антология исследований культуры. – СПб.: Университетская книга, 1997. – Т.1. Интерпретация культуры. – С. 528-536.; Herskovits M.J. Some Further Comments on Cultural Relativism // American Anthropologist. 1958. Vol. 60. No 2. P. 266-273.
2. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. // 12 сәуір 2017 жыл. – Электронды ресурс: [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)
3. Нұрсұлтан Назарбаев: Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан газеті. 21 қараша 2018 жыл. – Электронды ресурс: <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanyh-dgeti-qyry>
4. Barry B. Culture and Equality. Cambridge: Polity Press, 2000; Waldron J. What is Cosmopolitan? // J. of Political Philosophy. 1999. Vol. 8, N 2.
5. Gadamer H.-G. Truth and Method. London: Sheed and Ward, 1975.
6. Held D. Culture, Communications, and Global Political Community // Planetary Politics. Human Rights, Terror, and Global Society / Ed. E.B. Stephen. New York: Oxford: Rowman & Littlefield Publishers; INC., 2005. P. 45.
7. Степанянц М.Т. Культура и идентичность // Россия в диалоге культур. – М.: Наука, 2010. – С. 112.
8. Rushdi S. East, West. London: Randon House, 1994
9. Новая философская энциклопедия в четырех томах. (М.; Мысль, (2010). – Т 2. – С.345.
10. Тлежанова Д.М., Ахметжанова З.К. О специфике концептосферы казахского языка и культуры // Молодежный научный форум: Гуманитарные науки: электр. сб. ст. по материалам XXXV студ. междунар. заоч. науч.-практ. конф. – М.: МЦНО, 2016. – №6 (34). С.36 // [https://nauchforum.ru/archive/MNF\\_humanities/6\(34\).pdf](https://nauchforum.ru/archive/MNF_humanities/6(34).pdf). 23.08.2017.
11. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек // [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyh-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylygy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyh-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylygy-1-kyrkuiek)

**Гүлхан Нұрадин<sup>1</sup>, Сәуле Алимбаева<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті,  
философия ғылымдарының кандидаты  
(Тараз, Қазақстан)*

*<sup>2</sup>М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің  
оқытушысы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты  
(Тараз, Қазақстан)*

## **ЕЛІМІЗДЕГІ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ МОДЕЛІН ЖОБАЛАУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

**Аңдатпа.** Ұсынылып отырған мақалада бүгінгі күні толықтай қашықтықтан оқыту жағдайына ауысқан еліміздегі орта білім беретін мектептердегі оқу контенттерінің негізгі талаптарға сәйкес сапалы оқу контентін құру мәселелерімен қатар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау технологияларының қашықтық форматына, қашықтықтан оқыту жағдайында оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауға, ҚОТ жағдайында оқушылардың техникалық жабдықталуына, педагогтердің біліктілігін арттыруға негізделген Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде қашықтықтан оқытудың кешенді моделінің перспективалық тұстары қарастырылады.

**Түйін сөздер:** қашықтан білім беру, сандық білім беру ресурстары, психологиялық-педагогикалық қолдау, отбасылық білім беру, біліктілікті арттыру.

---

**Гүлхан Нұрадин, Сауле Алимбаева**  
**ПЕРСПЕКТИВЫ ПРОЕКТИРОВАНИЯ МОДЕЛИ**  
**ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ В СРЕДНИХ**  
**ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛАХ СТРАНЫ**

**Аннотация.** В предлагаемой статье раскрывается проблема создания качественного учебного контента в средних

общеобразовательных школах страны в соответствии с основными требованиями учебного контента, перешедшего на сегодняшний день в условиях полного дистанционного обучения, наряду с дистанционным форматом технологий критериального оценивания учебных достижений учащихся, психолого-педагогической поддержкой учащихся в условиях дистанционного обучения, техническим оснащением учащихся в условиях ДОТ, рассматриваются перспективные стороны комплексной модели дистанционного обучения в общеобразовательных школах Республики Казахстан, основанной на повышении квалификации педагогов.

***Ключевые слова:** дистанционное образование, цифровые образовательные ресурсы, психолого-педагогическое сопровождение, семейное образование, повышение квалификации.*

---

## **Gulkhan Nuradin, Saule Alimbaeva**

### **PROSPECTS FOR DESIGNING A MODEL OF DISTANCE LEARNING IN SECONDARY SCHOOLS IN THE COUNTRY**

**Abstract.** The article deals with the problem of creating high-quality educational content in secondary schools of the country in accordance with the basic requirements of learning content, which passed today in full distance learning, along with the remote technology format and criteria-based assessment of students' achievements, psycho-pedagogical support of students in the context of distance learning, technical equipment of students in the context of DOT, the article considers the perspective aspects of a comprehensive model of distance learning in General education schools of the Republic of Kazakhstan, based on professional development of teachers.

***Key words:** distance education, digital educational resources, psychological and pedagogical support, family education, professional development.*

## **Кіріспе**

Орта білім беру жүйесінің қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, оның ішінде эпидемиологиялық көрсеткіштердің нашарлауы, сондай-ақ карантиндік шаралардың



---

күшеюі жағдайларында оқуға көшуі білім берудің жаңартылған мазмұны білім беру процесіне қатысушылардың тікелей байланысы кезінде ғана оқушыларды оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің жеткілікті жоғары көрсеткіштерін көрсететінін білдіреді. Алайда, қашықтықтан оқыту форматына көшу кезінде сапалы оқу мазмұнын ұсынуға, мұғалім мен оқушы арасында кері байланысты қамтамасыз етуге, интерактивті оқытудың рөлін қайта форматтауға және интерактивті әдістерді қолдануға, қашықтықтан оқыту кезінде критериалды бағалау технологияларын қолдануға, ата-аналардың рөліне және олардың баланың білім беру процесіне қатысуына байланысты бірқатар сұрақтар туындайды, өйткені оқушылар көп уақытты үйде өткізеді. Қашықтықтан оқыту немесе синхронды және асинхронды оқыту жағдайында мұғалім мен баланың оқу нормасы қалай анықталады? Бұл сұраққа жауап беру үшін кешенді зерттеу жұмысын жүргізу қажеттілігі туындайды. Себебі, дайындықсыз онлайн форматқа көшу нәтижесінде орта білім беру жүйесіндегі кейбір олқылық тұстар орын алып, ата-ананың бала денсаулығына алаңдауы мемлекеттік мәселеге айналып отыр. Интернет арқылы білім алу денсаулық зияндылығымен қоймай, бала өміріне де қауіптілік әкелуі мүмкін. Түрлі жарнамалар, әлеуметтік желілер, түсініксіз платформалар, тартымдылығы жоғары ойындар т.б. баланың алаңдауына тұрарлық тетіктер жетерлік.

### **Әдістемесі**

Қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушылармен түзету-дамыту, профилактикалық, оңалту және денсаулық сақтау жұмыстарының әдістерін қолданудың кешенді моделін әзірлеу мақсатын ұстанған зерттеу жұмысы барысындағы әлеуметтанулық бағдарламаланған онлайн сауалнама, салыстырмалы және корреляциялық талдау әлеуметтанулық бағдарламаланған онлайн сауалнама, салыстырмалы және корреляциялық талдау. Зерттеу жұмысы Жамбыл облысыны орта мектептерінде білім алып жатқан оқушылар мен олардың ата-аналары және ұстаздарына бағытталды. Сауалнама онлайн түрінде «Create Survey» бағдарламасында өткізілді.

### **Негізгі бөлімі**

Белгіленген проблемалық мәселелер ҚОТ жағдайында орта мектептің білім беру процесінің психологиялық-педагогикалық проблемаларының жағдайы мен диагностикасының мониторингі



бойынша зерттеу тобы мен Жамбыл облысы білім басқармасының басшылығының бірлескен әлеуметтік зерттеуі негізінде анықталды. Зерттеу 2019-2020 оқу жылының төртінші тоқсанында Жамбыл облысының бірқатар мектептерінде жүргізілді. Атап айтқанда, орта мектептің оқу процесі жағдайында ҚБТ оқу платформалары мен құралдарын қолдану деңгейін айқындау сияқты мәселелер қаралды. Атап айтсақ, мектептердің де, оқушылардың да техникалық мүмкіндіктерін зерттеу, оқушылардың өз бетінше және үй тапсырмасын орындау көлемі мен дәрежесін анықтау, ҚОТ жағдайында оқушылардың оқу ақпаратын қабылдау деңгейін болжамдау, оқушылардың, ата-аналардың, педагогтердің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және психологиялық мәдениетін талдау, қашықтықтан жұмыс түрлерін қолдануға байланысты білім беру процесіне қатысушылардың этикалық нормаларының сақталуына баса назар аудару, оқушылардың АКТ құзыреттілігін анықтау.

Жүргізілген әлеуметтік зерттеу аясында Жамбыл облысының 442 мектебінен 18 382 респондент, оның ішінде 8 721 оқушы, 8 129 ата-ана, 1 532 педагог сұралды. Оқушылар арасындағы әлеуметтік зерттеудің кейбір нәтижелері төменде келтірілген:

1. 3635 (42,44%) оқушы қашықтықтан оқыту форматына аса риза емес. Мұның себебі физикалық орынға байланысты, өйткені сіз назар аудармай, компьютердің алдында бірнеше сағат отыруға тура келеді. Нәтижесінде – шаршаудың.

2. 1004 (11,66%) оқушы қашықтықтан оқыту форматында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырумен және үй тапсырмасының көлемімен толық қанағаттанбайды;

3. 1132 (14,07%) оқушылар дәстүрлі оқытуда алдыңғы материалды нашар меңгергендіктен оқуда қиындықтарға тап болғанын атап өтті;

4. 1450 (17,01%) оқушылар ата-аналардың өздері түсінбейтіндігін көрсетеді, бірақ олар сабақ барысында және үй тапсырмасын орындау кезінде баламен қалай қарым-қатынас жасауға тырысады;

5. 1056 (13,11%) оқушы эмоционалды мазасыздықты көрсетті. Жалпы, бұл оқушының одан әрі оқуына теріс әсер етуі мүмкін.

Қашықтықтан оқыту мәселесі жыл сайын бүкіл әлемде ерекше маңызға ие және өзекті болып келеді. Жаһандану, медиа кеңістіктің әсерін күшейту, мемлекеттер арасындағы шекараларды «жою», АКТ технологияларын дамыту бүкіл әлемде жаппай ашық онлайн курстарды дамытуға мүмкіндік берді. Алайда, біз орта және жоғары білімді салыстыратын болсақ, онда қашықтықтан білім беру технологияларын қолданудағы табиғи басымдық, әрине, екіншісі

---

болып табылады. Егер біз ҚОТ-ын орта білім деңгейінде қолдануды талдайтын болсақ, онда қолданыстағы ғылыми әдебиеттерге шолу әлемнің әртүрлі елдеріндегі мұғалімдер мен ғалымдар оқушыларды оқытудың осы түрін жүзеге асыруда қолданатын тәсілдер мен принциптердің түсініксіздігін көрсетеді.

Сонымен, Ресейде қашықтықтан білім беру технологиялары кеңінен қолданылады, дегенмен бұл орта мектеп үшін өте шектеулі [1]. Ресейлік ғалымдар зерттеулеріне жүгінсек, онда қазіргі компьютерлік телекоммуникациялар оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын ғана емес, сонымен қатар оларды басқаруға мүмкіндік беретін дәстүрлі оқыту құралдарына қарағанда мазмұнды және әр түрлі оқу ақпаратына қол жетімділікті қамтамасыз ете алады. Әрине, мұндай принципті жүзеге асыру жақсы техникалық жабдықтармен және мұғалімдердің жоғары акт құзыреттіліктерімен ғана мүмкін болады.

Е.Г. Хлюневаның зерттеуінде оқушыларды қашықтықтан оқытудың бірқатар жүйелік проблемалары көрсетілген, мысалы: пән бойынша білімді, оқыту әдістемесін ғана емес, сонымен қатар сабаққа сапалы материал жасауға мүмкіндік беретін компьютерлік технологияларды да білетін білікті кадрларды таңдау мәселесі, сонымен қатар, мұғалімнің сабақты игеру әдістемелік материалдарын қайта қарастыруы, себебі әрдайым сыныпта оқушыларға ұсынылатын мазмұнды контентті ҚОТ аясында да қолдануға болады [2].

Ресей мен АҚШ-тың кейбір зерттеушілерінің пікірі бойынша қашықтықтан білім беру жүйесі неғұрлым сәтті болса, соғұрлым ол курстардың өзімен, олардың форматымен және әдіснамасымен жұмыс істеуге көбірек мүмкіндіктер туады. Оған қоса, курстарды оқушының жеке ерекшеліктеріне бейімдеу мүмкіндіктері де жақсарады. Оқушылардың оқу орны, жылдамдығы немесе дәйектілігі туралы кедергілер жасамай нақты жетістіктерді бағалайды [3-5].

Мектеп оқушылары мен мектеп жасына дейінгі балаларды қашықтықтан оқыту аясындағы материалдарда оқу контентін әзірлеуде әдістемелік және әдіснамалық тәсілдер мәселесін, оның құрылымын, дұрыстығы мен қауіпсіздігін егжей-тегжейлі қарастыру қажеттілігі ерекше атап өтіледі. Дене шынықтыру, музыка және ән айту, қосымша және факультативті курстар сияқты пәндерді оқытудың әдістемелік тәсілдері толық ашылмаған [6-8].

Қытай, Оңтүстік Корея, Малайзия сияқты елдерде SMART білім беру тұжырымдамасын қолданудың артықшылықтары мен принциптері сипатталған. Smart-білім беру тұжырымдамасына кіретін технологиялардың белсенді дамуы оқу процесін

оқушылардың күнделікті өмірін интеграциялауға бағытталған. Бұл елдердің үкіметтері білім беру процесін қолдау мақсатында бастауыш және орта мектеп жасындағы балаларға арналған әртүрлі құрылғылардың дамуына демеушілік жасайтындығы көрсетілген [9].

Денсаулық сақтау, технологиялық және жүйелік тәсілдерге негізделген қашықтықтан оқыту проблемалары туралы әдеби мәліметтерге шолу қашықтықтан оқытудың дидактикасын одан әрі дамыту, оқу процесін оқушылардың күнделікті өміріне біріктіру, ата-аналарды ҚОТ оқу процесіне қосу қажеттілігін көрсетеді.

Соңғы уақытта орта мектеп жағдайында қашықтықтан білім беру технологияларын кеңінен қолдану тәжірибесі бірқатар проблемалық аймақтарды көрсетеді, оларды шешу жақын уақыттағы өзекті мәселе болып табылады. Негізгі проблемалық аймақтар арасында: жанартылған білім беру мазмұнының негізгі талаптарына сәйкес сапалы оқу контенті; оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау технологияларының қашықтықтан форматы; қашықтықтан оқыту жағдайында оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу; отбасылық тәрбие және білім беру мәселелері; ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды оқыту; ҚБТ жағдайында оқушылардың техникалық жабдықталуын зерделеу; педагогтердің біліктілігін арттыру.

Осы проблемаларды шешу үшін денсаулық сақтау, технологиялық және жүйелік тәсілдерді қолдану негізінде Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушылармен оқу, түзету-дамыту, денсаулық сақтау жұмысының әдістерін қолданудың кешенді моделін әзірлеу талап етіледі. Бұл тәсілдер ҚОТ шеңберінде оқу процесін оңтайлы құрылымдауға ықпал етеді. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде қашықтықтан оқытудың тиімді моделін құруға мынадай қағидаттар ықпал етеді:

- педагогикалық мақсаттылық принципі оқушының жас, жеке, материалдық мүмкіндіктерін ескере отырып, АҚТ құралдарын қолдануды қамтиды;

- интерактивтілік принципі оқу материалын талқылау барысында сыныптастарымен қарым-қатынас тапшылығын ішінара толтыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар оқушының өзіндік жұмысының рөлін арттырады;

- трансляция принципі білім беру мәтіндері, аудио және видео

---

жазбалар, теледидар және компьютерлік бағдарламалар арқылы мұғалімнен студенттерге ақпарат беру арналарын кеңейтеді;

- жеке-жанама өзара іс-қимыл және даралау қағидаты білім алушының оқу қажеттіліктері мен табыстарын уақтылы мониторингтеуден, креативті, коммуникативтік және рефлексивті қабілеттерін жетілдіруге жәрдемдесуден тұрады;

- оқытудың ақпараттық құралдарын таңдау қағидаты педагогиканың өзекті міндеттерін қоюға және шешуге, оқытудың барлық компоненттерін ескере отырып, тұлғаны, оның зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді.

ҚОТ жағдайында оқыту тұжырымдамасы (1-суретті қараңыз) мынадай бағыттарды табысты іске асыруға негізделуі тиіс:

1. Бизнес-процестерді цифрландырудың жоғары деңгейін, ғылыми және білім беру процестерін онлайн оқытуға арналған заманауи жабдықтармен қамтамасыз етуді, ақпараттық жүйені техникалық қолдауды қамтамасыз ететін заманауи цифрлық және жайлы білім беру ортасын дамытуға арналған заманауи инфрақұрылым;

2. Оқытуды дербестендіру және білім алушылардың білім алу деңгейін, қабылдауы мен білім алу мүмкіндіктерін диагностикалау үшін мектеп контингентін сегменттеуге негізделген оқу процесін жобалау. Проблемаларды шешу және оқудағы қиындықтарды жою, қарым-қатынас проблемалары, кәсіби өзін-өзі анықтау, оқуға деген ынтаны бағалау, мазасыздық, үлгерім, балалардың даму динамикасы мен жағдайын бақылау арқылы жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру ортасында оқыту әдістерін жобалау;

3. Оқушылардың оқу нәтижелерін жиынтық және формативті бағалау әдістерін қолданудың әдіснамалық тәсілдерін әзірлей отырып, критериалды бағалау технологиясын қолдану, түрлі деңгейлік тапсырмалар құру, бұл ретте бағалау тапсырмалары айтарлықтай икемді болуы тиіс. Қашықтықтан оқытуда оқыту нәтижелерін жоспарлау, анық, ашық критерийлерді, бағалаудың салмақтық коэффициенттерін ұсыну, қорытынды бағалау өлшемшарттарын қалыптастыру, аралық нәтижелер негізінде оқыту процесінде мұғалім мен оқушылардың қызметін түзету, білім алушылармен кері байланыс тетігін іске асыру негізінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін айқындау маңызды фокус болып табылады;

4. Оқытуда ІТ құралдарын қолдану, цифрлық платформаларды пайдалану бойынша ашық білім берудің онлайн курстарына қатысу негізінде, сондай-ақ кәсіби құзыреттілікті арттыру және тәжірибе алмасу мақсатында инновациялық форматта пән мұғалімдерінің

коллорабациясын құру арқылы педагогтердің цифрлық сауаттылығын дамыту;



**1-сурет. ҚОТ жағдайындағы оқу процесін жобалау.**

Сонымен қатар, студенттерге қатысты психологиялық-педагогикалық қолдау келесі бағыттарға бағытталуы керек:

- өзін-өзі бағалауды жоғарылату арқылы эмоционалды мазасыздықты жеңуге көмектесу, баланы кез-келген жағдайда өзін-өзі басқаруға үйрету (мәселелерді бірлесіп талқылау, әңгімелер өткізу және т. б.);

- компьютерлік оқыту ортасы жағдайында оқу мазмұнын қабылдаумен байланысты қиындықтарды зерделеуге;

- жеке тұлғаның психикалық дамуының сапалық және сандық аспектісінің тиімділігіне мониторинг жүргізуді, балалардың әлеуметтік-психологиялық диагностикасын, зерттелетін объектіні психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін цифрлық платформа құру.

### **Қорытынды**

Ұсынылған оқыту моделін іске асыру білім беру траекторияларын дараландыруды және білім алушылар мен педагогтердің өзара іс-қимылына, оқу бағдарламаларын өнімді игеруге, Мета-пәндік нәтижелерге қол жеткізуге, оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін арттыруға қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру кеңістігін құруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ балалардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға, олардың шығармашылық әлеуетін білдіруге және идеялар мен мақсаттарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

---

Осылайша, қашықтықтан оқыту форматына жаппай көшуге байланысты білім беру режимінің өзгеруі, қашықтықтан білім беру жағдайында білім алушылар мен педагогтердің ақпараттық, психологиялық және дене жүктемесінің артуы Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде қашықтықтан оқыту моделін жобалау қажеттілігін тудырды, ол оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға денсаулық сақтау тәсілдерін қамтамасыз ете отырып, білім берудің табыстылығы мен сапасын қамтамасыз етеді.

---

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Хатунцева Е.А., Дьякова Г.С. Дистанционная форма обучения и ее развитие в России // Научный журнал Методические вопросы преподавания инфокоммуникаций в высшей школе.– Москва, МТУСИ. – 2017 г. – №2. – С.42-44.
2. Хлюнева Е.Г. Инновационные механизмы развития открытого дистанционного образования через систему работы с учащимися, получающими образование в семейной и заочной форме // Информатизация непрерывного образования – 2018. Материалы Международной научной конференции. – Москва: РУДН, 2018. – Т.2. – С. 222-226.
3. Кузьмина А.П. Практика дистанционного обучения старших школьников: проблемы и перспективы // «Colloquium-journal». – 2020. – №10(62). – С.159-161
4. Schulman A. H., Sims R. L. Learning in an online format versus an in-class format: An experimental study// Technological Horizons in Education Journal. 1999. Vol. 26. pp. 54-56.
5. Murphy T. H. An evaluation of a distance education course design for general soils// Journal of Agricultural Education. 2000. Vol. 41. pp. 103-113.
6. Мережко Е.А. К проблеме дополнительного дистанционного обучения иностранному языку в средней общеобразовательной школе // Казанский педагогический журнал. – 2018. – №2. – С. 41-43.
7. Морозов А.В., Терещенко А.Ю. Дистанционные образовательные технологии и их правовое регулирование // Образование и право. –2020. – №3. – С. 262-267.
8. Федина Н.В., Бурмыкина И.В., Звезда Л.М. Дистанционные образовательные технологии в системе дошкольного образования: научные подходы и перспективы развития // Проблемы современного образования. –2017. – №5. – С. 178-188.
9. Полушкина А.О. SMART-образование в школах Азии: состояние и проблемы // Вестник РУДН, серия Информатизация образования. – 2016г. – №2. – стр.118-121.

**Қарлығаш Нұрмұхамет**

*Қазақстан Республикасы ҚМ Құрлық әскерлері Әскери институтының Тәрбие және идеологиялық жұмыстар кафедрасының оқытушысы, философия ғылымдарының кандидаты (Алматы, Қазақстан)*

**БІТІМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕСІ ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БЕЙБІТ  
САЯСАТЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ РЕТІНДЕ**

*Аңдатпа.* Қазақстан Тәуелсіздігіміздің алғашқы күнінен бастап сыртқы саясатта бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті нығайту бағытында жауапты саясат жүргізіп келеді. Автор қазіргі таңда мемлекетаралық және ұлтаралық бейбітшілік пен түсіністікті сақтап қалу еліміздің басты мұраты болып табылатынын жеткізеді. Бейбітшіліктің аксеологиялық аспектісін ашуда автор соғыс феноменіне тоқталады. Сондай-ақ, бейбітшілікті зерделеуде Қазақстан Республикасының Әскери доктринасының кейбір тұстарына назар аударады. Бейбітшіліктің ұғымын қарастырған Гуго Гроцийдың «Соғыс құқығы мен бейбітшілік» және Иммануил Канттың «Мәңгілік бейбітшілік» еңбектеріне талдау жасалынған.

*Түйін сөздер:* Бейбітшілік, бітімгершілік, соғыс, саяси құндылық, философия.

**Карлығаш Нурмухамет  
ПРОБЛЕМА МИРОТВОРЧЕСТВА КАК ДОСТИЖЕНИЕ  
МИРНОЙ ПОЛИТИКИ РК**

*Аннотация.* С первых дней независимости Казахстан проводит ответственную внешнюю политику, направленную на укрепление мира и международной безопасности. Автор подчеркивает, что сегодня главная миссия нашей страны – сохранение межгосударственного и межнационального мира и взаимопонимания. Раскрывая аксиологический аспект мира, автор останавливаются на феномене войны. А также уделяется внимание некоторым аспектам



---

Военной доктрины Республики Казахстан. Были проанализированы труды Гуго Гроция «О праве войны и мира» и Иммануила Канта «К вечному миру», рассматривавших понятие мира.

*Ключевые слова:* Мир, миротворчество, война, договор, политические ценности, философия.

---

**Karlygash Nurmuhamet**

## **THE PROBLEM OF PEACEKEEPING AS AN ACHIEVEMENT OF THE PEACE POLICY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

*Abstract.* Since the first days of independence, Kazakhstan has been pursuing a responsible foreign policy aimed at strengthening peace and international security. The author emphasizes that today the main mission of our country is the preservation of interstate and interethnic peace and mutual understanding. The article examines the phenomenon of war in the discovery of the axiological aspects of the world, pays attention to some aspects of the Military doctrine of the Republic of Kazakhstan. Furthermore, paper includes the analysis of the works of Hugo Grotius «On the Law of War and Peace» and Immanuel Kant «Towards Eternal Peace», who elaborated on the concept of peace.

*Key words:* Peace, peacekeeping, war, contract, political values, philosophy.

### **Кіріспе**

Қазақстан жас мемлекет ретінде бейбітшілік пен келісім мәселесінде жүргізіліп отырған сыртқы саясат пен ішкі саясатта өзге елге үлгі.

Қазақ елінің бауырында 140 жуық этникалық, 40-қа жуық конфессия топ өкілдері татулық пен түсіністікте өмір сүруі, ядролық қарудан бас тартқан алғашқы мемлекет болуы, 2003 жылдан бастап әлемдік діндер көшбасшыларының съезінің өтуі, ҚР әскерлерінің бітімгершілік операцияларына қатысуы мемлекетіміздің бейбітшілік пен келісім, тыныштық пен тұрақтылықтың жаршысы екендігінің дәлелі.

Әлемде қандай мемлекет болмасын оның мықтылығы мен қауқары Армиясының қуаттылығымен өлшенеді. Мемлекеттің Армиясы сыртқы жауға төтеп бере алмаса тарих бетінен ел ретінде мүлдем өмір сүруін тоқтататыны сөзсіз.

Тәуелсіздігіміздің кепілі болатын әскеріміздің әлеуетінің тарихы мен бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуда халықаралық міндеттерді орындауда әлемдік қауымдастықтан бағасын алуы тақырыптың өзектілігін аша түседі. Ғасырлар бойы бабаларымыздың армандап кеткен тәуелсіздігіне тек 1991 жылы ғана қол жеткіздік. Ендігі жерде Қазақстанның алдына еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ететін қорғаныс жүйесін құру міндеті қойылды. Мемлекеттің Қарулы Күштерін құру үшін республиканың мақсаттары мен ерекшеліктерін ескеретін армия құрылысының заңдары мен тұжырымдамасын қалыптастыру қажеттігі туындады. Қазақстан КСР-і Мемлекеттік Қорғаныс комитетін құру туралы Қазақстан Президентінің 1991 жылғы 25 қазанда қол қойған Жарлығы алғашқы қадам болды.

**Зерттеу әдістері:** тарихи, контент, жүйелі талдаулар мен болжау әдістері қолданылды.

**Зерттеу нәтижелері.** Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы 1992 жылғы 7 мамырдағы Жарлығы әскери қауіпсіздік жүйесін құру жөніндегі шешуші құжат болды. Қарулы Күштерге басшылық жасауды Бас қолбасшы ретінде Президент өз қолына алды, жалпы тікелей басқару міндеті қорғаныс министрлігіне тапсырылды.

Қазақстанның тұңғыш қорғаныс министрі болып Кеңес Одағының батыры генерал-полковник С.К. Нұрмағамбетов тағайындалды, үлкен жауапкершілікті мойнына жүктеген сенімді халқымыздың қаһарманы жоғарғы деңгейде орындап шықты. Биыл Құрлық әскерлерінің Әскери институтының құрылғанына 50 жыл толуына орай генерал-полковник С.К. Нұрмағамбетовтың есімі берілді.

Мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шешімдер өміріміздің маңызды салаларыны бірі. Тәуелсіз елдің тарихындағы маңызы бар оқиғаның бірі 1992 жылғы 23 қаңтарда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелігіне ену туралы Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысы қабылданды. Мемлекетіміз БҰҰ-на 1992 жылы наурыздың 2-інде дүниежүзілік ұйымның құрамына 168-ші мүшесі болып енді.

«БҰҰ-ның қызметінің мақсаты бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау; Ұлттар арасындағы татулықты сақтау; жанжалдасқан жақтарды бейбіт жолмен даулы мәселелерді шешуге көндіру; халықаралық мәселелерді шешуде экономикалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлы мазмұнда көмек беру; Адам құқығын

---

ұлтына, нәсіліне, тіліне және дініне қарамай қорғалуын қамтамасыз етеді» [1, 11 б.].

Ұйым халықаралық қауіпсіздікті нығайту және адам құқығын қорғау, бейбітшілікті сақтау мәселелерін үлкен жауапкершілікпен атқарып келеді. «Бейбітшілікті сақтау дегеніміз – БҰҰ бақылауымен әскери конфликтілерді тежеу және тоқтату. Алғашында бұл күштер мемлекетаралық конфликтілерді реттеуге арналса, кейінгі кезде азамат соғысы мен басқа да мемлекетшілік жанжалдарға қарсы қолданған. Әскери күштерді өрістету азаматтық қызметкерлер есебінен жүргізіледі, себебі бұл күштерге жүктелген азаматтық міндеттер арта түскен» [2, 502 б.].

Қазақстанның әскери саладағы ынтымақтастық қызметі жылдан жылға жандану үстінде. Шет елдермен әскери ынтымақтастық бейбіт өмірді жақтау, тең құқықтылық, өзара құрметтеу принциптері негізінде қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Қарулы Күшінің бітімгершілік тарихы 1992 жылдан бастау алады. Кеңес Одағының ішіндегі Тәжікстан мемлекетінің аймағында діни қақтығыстың соңы ұлт азаттық көтеріліс соңы 5 жылға созылған соғысқа айналып кетеді. Шиеленіс орын алған аймаққа көмек ретінде ҚР Жоғарғы Кеңесі арнайы қаулы шығарып бауырлас елге бітімгершілік сарбаздарын жіберуге шешім қабылдайды. Тәжік-ауған шекарасындағы қақтығысынан 34 жауынгер хабар ошарсыз, 30-ға жуығы ауыр жаралы, 17 қазақстандық жауынгерлер шейіт болған. Мемлекетіміз бейбітшілік пен бітімгершіліктің туын көтерген, ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерді жыл сайын сәуір айы-ның 7 жұлдызы еске алу күнін өткізеді.

Мемлекеттің сыртқы саясатынан басқа Қазақстан Армиясы үшін де бітімгершілік миссиясына қатысудың маңызы зор. Өйткені әскери қызметкер біліктілігін арттырып, теориялық алған білімін тәжірибеде шыңдайды. Бітімгершілік операциясы активті және пассивті тұрғыда жүргізіледі, еліміздің әскері тек пассивті тұрғыда әрекет етеді. Пассивті дегеніміз – гуманитарлы және медициналық көмек көрсету, су жүргізу, маңызды бар заттарды жеткізу, инженерлік-саперлік отрядтарының жарылғыш заттарды тауып жарамсыз етуін айтамыз.

2003 жылы бейбітшілік миссиясын жүргізетін БҰҰ Ирак мемлекетін қайтадан қалпына келтіру үшін халқына көмек беруді ұйғарады. Ирак жеріне Қазақстаннан 290 бітімгершілік жауынгерлері қатысып олар 6718 куб метрлік ішетін суды тазартып, 4 млн астам жарылғыш заттарды залалсыздандырған.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің беделі мен абыройын арттыруға ықпал еткен қазақстандық контингенттің 2015 жылы Ирактағы операцияға қатысуы әлемдік қоғамдастықтан он бағасын алды.

Бітімгершілікті сақтауға, бақылау жүргізуге қатысты маңызды операциялар 2018 жылы Ливан жерінде жалғасын табады. Ливан жеріндегі бітім миссиясына ҚР Қарулы Күші Үндістанның контингенті құрамымен борыш атқаруда. «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасы аясында кадрлар даярлау, әскери жаттығу сонымен қатар әскери құрылыс, техника мәселелері жөніндегі мықты мемлекеттердің армиясымен ынтымақтастығы жақсы жолға қойылып отыр. Бітімгершілік әлеуетін нығайтудың барысы бейбіт өмір сүруіміздің кепілі дегім келеді.

ҚР Қарулы Күштерінің әскери жоғарғы оқу орындарының ұстаздары мобильділікпен білім алмасса үздік деп танылған курсанттар бүгінгі күні Ресейде, Түркияда, Оңтүстік Корея, Кытайда, Англия және Америка құрама штаттарында оқып жатыр.

Жер шарының әр түкпірінде бейбітшілік пен тұрақтылықты орнату жөніндегі міндеттер бүкіл адамзаттың толғандыратын *өзекті мәселесі* болады да бола бермекте. Өйткені жер бетінде бейбіт ғұмыр кешіп жатсақ та әр жерлерде соғыстың өрті тұтанып жатады.

Кеңес одағының тұсында жеңіс мерейтойларында ғана еске алатын едік соңғы кезде жиі айтылатын тақырыптың біріне айналып бара жатыр.

Энциклопедияда соғысқа - мемлекеттер, үкіметтер, қоғамдар, әскери күштер мен әр алуан топтар арасында жалғасатын қарсы жағын - жауын құртуды көздейтін қарулы қақтығыс» - деп анықтама берілген.

Кей ойшылдар соғысты адамзат табиғатының атадан жалғасатын ерекше қасиеттерінің бірі, адам табиғаты соғысқұмар деп санаса, басқалары оны ерекше саяси-әлеуметтік жағдайлардан, ерекше орта мен өзара байланыстан пайда болатын құбылыс деп есептейді.

Философтардың ішінде соғыс жайлы алғаш рет ой қозғаған ежелгі грек философы Эфестік Гераклит. Гераклит «Соғыс – бәрінің әкесі, бәрінің шешесі, біреуін құдай қылады, енді біреуін құл қылса, біреуге бостандық әпереді» – деп соғысты әділеттік тұрғысынан қарастырып ақиқатқа қол жеткізетін құрал деген екен [3]. Соғыс дегенде қайғырып ғана қоймайсың ой елегінен өткізесің. Сұрапыл соғыс жолында жатқанды қиратып жұтып ғана қоймайды, сонымен қатар жауға қарсы адамдарды, эмоциональды, мәдени, этикалық

---

тұрғыдан біріктіреді. Соғыс сені тәубаңа түсіріп қанағат-шыл етеді, достықтың қадірін, жақыныңның бағасын білесің. Дегенменде соғыс ешқашанда ешуақытта да ақиқат немесе жақсы бола алмайды. Соғыстың басты мақсаты нысанадағы мемлекеттің билігін тартып алып, толықтай сол елдің территориясын өз иеліктеріне өткізу болып табылады.

Соғыстың табиғатын тереңірек зерттеген Пруссиялық қолбасшы Клаузевицтің айтуынша «соғыс зорлық пен күштеудің саясат құралының жаңа түрде жалғасымы» деген болатын [4].

Аристотельдің «адам саяси жануар»-деген ойы расау соғыстың ортасына түссең адам баласының қанын кешесін не болмаса қанын ішесін сыңар саясаттың кесірінен адам емес нағыз хайуани кейіпке енесің. Демек, соғыс бұл деградация адамды адамгершілік қасиеттен айырып хайуандық бастамасына әкеледі.

Бүгінгі күнге дейін жер бетінде ғалымдардың есебі бойынша, 15 мыңнан астам соғысты, яғни әр жыл сайын 3 соғысты бастарынан өткізген. Оларда жүздеген миллион адам қаза тауып, мәдениеттер мен өркениеттер жойылған. Биылғы жыл екінші дүниежүзілік соғыстың бітуіне 75 жыл толып отыр сол соғысқа 73 мемлекеттің 62-сі тартылды. Адамзат сол майданда 71 млн. астам әскери және бейбіт халықтан айырылған екен. Бұл күні соғыста жанқиярлық ерлігімен бейбітшілік және келешек ұрпақтың, бүкіл адамзаттың жарқын болашағы үшін ұлы жеңіске қол жеткізген ерен ерлер бейнесі мәңгілік ел есінде.

Соғысты арнайы зерттейтін ғылым полемология (polemology) деп аталады. Ол ежелгі гректің Полмос (polemos) – «соғыс», және логия (logy) – үйрену, зерттеу мағынасын беретін сөздерінің бірігуінен жасалған [5].

Тарихтың қойнауында болған ірі соғыстар экономикалық, әлеуметтік, діни, саяси мақсатта болған. Бүгінгі күні соғыс тек әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде қарастырады. Соғыс өртінің тұтануы әркілы экономикалық, идеологиялық, діни, ұлттық, мемлекетаралық, жер аумағына байланысты туындап жатады. Ғалымдар соғыстың соңғы классификациясын әлеуметтік-құқықтық, әлеуметтік-тарихи, әлеуметтік-саяси деп үшке бөліп көрсетіп жүр. Әлеуметтік-тарихи түрі соғыстың рөлін адамзаттың тарихи дамуында прогрессивті және реакциялы (бір мемлекетке) деп қаралса, әлеуметтік-құқықтық тұрғыда соғыс заңды және заңсыз, әлеуметтік-саяси тұрғыдан әділетті және әділетсіз деп бөлінеді. Соғысты әділетті және әділетсіз деп айырмасын алғаш

рет голландияның әйгілі заңгері және саяси ойшылы Гуго Гроций көрсеткен. Гуго Гроцийдің ілімдері тек соғыс мәселесіне ғана емес халықаралық қатынастарға, әлемдік бейбітшілік мәселелеріне арналған. Г.Гроцийдің көзқарасы бойынша соғыстың барлығы әділетті екендігін білдірмейді. Соғысты әділетті және әділетсіз деп бөлген ол, «барлық соғыстың басталуы құқықтың бұзылу салдары» – деп түсіндіреді [6]. «Соғыс құқығы және бейбітшілік туралы» еңбегінде әділетті соғыс деп қорғаныс, мемлекеттің тұтастығын сақтау және дүние-мүлікті қорғау соғыстарын ал әділетсіз соғыстар деп басқыншылық, басқаның дүниесін тартып алу, басқа халықтарды бағындыру жолындағы соғыстарды айтады. Ол әділетсіз соғысты жүргізушілер «өздерінің жасаған зұлымдық әрекеттері мен зардаптарынан болған шығынды» төлеуге тиіс деп есептеді. Олар соғыстың барлық ауыртпалығы мен зардаптары үшін адамзат алдында жауапты». Соғыс жер бетіндегі адамзат баласына жасалған ауыр қылмыс. Адам баласының болашақта соғыстан бас тартқаны абзал. Кез келген соғыс тарихтың қара дақтары болып қала бермек. Соғыс бейбітшілікке қол жеткізудің құралы немесе басқа құндылықтар ретінде ешқашанда ақтала алмайтынын жеткізеді.

XXI ғасырда жер беті өркениетке қадам басты сондықтанда мемлекеттер арасындағы шиеленістер соғыс арқылы шешілмеуге тиіс. Бейбітшілікті сақтау соғысты болдырмау жалпы адамзаттың ең басты құндылығы болып қала бермек.

Ағартушылық кезінде Францияның ойшылы Жан Жак Руссо еркіндік пен теңдікті жоғарғы игілік деп санаған. «Бейбітшілікті пайымдау» еңбегінде «жаулау мен деспоттық жүйе бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғамда байлар мен кедейлер, билік басындағылардың мүддесі халықтың қызығушылығына қарама-қарсы. Руссо адамзат алғашқы адамдар секілді қарапайым жағдайда болса бір-бірімен жауласпайды. Барлық адамдар ынтымақта, береке бірлікпен өмір сүре бастайды. «Адам дүниеге еркін болып келеді, бірақ барлық жерде кісендеулі» – деген еді [7, 383 б.]. Бейбітшілікті қолдаған ағартушы 1782 жылы бейбітшілікті уағыздайтын халықаралық ұйым құруды ұсынған.

Ұлы неміс ойшылы, немістің классикалық философиясының негізін қалаушы Иммануил Канттың (1724-1804) бейбітшілікке қатысты «Мәңгілік бейбітшілік» атты еңбегі әлі күнге дейін тарихи құндылығын жойған жоқ. Канттың 1795 жылы жазылған еңбегі еуропаны дүр сілкіндіреді, ойшыл дүниежүзілік соғыстың болатынын

---

сезгендей. Ірі мемлекеттердің басқыншылық әрекеттеріне сонымен қатар кіші мемлекетті отарлауына қарсы болған. Соғыстың кесірінен қаншама адамдар ажал құшады, жазықсыз жандардың қаны төгіледі. Кант жер бетіндегі ең басты құндылық адамның ғұмыры екенін жеткізеді. Соғысты үлкен қылмыс деп таныған философ «Мәңгілік бейбітшілік» жобасын жасайды.

Бұл еңбектің бірінші бөлімі бейбітшіліктің шарттарына арнаған. Канттың идеясы Гаагада өткен бейбітшілік конференциясының алғышарты десекте болады. Канттың көзқарасы бойынша, мемлекеттер арасында мәңгілік бейбітшілік орнату үшін адамзат халықаралық құқықтың тыйым салу сипаты мынадай:

► бірінші бабы. Бейбітшілікті жасасқан кезде болашақ соғыс үшін негізі құпия сақталған болса, бірде-бір бейбітшілік шарты деп есептелмеуге тиіс. Бейбітшілікті сақтау бүгінгі күнгі емес, көкжиектегі бейбітшілікті көздеу соғыстың себептерін жоюды, соғысты болдырмауды мақсат етуі тиіс.

► екінші бабы. Мемлекеттердің теңдігі мен тәуелсіздігін тану. Мемлекеттер бірін-бірі құрметтеуі тиіс. *(Мемлекет дегеніміз мүлік емес. Мемлекет - бұл адамдардың қауымдастығы, өзінен басқа ешкім де оларға әмір етуге және билік етуге тиісті емес)*. Бірде-бір дербес мемлекетті басқа мемлекеттер мұрагерлік бойынша, айырбастау арқылы, сату арқылы, сыйға тарту түрінде ала алмайды [ 8, 72-77 бб.].

► үшінші бабында Кант тұрақты армия уақыт өте келе толықтай жойылуға тиіс дейді. Әскери дайындыққа өзінің отанын сырттан жасалатын шабуылдан қауіпсіз ету мақсатында қаруға жүгінуге азаматтарды ерікті түрде, мезгіл-мезгіл оқытып үйрету – бұл бүтіндей өзге мәселе» деген болатын. Алайда іс жүзінде барлық елдер тұрақты армияларды тарату жөнінде уәделесу керектігін айтады.

► төртінші бабы. Мемлекеттік борыштар сыртқы саясат үшін пайдаланылмауы тиіс. Мемлекеттің кредитке малынбауын айтады. Кредиттік жүйе мен соғыстар тығыз байланысты. Сыртқы берешектің соңы соғыспен ұласып бейбітшілік жолына кедергі келтіруін айтады.

► бесінші бабы. Бірде-бір ел мемлекет басқа мемлекеттердің саяси құрылымы мен басқаруына күштеу арқылы араласпауға тиіс. Бұл дегеніміз бейбітшіліктің нышаны.

► алтыншы бабы. Бірде-бір мемлекет басқа мемлекетпен соғысқан кезде болашақтағы бейбітшілік жай-күйіндегі өзара сенімге мүмкіндік бермейтін, мысалы, дұшпан мемлекетке кісі



өлтiруге жiберу, тiзе бұғу шарттарын бұзу, отанын сатуға арандату. Жер бетiндегi адамзат баласын қырып жоюға жол бермей соғысқа тиым салынуы тиiс деп ойлайды. Ол өмiрiнiң соңына қарай жазылған еңбегi бейбiтшiлiктiң мәңгi болуын кейiнгi ұрпаққа аманат етiп қалдырғандай. Канттың ойынша мемлекеттер арасында мәңгiлiк бейбiтшiлiк орнату үшiн адамзат халықаралық құқықтың принциптерiн енгiзу керек. Бейбiтшiлiк шарты соғыстың орын алған себептерiнiң бәрiн жояды

Дүниедегi ең қымбат қазына Кант үшiн – адам өмiрi. Адам өмiрiн сақтау үшiн халықтар арасында маңызды құндылық – бейбiтшiлiк. Өздерiнiң әлеуметтiк құрылымының, нәсiлiнiң, дiнiнiң, тiлiнiң, мәдениетiнiң айырмашылығына қарамастан халықтар өзара келiсiп, тату – тәттi өмiр сүру керектiгiн айтады. Саясаттағы ең басты мәселе - жер бетiндегi өмiрдi сақтау. Осы мақсатта Кант дүниежүзi халықтары әр халықтың, ұлттың, әр адамның құқықтарын мойындайтын халықаралық келiсiмдi қабылдауы керек деген идеяны ұсынды. Ешкiмнiң де ар-ұжданы, сенiмi, еркiндiгi, қалауы аяққа басылмауы тиiс. Мәңгiлiк бейбiтшiлiк дегенiмiз бос идея емес, керiсiнше жүзеге асырылатын тиiстi мiндет екенiн негiздейдi. Әлем халықтары қарусыз бейбiт елдiң көгiнде бақытты өмiр сүру мақсатын жүзеге асыруын қажет деп таниды.

### **Қорытынды**

XXI ғасырда бейбiт өмiр сүрсекте бүгiнгi күнi болып жатқан шиеленiстер түрлi митингтер, халықаралық қатынастардың нашарлауы адамзат баласын қатты алаңдатып отыр. Американың С.Хантингтон әлемдiк өркениеттердi дiни сипатпен батыстық, латынамерикалық, жапондық, исламдық, православтық, буддалық, африкалық деп бөлген ол үшiншi дүниежүзiлiк соғыстың дiндердiң қақтығысынан болатынын айтқан. Түрлi секталардың көбеюi, экстремизм мен терроризмнiң орын алуы Қазақстанның ғана емес жаһандық мәселелердiң бiрi. Осы орайда дiннен туындаған кикiлжiндердi басу, экстремизм мен терроризмнiң алдын алу мақсатында Қазақстан дүниежүзiнде бiрiншi болып қадам жасады. 2003 жылдан берi елiмiзде үш жыл сайын әлемдiк және дәстүрлi дiндер съезiн өткiзiп келедi.

Сонымен қатар тұрақтылықты нығайту мақсатында саяси одақ, экономикалық, ғылыми-техникалық одақ, әскери одақ тұрғысында да мемлекетаралық байланыстар орнатылған.

Әскери iстердiң қадамдары Қазақстан Республикасының Әскери

---

доктринасында бекітілген. ҚР Әскери доктринаның қорғаныстық сипаты бар, оның ережелерінде бейбітшілікті дәйекті түрде ұстанатындығы елдің ұлттық мүддесін табанды қорғаумен, әскери қауіпсіздігіне кепілдік берумен үйлеседі.

«Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігі мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен тату көршілік қарым-қатынастар, олардың теңдік және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу саясатын жүргізумен, болжанатын қатерлерге негіздей отырып бірінші болып қарулы күшті қолданудан бас тартумен, мемлекеттің әскери ұйымын нығайтумен, оларды бейтараптандырудың неғұрлым тиімді нысандары мен тәсілдерін айқындаумен және пайдаланумен қамтамасыз етіледі»[9,26 б.].

Дүние жүзінің елбасшылары мен мықты саясаткерлер өткенге қарап, тарихтан сабақ алып еларалық мәселе болсын, ұлтаралық кикілжіңді бейбіт жолмен шешеді деген үміттеміз.

Бейбіт өмір ғана адамдар бақытының басты шарты болып табылады. Халықтың бірлігі, татулығы ғана тәуелсіз мемлекеттің тұрақтылығына, өркендеуіне кепіл бола алады.

---

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. К. Токаев. Организация объединенных наций: полвека служения миру. – Алматы «Атамұра», 1995. – 11с.
2. Н. Шо Мальколм. Халықаралық құқық. «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 502 б.
3. Гераклит Ефесский. [ Электронды ресурс ] // [https // ru. m. wiki-source. org](https://ru.m.wikipedia.org). (қаралған күні: 14.11.2020)
4. К. Клаузевиц. О войне. [ Электронды ресурс ] // [militera.lib.ru](http://militera.lib.ru). (қаралған күні: 13.11.2020)
5. Война – это.. [ Электронды ресурс ] // [https: // dic. academic. ru](https://dic.academic.ru) ]. (қаралған күні: 13.11.2020)
6. Г. Гроций. [ Электронды ресурс ] // [https // www. gumer.info.](https://www.gumer.info). (қаралған күні: 15.11.2020)
7. Ж. Руссо. Философия. Учебник для военных вузов п / ред.О.Ефремова. Спб: «Питер», 2015. – 383 с.
8. И. Кант. Бүкіләлемдік азаматтық тұрғыдағы жалпылама тарих идеясы. - Алматы : «Жеті жарғы», 2003. – 72-77 бб.
9. Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы [ Электронды ресурс ] // [adilet. zan .kz](http://adilet.zan.kz). (қаралған күні: 14.11.2020)

ҒТАХР  
11.15.85  
11.15.87

**Слямжар Ахметжаров<sup>1</sup>, Жанар Санхаева<sup>2</sup>**  
*<sup>1,2</sup> Қазақстан Республикасы Президенті  
жанындағы Қазақстан стратегиялық  
зерттеулер институтының аға ғылыми қызметкерлері  
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)*

## **БАҚЫЛАУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЗАҢНАМАЛЫҚ РЕТТЕУ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕІ**

**Аңдатпа.** Сайлау рәсіміне қоғамдық мониторинг жүргізу әлемнің көптеген елдерінде нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген. Осы жұмыста демократия дамыған елдерде, сондай-ақ ТМД жекелеген елдерінде бақылаушылардың қызметін реттейтін заңнамалық негіздер қарастырылған. Салыстырмалы талдау көрсеткендей, негізгі айырмашылық жеке тұлғалардың бақылау процесіне қатысу мүмкіндігінің болуы немесе болмауы, сондай-ақ бақылау процесін реттеу тәсілдері болып табылады.

**Түйін сөздер:** бақылау, сайлау, сайлау процесі, электоралдық белсенділік

---

## **Слямжар Ахметжаров, Жанар Санхаева** **ЗАКОНОДАТЕЛЬНОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НАБЛЮДАТЕЛЕЙ: МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ**

**Аннотация.** Общественный мониторинг избирательной процедуры закреплен нормативно-правовыми актами во многих странах мира. В данной работе рассмотрены законодательные основы, регулирующие деятельность наблюдателей в странах с развитой демократией, а также отдельных странах СНГ. Как показывает сравнительный анализ, ключевыми различиями является наличие или отсутствие возможности участия индивидуальных лиц в процессе наблюдения, а также способы регламентирования процесса наблюдения.

**Ключевые слова:** наблюдение, выборы, избирательный процесс, электоральная активность

---

**Slyamzhar Akhmetzharov, Zhanar Sankhayeva**  
**LEGAL REGULATION OF THE ACTIVITIES**  
**OF OBSERVERS: INTERNATIONAL EXPERIENCE**

**Abstract.** Public monitoring of the electoral procedure is enshrined in regulatory legal acts in many countries of the world. This paper examines the legal framework governing the activities of observers in countries with developed democracies, as well as in individual CIS countries. As the comparative analysis shows, the key differences are the presence or absence of the possibility of participation of individuals in the observation process, as well as the ways of regulating the observation process.

**Key words:** *observation, elections, electoral process, electoral activity*

### **Кіріспе**

Сайлау процесіне сенімнің негізгі факторы ретінде әлемнің көптеген елдерінде жұмыс істейтін бақылаушылар институты болып табылады. Бақылаушылардың басты рөлі - сайлауды ел қабылдаған демократиялық стандарттарға сәйкес өткізу тұрғысынан бағалау. Көбінесе сайлауды бақылау ұлттық заңнамамен реттеледі. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, әр түрлі елдерде бақылау процесі бақылаушылар қызметінің әртүрлі аспектілерін реттейді. Бақылаудың негізгі аспектілерін анықтау: аккредиттеу тәсілдерін, бақылаушыларды жіктеу және бақылаушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілеу маңызды. Өз кезегінде, бақылау процесін реттеудің халықаралық тәжірибесін қарастыру бақылаушылар институтын реттеудің жаңа нысандары мен форматтарын анықтауға мүмкіндік береді.

**Зерттеу әдістері** көбінесе бақылаушылардың қызметін және бақылаушылардың міндетін орындау барысында туындайтын қатынастарды салыстырмалы талдауды қамтиды. Мұндай тәсіл ерекше және ұқсас практикаларды анықтауға мүмкіндік береді.

**Зерттеу нәтижелеріне** елдердің әр түрлі топтарындағы бақылау процесінің ортақ және ерекше белгілерінің сипаттамасы кіреді.

Осылайша, жеке тұлғалардың өздігінен қатысу мүмкіндігі Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-қа тән, алайда олардың қызметінде осы процесті реттеудің кейбір заңнамалық ерекшеліктері негізге алынған.

**АҚШ.** Америка сайлау процестерін әкімшілендірудің орталық-сыздандырылмаған жүйесімен сипатталады [1]. Конституция және

Федералдық заңнама ең төмен стандарттарды көздейді, алайда олардың іске асырылуы мен егжей-тегжейі жекелеген штаттардың құқықтық базаларымен реттеледі. АҚШ-тасайлауды басқару негізінен округтер деңгейінде болады. Нәтижесінде, бақылаушылардың қызметін реттейтін нормативтер 50 штат аясында ерекшеленеді. Осыған қарамастан, штаттардың бақылаушылардың жұмысын реттейтін заңнамалық ережелерінде келесі ортақ аспектілерді атап көрсетуге болады:

**Бақылаушылардың санаты.** Негізінен, АҚШ-тың нормативтік актілері сайлауларда бақылаушыларды бес түрге бөледі. Шетелдік миссия мүшелерінен басқа бақылаушылар АҚШ азаматтары болуы тиіс.

*Партиялық бақылаушылар* – әдетте, бұл дауыс беру күн тәртібін жақтап немесе қарсы дауыс беретін саяси партиялардың, кандидаттардың немесе топтардың мүддесі білдіретін бақылаушылар. Партиялық бақылаушылар, әдетте олардың партиясының немесе топтарының мүддесіне зиян келтіретін іс-әрекеттерді қадағалайды.

Партиялық бақылаушының басты мақсаты – оның партиясының сайлауда жеңіске жетуіне әділ мүмкіндік болуын қамтамасыз ету. Сауалнаманы бақылаушылар сайлау барысын мұқият қадағалап отырады және сайлаушылардың өз партияларына келуін бақылай алады. Сонымен қатар, олар бюллетеньдерді тексеріп, сайлау жабдықтарын тестілеуге, сондай-ақ дауыстарды санау рәсіміне қатыса алады. Алайда, олар билік пен партия шенеуніктеріне заң бұзушылықтар туралы хабарлаудан басқа, сайлау процесіне араласпауы керек.

*Партиясыз бақылаушылар* – бұл сайлау процесінің әділдігін қамтамасыз етуді және сайлаудың саяси нәтижесіне қарамастан, сайлауды өткізу сапасы мен есеп беруін арттыруды жақтайтын бақылаушылар. АҚШ-тың көптеген үкіметтік емес ұйымдары азаматтарға сайлауды тәуелсіз бақылау рәсімін үйретеді. Партиясыз бақылаушылар көбінесе сайлауды жақсарту бойынша шолулар мен ұсыныстармен ашық есептер шығарады. Партиясыз бақылаушылардың қызметі американдықтардың сайлау процестеріне деген сенімін нығайтуға бағытталған.

*Халықаралық бақылаушылар.* Халықаралық ұйымдар сайлау өткізілетін елдің азаматтары немесе резиденттері болып табылмайтын бақылаушылар топтарын орналастырады. Әдетте олар кәсіби әдіснаманы ұстанады және сайлауды демократиялық

сайлаудың халықаралық және ішкі стандарттары негізінде бағалайды. Халықаралық бақылаушылар сайлаудың саяси нәтижесіне қызығушылық танытпайды және сайлауды өткізуге сенімді және бейтарап баға беруге тырысады. 1990 жылдан бастап АҚШ Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) Копенгаген құжатына сәйкес халықаралық бақылаушыларды шақыруға және оларға сайлауды байқауға рұқсат беруге міндеттеме алады.

*Академиялық бақылаушылар* – бұл жоғары оқу орындарымен үлестес тұлғалар. Әдетте, академиялық бақылаушылар өз зерттеушілері үшін деректер жинау мақсатында сайлауға мониторинг жүргізеді. Партиясыз бақылаушылар сияқты ғалымдар нақты күн тәртібін насихаттамайды және саяси нәтижелерге мүдделі емес.

*Федералдық бақылаушылар.* Федералдық заңдардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында АҚШ Әділет Департаменті федералдық бақылаушыларды тағайындайды. Федералдық бақылаушылар жіберілетін штаттарды Бас Прокурор анықтайды. Әділет Департаменті тағайындаған бақылаушылар дауыс беру процесі кезінде нәсілдік кемсітушілік, мүгедек сайлаушылар үшін учаскеге жеткіліксіз қолжетімділік және сайлаушылардың басқа құқықтарын бұзушылық мәселелерін қарастыруы мүмкін. Федералдық бақылаушылар бейтарап көзқарасты, мемлекеттік және жергілікті лауазымды тұлғалардың ынтымақтастығын сақтауға үйренеді.

*Бақылаушыларды аккредиттеу.* АҚШ-та аккредиттеу процесі жеткілікті бейресми сипатта болады [2]. Көптеген штаттар ресми құжаттамалық қолдау немесе бекітілген халықаралық бақылаушылар үшін сәйкестендіру ұсынбайды.

Сонымен бірге, штаттардың сайлау кодекстерінің шамамен 80%-ы партиялық бақылаушыларды тағайындау тәртібін реттейді. Осы процесс шеңберінде партия немесе кандидат белгілі бір уақыт аралығында (сайлауға дейін 15-45 күн бұрын) округтің лауазымды тұлғаларына бақылаушылардың тізімін береді. Бұл ретте, жергілікті билік бақылаушылар үшін арнайы даярлықтың болуын талап етпейді. Билік растағаннан кейін бақылаушылар сайлау учаскелеріне жіберіледі. Көптеген штаттарда партиясыз бақылаушылар үшін ресми аккредиттеу көзделмегенін атап өту керек. Жергілікті билік сайлау өткізу барысында партиясыз бақылаушылар үшін сайлау учаскелеріне қолжетімділікті жеке тәртіппен қамтамасыз етеді.

**Бақылаушылардың электроралды процеске қолжетімділігі.** Көптеген штатта бақылаушылар сайлау процесінің барлық циклын

қадағалау мүмкіндігіне ие болады. Атап айтқанда, бақылаушылар сайлау алдында дауыстарды есептеуге арналған әр түрлі құрылғыларды тестілеу, сайлау күні дауыс беру мониторингін жүзеге асыру, сондай-ақ сайлау күнінен кейін нәтижелерге аудит жүргізу рәсімдеріне жіберіледі.

**ҰЛЫБРИТАНИЯ.** Ұлыбританияның сайлау заңнамасы жеке және заңды тұлғаларды сайлауды байқаушы ретінде аккредиттеуді көздейді, сондай-ақ дауыс беру және дауыстарды санау рәсімін бақылау тәртібін реттейді [3]. Алайда, Заң сайлау алдындағы науқанды бақылау тәртібін, кандидаттарды ұсыну және тіркеу процестерін, сондай-ақ сайлау комиссиясының дайындық жұмыстарын реттемейді.

Ұлыбританияның сайлау комиссиясы сайлау өткізудің стандарттары мен басшылық қағидаттарын, оның ішінде бақылаушылардың қызметін реттеуге қатысты қағидаттарды әзірлеуге жауапты орталық орган болып табылады.

Бақылаушылар үшін жас шектеуі 16 жасты құрайды. 16 жастан асқан кез-келген адам сайлауды бақылау үшін өтініш бере алады.

Заңнамалық деңгейде сайлауды бақылаушылар екі түрге бөлінеді: жеке бақылаушылары және қоғамдық ұйымдар атаған бақылаушылар.

Бақылаушы болу үшін *жеке тұлғалар* әрі қарай аккредиттеуден өту үшін Сайлау комиссиясының платформасында онлайн сауалнаманы толтыруы керек.

*Қоғамдық ұйымдар* да қызмет түрін, қаржыландыру көздерін және басқа да параметрлерді белгілей отырып, сауалнаманы толтырады. Аккредиттеу алғаннан кейін қоғамдық ұйымдар сайлауға мониторинг жүргізу үшін тағайындалған тұлғалардың тізімін Сайлау комиссиясына хабарлама тәртібімен жібереді.

Бақылаушыларды тіркеудің келесі аспектілерін бөліп көрсету керек:

▶ Аккредиттеу алған қоғамдық ұйымдар бақылаушылардың шектеусіз санын тағайындауға құқылы.

▶ Жеке бақылаушылар мен қоғамдық ұйымдардың сауалнамалары 10 жұмыс күні ішінде қаралады.

▶ Сайлау комиссиясы 3 жылға дейінгі мерзімге аккредиттеу ұсынуға құқылы.

▶ Аккредиттелген тұлғалар мен ұйымдар бақылаушы мәртебесін растайтын сәйкестендіру куәліктерін алады.

▶ Бақылаушылардың жалпы тізілімі қолжетімді және Сайлау комиссиясының сайтында жарияланады.



Сайлауды бақылаудың маңызды шарты әлеуетті бақылаушылардың саяси бейтараптылығы мен әділдігі болып табылады. Сайлау комиссиясы әлеуетті бақылаушылардың әділеттілігіне қатысты бірқатар нақты талаптарды келтіреді:

*Бақылаушылар күнделікті өмірде, соның ішінде әлеуметтік желіні пайдалану кезінде әрдайым қатаң саяси бейтараптықты сақтауы керек. Олар билікке, саяси партияларға, кандидаттарға немесе референдум мәселелеріне қатысты қандай да бір сенім мен артықшылық білдірмеуі немесе көрсетпеуі керек.*

*Сондай-ақ, бақылаушылар белгілі бір партияны немесе кандидатты қолдау ретінде қабылданатын кез-келген қызметті жүргізбеуі керек. Атап айтқанда, бақылаушыларға кез-келген партиялық рәміздерді, баннерлерді киюге немесе көрсетуге, сондай-ақ саяси партиялар мен кандидаттардан құнды заттарды қабылдауға тыйым салынады.*

*Саяси партияға қатыстылығы немесе сайлау тобына қатыстылығы аккредиттеуден бас тартуға негіз болып табылмайды. Алайда, сайлау алдындағы науқанға белсенді қатысуды жоспарлап отырған саяси партиялардың мүшелеріне немесе қызметкерлеріне бақылаушы мәртебесін алу үшін өтініш беруге тыйым салынады.*

Сонымен қатар, Сайлау комиссиясы бақылаушылардың *арнайы мінез-құлық кодексін* сақтауын талап етеді. Бұл кодексі келесілерді ұйғарады:

- ▶ Ұлыбританияның заңдары мен мемлекеттік институттарына құрметпен қарау қажеттілігі;
- ▶ сайлаушылардың жеке тұлғаларының құпиясын сақтау;
- ▶ сайлау процесіне қандай да бір кедергі келтіруге тыйым салу, бақылаушының сәйкестендіру куәлігін пайдалану қажеттілігі; кәсібилік қағидаларын ұстану және басқа да талаптар.
- ▶ Комиссия аккредиттеген бақылаушылардың мыналарды байқауға құқығы бар:
  - ▶ Дауыс беруге арналған пошта бюллетеньдерін шығаруға және алуға;
  - ▶ Сайлау учаскелеріндегі дауыс беру барысына;
  - ▶ Тексеру және дауыстарды санау рәсіміне;

Есеп агенттері (Counting agents) сайлау кезінде *саяси партиялар мен кандидаттардың* мүддесін білдіреді. Есеп агентін кандидат немесе саяси партия тағайындайды. Есеп агенттерінің негізгі іс-әрекеттеріне мыналар жатады:

- ▶ есептеу процесін бақылайды және олардың дәл болуын қадағалайды;
- ▶ сайлау комиссиясының өкілдеріне күмәнді бюллетеньдерді көрсетеді;

► Сайлау жөніндегі уәкілдің бюллетеньді қабылдамау туралы шешіміне «қабылдамау келісілмеді» арнайы белгісі арқылы қарсы болуы мүмкін;

► Дауыс беруді есептеу тоқтатылған жағдайда Сайлау жөніндегі уәкілмен қатар дауыс беруге арналған жәшіктерді мөрлей алады.

**ГЕРМАНИЯ.** Германияның сайлау заңнамасында сайлауда бақылаушылардың болуы туралы нақты ережелер жоқ. Сонымен бірге, заңнамалық нормаларда сайлаудың қоғамдық сипаты Бундестагта да, Еуропалық Парламентте де сайлау рәсіміне қолданылатын қағида екенін айтылады [4].

Атап айтқанда, Сайлау туралы федералды заңның 31-бөлімінде *«дауыс беру жария болуы керек»* деп көрсетілген, ал Федералды Сайлау Ережесінің 54-бөлімінде *«дауыс беру кезінде, сондай-ақ сайлау нәтижелерін белгілеу және жариялау кезінде, егер сайлау процесін бұзбауға мүмкін болса, жұртшылыққа сайлау учаскесі қол жетімді болуы керек»* делінген.

Іс жүзінде, сайлау күні кез-келген адам сайлау учаскесінде қалуға және сайлау комиссиясы таңертең жиналған сәттен бастап сайлау нәтижелері туралы түпкілікті шешім қабылдағанға дейін дауыс беру процесін бақылауға құқылы. Бақылау үшін ерекшелік тек сайлаушылардың дауыс беру кабинасында өз таңдауын жүзеге асыру процесі болып табылады.

Осылайша, Германияда бақылаушылар үшін тіркеудің қажеті жоқ. Алайда, сайлау комиссиясы өз қалауы бойынша сайлау учаскесінен мінез-құлық ережелерін бұзатын бақылаушыларды шығаруға құқылы.

ЕҚЫҰ Миссиясының есебіне сәйкес, Сайлау туралы федералды заң мен Германияның федералды сайлау ережесінде «жария» терминінің анықтамалары жоқ. Сонымен қатар, заңнамаға сәйкес сайлау процесінің «жария сипаты» тек дауыс беру рәсіміне қолданылады. Заңнамада сайлау алдындағы науқандарды және сайлаудан кейінгі кезеңді бақылау процесі туралы нормалар жоқ.

Осылайша, сайлау процесін бақылаушылардың қызметі заңмен, қағидалармен және ережелермен, кейбір жағдайларда арнайы этикалық кодекстермен реттеледі, бірақ көбінесе бақылаушылардың қызметін реттеу жүйесі орталықтандырылмаған болып табылады.

Жақын шет елдер үшін заңды тұлғалардан көбінесе байқаушыларды партиялардан немесе кандидаттардан, үкіметтік емес ұйымдардан, БАҚ-тан және т. б. ұсыну тән.

---

**РЕСЕЙ.** Ресейдегі бақылаушының мәртебесі, құқықтары мен міндеттері «Ресей Федерациясы азаматтарының сайлау құқықтары мен референдумға қатысу құқығының негізгі кепілдіктері туралы» негізгі федералды заңмен белгіленеді және әртүрлі деңгейдегі сайлау мен референдумдарды өткізу туралы арнайы заңдармен нақтыланады [5].

Заңға сәйкес, бақылаушының негізгі міндеті дауыс беруді объективті түрде өткізуді, сайлаушылардың, референдумға қатысушылардың дауыстарын санауды қамтамасыз етуге, заңда белгіленген шарттар мен рәсімдерді бұзбай комиссиялардың хаттамаларын толтыруға ықпал ету болып табылады.

Заңнамаға сәйкес белсенді сайлау құқығына ие Ресей Федерациясының азаматы бақылаушы болып тағайындалуы мүмкін.

*Бақылаушыларды төмендегілер тағайындайды:*

- ▶ тіркелген кандидат немесе кандидаттың сенім білдірге тұлғасы;
- ▶ тіркелген кандидатты, тіркелген кандидаттарды ұсынған сайлау бірлестігі;
- ▶ кандидаттар тізімін тіркеген сайлау бірлестігі;
- ▶ Ресей Федерациясының Қоғамдық палатасы, Ресей Федерациясы субъектілерінің қоғамдық палаталары;
- ▶ референдум өткізу жөніндегі бастамашылық топ, қоғамдық бірлестік (референдум деңгейіне сәйкес келетін деңгейде немесе одан да жоғары деңгейде құрылған және тіркелген);
- ▶ әлеуетті бақылаушының сәйкес БАҚ-пен еңбек шарты сайлау ресми тағайындалғанға дейін кемінде екі ай бұрын жасалған жағдайда БАҚ;
- ▶ Заңда өзге қоғамдық бірлестіктердің бақылаушыларды тағайындау мүмкіндігі көзделген.

Федералды заңға сәйкес, бақылаушыларды ұсынатын ұйымдар мен жеке тұлғаларды аккредиттеуді Ресей Федерациясының Орталық сайлау комиссиясы жүргізеді.

Ол үшін ұйымдар (партиялар, қоғамдық бірлестіктер, БАҚ және т.б.) және жеке тұлғалар (тіркелген кандидаттар) Ресей Федерациясының Орталық сайлау комиссиясына өздерінің құрылтайшылық және растайтын құжаттарының пакетін жіберуі керек. Сонымен қатар, олар Ресей Федерациясының Орталық сайлау комиссиясына бақылаушының тегі, аты және әкесінің аты, тұрғылықты мекенжайы, сайлау учаскесінің нөмірі, референдум учаскесі, бақылаушы жіберілетін комиссияның атауы көрсетілген бақылаушылардың тізімін ұсынуы керек.

Шетелдік (халықаралық) бақылаушылардың қызметі Ресей Федерациясының халықаралық шарттарымен, осы Федералдық заңмен, өзге де федералдық заңдармен реттеледі.

Шетелдік (халықаралық) бақылаушы өз қызметін дербес және тәуелсіз жүзеге асырады. Шетелдік (халықаралық) бақылаушының қызметін материалдық-қаржылық қамтамасыз ету бақылаушыны жіберген тараптың қаражаты есебінен немесе оның өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады [6].

**УКРАИНА.** Украинада кандидаттардың, партиялардың және қоғамдық бірлестіктердің бақылаушыларының қызметі «Украина президентін сайлау туралы» Заңмен реттеледі [7].

Ресми бақылаушы болу үшін 18 жасқа толған Украинаның іс-әрекетке қабілетті азаматы болу керек. Бақылаушы болғысы келетін адам ұсыну субъектілерінің біріне өтініш білдіруі керек. Олар: (1) бақылаушыларға рұқсат алған қоғамдық ұйым. Заң сайлауды бақылау құқығын алу үшін жергілікті қоғамдық ұйымдардың жарғылары сайлауды бақылауды осындай ұйымның қызмет түрлерінің бірі ретінде анықтауы керек деп белгілейді. (2) Сайлауға кандидат ұсынған партия. (3) Президент қызметіне кандидат.

Округтік сайлау комиссиясында бақылаушыы тіркеу үшін: (1) қоғамдық ұйым басшысының қолын қойдырып, ресми байқаушыларды тіркеуге ұсыну; (2) байқаушының қоғамдық ұйымнан ресми бақылаушы болуға келісімі туралы өтініші қажет.

*Бақылаушының құқығы мыналарды қамтиды:*

- Учаскелік және округтік сайлау комитеттерінің мәжілістеріне (заң талаптарын сақтай отырып) қатысу (соның ішінде аумақтық сайлау округінде дауыстарды санау және дауыс беру қорытындыларын белгілеу кезінде).

- Дауыс беру құпиясын бұзбай, фото, аудио және бейне түсірілімдерін жүргізу.

- Сайлау бюллетеньдерін сайлау комитетінің мүшелеріне беру кезінде, соның ішінде үйде дауыс беруді ұйымдастыру үшін және осындай дауыс беруді өткізу кезінде қатысу.

- Заң бұзушылықтарды жою үшін сайлау комиссиясына немесе сотқа арыз немесе шағым беру.

- Бюллетеньдерді беру туралы, дауыстарды санау және дауыс беру қорытындыларын белгілеу туралы хаттамалардың көшірмелерін алу;

- Басқа құқықтарды іске асыру.

ЕҚЫҰ Миссиясының бағалауына сәйкес Украинада халықаралық бақылаушыларды аккредиттеу процесі жалпы алғанда инклюзивті

---

болып табылады, бұл ретте Украина билігі ЕҚЫҰ-ға мүше барлық елдерден және басқа да елдерден бақылаушыларды тартады.

Жалпы, жақын шет елдердің заңнамасы бақылаушылардың құқықтары мен міндеттерін нақты реттейді.

### **Түрлі елдерде сайлау процестеріне мониторинг жүргізу практикасы**

Әлемдік аренада сайлауды бақылау институтының үнемі жетілдірілуі байқалады. Елдер үкіметтері мен азаматтық ұйымдар сайлау процестерін бақылаудың әртүрлі әдістері мен стратегияларын қолданады. Соңғы үрдістердің ішінде келесі аспектілерді көрсетуге болады:

- **Бақылаушыларды стратификациялау стратегиясын қолдану.** Айта кету керек, қоғамдық ұйымдар сайлауды бақылау процесіне азаматтардың барынша көп санын тартуға тырысады. Ол үшін бақылаушыларды әртүрлі санаттарға бөлу стратегиясы қолданылады. Мысалы, Ресейдегі А. Навальныйдың штабы өтініш білдірушілерге бақылаудың бірнеше түрін ұсынады [8]:

1. *Супербақылаушы* – бұл учаскеде күні бойы жұмыс істейтін және дауыстарды санауға қалатын адам. Бұл бақылаушыларда барлық қажетті нұсқаулықтар беріледі.

2. *Келуді қадағалаушы* – бұл бақылаушы учаскеге келген сайлаушыларды тіркейді. Бұл бақылаушыларға есептеуіш беріледі.

3. *Бейнебақылаушы* – бұл учаскелердегі бейнекамералар арқылы сайлаушылардың келуін қашықтықтан қадағалайтын бақылаушы. Атап өту керек, Ресей Президентінің сайлауында Сыбайлас жемқорлықпен күрес қорынан шамамен 33 мың бақылаушы қатысты. Бұл ретте, олардың жартысы учаскелердегі камералар арқылы онлайн режимде бұзушылықтарды тіркеді.

- **Дауыстарды параллель санау әдісін қолдану.** Параллельді санау механизмі сайлауды бақылаудың қуатты әдісі болып табылады. Бақылаушылар сайлау учаскелеріндегі дауыс беру және санау процестерін бақылайды, негізгі ақпаратты стандартты нысандарға жазады және нәтижелер туралы (әдетте телефон арқылы) деректерді жинау орталығына хабарлайды. Жылдам санау үйлестірушілері бұл ақпаратты сайлау процесінің жалпы сапасын бағалау және ресми сайлау нәтижелерін болжау немесе тексеру үшін пайдаланады.

2019 жылы Украинадағы президенттік және парламенттік сайлауда дауыстарды параллель санауды азаматтық сектор өкілдері де, сайлауға қатысушылардың штабтары да жүзеге асырды.

Президенттік және парламенттік сайлау барысында «Опора» (Тірек) азаматтық желісінің бақылаушылары сайлау барысы туралы ақпаратты жедел түрде орталық штабқа жіберді, онда мәліметтер өңделіп, жұртшылыққа хабарланды. Кандидат В.Зеленскийдің штабы, сондай-ақ оның «Слуга народа» (Халық қызметшісі) партиясы дауыстарды параллель санап, сайлаушылар сайлау күні бұзушылықтар туралы хабарлайтын сенім телефонын іске қосты.

• **Электронды бақылау әдістерін қолдану.** Қазіргі заманғы ақпараттық құралдар мен технологиялар кейбір қызмет түрлерін, соның ішінде сайлау өткізуге қоғамдық бақылауды сапалы жаңа деңгейге шығарады. Қазіргі сайлау науқандарының тәжірибесінде онлайн бақылау немесе онлайн-мониторинг сияқты құбылыс кең таралды.

Эстония сайлау учаскелерінде дәстүрлі дауыс берумен қатар, интернет-дауыс беру мүмкіндігін заңнамалық деңгейде бекіткен әлемдегі алғашқы елдердің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда сайлаудағы сайлаушылардың жартысына жуығы онлайн платформа арқылы қашықтықтан жұмылдырылады. Елдегі барлық басқа цифрлық қызметтер сияқты, интернет-дауыс беру жүйесі Эстонияның электрондық жеке куәліктерінің арқасында мүмкін болды, олар сандық қолтаңбаларды қолдана отырып, қауіпсіз, қашықтан аутентификацияны қамтамасыз етеді.

Дауыс беру рәсімінің ашықтығын ынталандыру мақсатында электрондық дауыс беру басталар алдында техникалық құралдарды міндетті түрде тестілеу жүргізіледі. Жоғарыда аталған комитеттің отырыстарын онлайн режимде міндетті түрде бейне сүйемелдеу көзделеді. Бұдан басқа, комитет сайлаушының нақты ерік білдіруін техникалық құралдармен тіркеу және беру рәсімдеріне ішкі аудитті жүзеге асырады.

Бақылаушылар Интернет-дауыс беруді өткізудің бүкіл технологиялық тізбегін қадағалауды жүзеге асыруға құқылы. ЕҚЫҰ сарапшыларының ұсынысы бойынша онлайн-дауыс беру рәсіміне бақылаушыларға сайлаушылар дауыстарын санаудың дұрыстығын қадағалауға және сайлаушылар тұлғаларын верификациялауға мүмкіндік беретін криптография құралдары енгізілді

• **Әлеуметтік желілер мониторингін жүзеге асыру.** Халықтың әлеуметтік желілерді және онлайн-коммуникация әдістерін белсенді пайдалануы сайлаушылардың пікірін айла-шарғы жасау тұрғысынан виртуалды платформалардың мониторингі мәселелерін өзекті етті. Интернеттегі таңдамалы араласу құбылысы жаһандық

---

болып табылады. Бұл қалыптасқан демократияға да, өтпелі режимі бар елдерге де әсер етеді. Әлеуметтік желі платформалары сайлауға әсер етудің негізгі құралына айналды: олар саяси көзқарастар мен сенімдерді, сондай-ақ сайлаушылардың түпкілікті таңдауын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сайлауда айла-шарғы жасаудың негізгі тетіктері – жалған ақпарат, жеккөрушілік (hate-speech), сондай-ақ саяси жарнама.

Үкіметтің бастамалары, әдетте, сайлауды бақылаудың геосаяси аспектілеріне, атап айтқанда сыртқы қатысушылардың (мемлекеттік және мемлекеттік емес) ұлттық сайлауға әсерін болдырмауға бағытталған. Мысалы, Швецияда үкімет швед сайлауына қауіп төндіретін пікірлерді, соның ішінде сайлау учаскелеріне жоспарланған шабуылдарды анықтау үшін әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізді. Германия мен Францияда сайлау циклдары кезеңінде жалған ақпарат пен арандатуларды анықтау үшін боттар мен тролльдерге мониторинг жүргізу жүйесі жұмыс істейді.

Литва Үкіметі жасанды интеллект жүйесін қолданады, ол жалған ақпараттың ықтималдығы жоғары жаңалықтар мақалаларын автоматты түрде анықтайды. Чехияда Kremlin watch бастамасы жұмыс істейді, ол Чехияның интернет кеңістігін жалған ақпарат тұрғысынан қадағалайды.

Үкіметтік емес ұйымдар сайлау науқандарының мониторингін негізінен Facebook және Twitter платформаларында жүзеге асырады. Әлеуметтік желілер мониторингі үлкен ауқымды деректерді талдау қажеттілігін туғызады. Еуропа елдерінде азаматтық белсенділер жалған ақпараттың жоғары ықтималдығы бар жарияланымдарды анықтайды, содан кейін олар БАҚ-қа жіберіледі. Өз кезегінде журналистер мәлімдемелерді тексереді және көрсетілген фактілерді растайды немесе жоққа шығарады.

• **Карантин кезінде бақылауды жүзеге асыру.** COVID-19 пандемиясының таралуына байланысты әлемнің **50 жуық елі** ұлттық және жергілікті деңгейде **сайлау өткізуді кейінге қалдырды**. Сонымен қатар **әлемнің 18 елі** вирустың таралу жағдайына қарамастан ұлттық және жергілікті деңгейде **сайлау өткізді**.

Оңтүстік Кореяда 2020 жылғы сәуірдегі парламенттік сайлау кезінде пандемияның таралуын болдырмау үшін тиісті қауіпсіздік шаралары қабылданды: сайлаушылар учаскеге маскамен ғана жіберілді, кіреберісте сайлаушылардың температурасы өлшенді, қолдары зарарсыздандырылды, сонымен қатар бір рет қолданылатын қолғаптар берілді [9].



Қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету мақсатында 550 мыңға жуық адам, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер жұмылдырылды. Әскери қызметшілер бүкіл ел бойынша 14 мыңнан астам сайлау учаскелерін дезинфекциялады және сайлаушылар бір-біріне тым жақын болмауы үшін кемінде 1 метр аралықта күту сызықтарын белгіледі. Көрсетілген шарттар сақталған кезде сайлаушыларға бюллетеньдер және дауыс беруге арналған кабинаға кіруге рұқсат берілді.

Айта кету керек, температурасы 37,5 С-тан жоғары сайлаушылар дауыс беруді жүзеге асыру үшін бөлек жаққа жіберілді. Коронавирустан емделіп жатқан науқастарға бюллетеньдерін пошта арқылы жіберуге мүмкіндік берілді. Сонымен қатар, дауыс беру кабиналары коронавирустың жеңіл белгілері бар сайлаушылар тұратын тұрғын үй орталықтарына жақын жерде орнатылды.

Бақылаушылар сайлау барысын үнемі қадағалап отырды, бірақ оларға барлық жеке қорғаныс құралдары: арнайы костюмдер, маскалар, пластикалық көзілдіріктер, қолғаптар берілді.

### **Қорытынды**

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, көптеген елдерде сайлауды бақылау институционализацияланған және нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Байқаушылардың рөлі дауыс беру барысын объективті қадағалау мен бақылау, сайлау науқанын өткізу шеңберінде айқындалған. Бақылаудың маңызды қағидаты бейтарап бақылауды жүзеге асыру және сайлау процесіне қатыспау қағидатын сақтау болып табылады.

### **ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. International Election Observation Mission. United States of America, General Elections, 3 November 2020 Statement of Preliminary Findings and Conclusions. URL: <https://www.osce.org/files/f/documents/9/6/469437.pdf>
2. АҚШ түрлі штаттарында бақылаушылардың рөлін салыстырмалы талдау // National association of secretaries of State, 2016. URL: [https://www.eac.gov/sites/default/files/eac\\_assets/1/28/state-laws-poll-watchers-challengers-0816.pdf](https://www.eac.gov/sites/default/files/eac_assets/1/28/state-laws-poll-watchers-challengers-0816.pdf)
3. Electoral observation at United Kingdom elections and referendums// the Electoral Commission, 2018, 15 p.
4. OSCE/ODIHR Needs Assessment Mission Report. Elections to the Federal Parliament (Bundestag), 24 September 2017, 11 p.
5. «Ресей Федерациясы азаматтарының сайлау құқықтарының және референдумға қатысу құқығының негізгі кепілдіктер туралы» 12.06.2002 N 67-ФЗ Федералдық заңы

- 
6. «Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Мемлекеттік Думасының депутаттарын сайлау туралы» 2005 жылғы 18 мамырдағы N 51-ФЗ Федералдық заңы
  7. Украина Президентінің сайлауы туралы Украинаның 1999 жылғы 5 наурыздағы № 474-XIV Заңы
  8. Сайлауда қалай бақылаушы болады? URL: <https://shtab.navalny.com/hq/moskva/2579>
  9. Joseph Yi and Wondong Lee. After the 2020 Parliamentary Elections, What's Next for South Korean Politics? April 22, 2020. URL: <https://thediplomat.com/2020/04/after-the-2020-parliamentary-elections-whats-next-for-south-korean-politics/>

Лаззат Габдуллина<sup>1</sup>, Бауыржан Толысбаев<sup>2</sup>,  
Борис Лавровский<sup>3</sup>

*<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің докторанты  
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)*

*<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
Менеджмент кафедрасының меңгерушісі, экономика  
ғылымдарының докторы, профессор  
(Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан)*

*<sup>3</sup>Новосибирск мемлекеттік техникалық университетінің  
профессоры, экономика ғылымдарының докторы  
(Новосибирск, Ресей)*

## **СЫРТҚЫ САУДА АЙМАҚТЫҢ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУДЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ** *(Шығыс Қазақстан облысының мысалында)*

**Аңдатпа.** Сыртқы сауда қатынастары жаһандық әлемде макроэкономикалық және аймақтық экономикалық қызметтің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сыртқы сауда көлікпен тығыз байланысты. Көлік-логистикалық жүйесінің қалыпты қызметі тараптардың сату-сатып алу бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ете отырып, халықаралық мәмілелердің тиімділігіне едәуір ықпал етеді. Қазіргі таңда Қазақстан және оның аймақтары үшін, экономикалық қызмет түрлерінің тар шеңберінен шығуға бағытталған, ұлттық және аймақтық экономиканы әртараптандыру мен модернизациялау бойынша мемлекеттік саясаттың стратегиялық маңызы зор. Оның ішінде, қазіргі төртінші өнеркәсіптік төңкеріс шарттарында, экспорттық-импорттық қызметті дамыту ерекше рөл атқарады. Мақаланың мақсаты Шығыс Қазақстан облысының (ШҚО) сыртқы сауда әлеуетін және осыған байланысты аймақтың көлік-логистикалық жүйесінің мүмкіндіктерін анықтау болып табылады.

**Түйін сөздер:** *сыртқы сауда, экспорт, импорт, тауар айналымы, Шығыс Қазақстан, аймақ, материалдық ағын, көлік, логистика.*

---

**Лаззат Габдуллина, Бауыржан Толысбаев, Борис Лавровский**  
**ВНЕШНЯЯ ТОРГОВЛЯ КАК ФАКТОР РАЗВИТИЯ**  
**ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ РЕГИОНА**  
*(на примере Восточно-Казахстанской области)*

Ханордасы қонысына жүргізілген қазба барысында алаңы 300 шаршы метр болатын «үлкен үй» ашылды. Онда бес тұрғын және шаруашылық бөлмелер болды. Бір тұрғын бөлменің қабырғасына, кіреберістің оң жағына «Г» үлгісіндегі сыпа орналастырылған.

XX ғ. аяғы – XXI ғ. басында ортағасырлық Бұзық (Бозок) қаласына зерттеулер жүргізілді.

К.М. Байпақовтың жетекшілігімен Батыс Қазақстанда Орал қаласынан 8 км оңтүстіктегі Ысқырық таудың етегінде, Жайық өзенінің оң жағасында орналасқан Жайық қаласы қазылды. XIII–XIV ғғ. Жайық пен Отырар қалаларындағы қалалық баспаналардың жоспарлануының бір-біріне жақын келуі көңіл аудартады. Жайық қаласынан анықталған және зерттелген қоғамдық құрылыстардың бірі, крест үлгісінде жоспарланған және еден асты жылыту жүйесі бар монша-хамам құрылысы ерекше көзге түседі.

Сарайшық қаласына кең көлемдегі қазба жұмыстары жүргізілді. Табиғи төбеге салынған сарай ғимаратының бір бөлігіне қазба жүргізілді. Қала маңына орналасқан үйлердің жоспары, керамикалық кешені, кесенелердің архитектурасы Оңтүстік Қазақстанның материалдық мәдениеті мен



құрылысына өте ұқсас келеді.

Қазақстанның XIII ғ. – XV ғ. бірінші жартысындағы халықтардың мәдениетінде бұрынғысынша отырықшы-егіншілік пен қалалықты құрайтын жағдайлар маңызды рөл атқарды. Ғылымда етек алып келген, негізінде екі шаруашылық пен мәдени салттар, көшпелі және отырықшы халықтардың өзара әрекеттесуі мен дамуы, дала мен қаланың синтезі жатқан «далалық өркениет» мәселесі қойылып, шешімін тауып келеді.

Одан басқа, Ұлы Жібек жолы трассасы бойында орналасқан қалалар Қазақстанның барлық аймағын байланыстырушы буын болып келді.

Қалалар қолөнер мен сауда орталығы болды. Көзешілік қолөнерді ұйымдастыру мәселесін шешуге мүмкіндік беретін жаңа материалдарды Отырар қаласы түбіндегі көзешілер орамына жүргізген К.М. Байпақовтың қазба жұмыстары берді. Дәуірдің негізгі тұлғалары қолөнершілер – өндіріс орнының иесі және өнімді тікелей өзі өндіруші болды. Көптеген міндеттеріне қарамастан ерікті қолөнершілер қолөнердің негізі тұлғалары да болған.

Отырарлық шеберханалар өзіндік тауар өндірудің жеке өндірушісі – үй маңындағы өзінің шеберханасында жұмыс істеген көзеші туралы түсінік береді. Қаланың орталық бөлігіндегі сияқты жекелеген көзешілер орамы өмір сүрген қала түбінде де қолөнершілердің шоғырлануы байқалады.

Қолөнершілердің арасында мүліктік жіктелушілік байқалады, мұны шеберхананың көлемі, пештердің саны, қымбат құрылыс материалдарын үй жабдығында, мысалы, қыш кірпіштерді пайдалану деңгейінен көруге болады. Ауқаттылар қатарына Отырардың орталық бөлігі аумағынан тазаланған шеберхананың көзешісін жатқызамыз.

Отырардың керамикалық өнім шығарған шеберхана өндірісін, бастысы ақауы бар және сынған керамикалар толған шұңқырлар, сонымен қатар белгілі жағдайлармен күймей қалғандар, күйдіру камерасындағы керамикаларды талдау шеберлердің мамандануы жолға қойылғандығын анықтауға

---

мүмкіндік береді. Олар бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша монғолдар уақытына дейін болған. Мұны мамандандырылған көзелік пештердің бөлінуі, қолөнершілердің бұйымның тек қана белгілі бір түріне көңіл аударуы және ірі шеберханалардың ішінде еңбек бөлінісінің болуы дәлелдейді.

Шыны бұйым өндірісімен байланысты қолөнер де зерттелді. Қызықты мәліметтер зергерлік өнерден алынды.

Күміс ісі көмбе материалдары, қазбадан табылған заттар бойынша зерттелінді. Күмістен жасалған қызықты әшекейлер Отырардың XIII ғ. жататын заттай көмбесінен анықталды.

Қорытындылай келе, монғол шапқыншылығы уақытында қалалардың қирауы, егіншілік белдеулер мен көшпелі даланың босап қалуы Ұлы Жібек жолы бойындағы халықаралық саудаға, аймақаралық саудаға, қала мен айналасының, қала мен даланың саудасына қатты әсер еткендігі дәлелденді.

Дегенмен сауда байланысы артынша қалпына келтірілді. Қазақстан аумағы арқылы өтетін Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда Батыс Еуропаның әсерінен қарқынды дамыды: Италия, Франция Қырым мен Польша арқылы, Қара теңіз маңы далаларымен, Еділ бойы, Хорезм мен Арал маңы, Орталық Қазақстан мен Жетісу арқылы керуен Моңғолия мен Қытайға барды.

Халықаралық сауданың көрнекті үлгісі Отырардан табылған ақшалай-заттай көмбесі, онда бай саудагердің жинаған Отырар, Алмалық, Қаракорым, Еміл, Пулад, Орда-ал-Азам, Женд, Сивас, Тебризде жасалған зергерлік бұйымдары, күмістен жасалған заттары мен тиындары болып табылады. Көмбелердің жиналуы XIII ғ. 60-жылдарына жатады. Ол, шамасы, бай көпестің жол шығындары сомасын құраған. Осы уақытта көптеген теңге сарайлары жұмыс істеген.

Сауда жолдарының бойына тәртіп бойынша керуенсарайлар орналасты. Сарайшық пен Хорезм аралығындағы керуен жолы сақталып, оның бойында құдығы бар 15-тен астам керуенсарай тұрды.

Керуен-сарайлар Тараз маңынан, Ақыртас, Алматыдан алыс емес жердегі Шеңгелдіден зерттелді.

XIII ғ. – XV ғ. бірінші жартысындағы дәуір исламның ары қарай дамуының уақыты болды. Мұны қалаларға жүргізілген қазба барысында ашылған мешіттер, ханакалар мен кесенелер дәлелдейді. Сәулет өнерінің көрнекті туындысы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі мен сақталған қолданбалы өнер заттары – бұл Тайқазан, қола шырақ, есіктің тоқылдатқышы, тудың ұшы болып табылады.

Халықтың арасында исламмен қатар буддизм, христиандық, несториандық, манихейлік өмір сүруін жалғастырғандығы анықталды. Мұны Қойлықтан ашылған будда және манихей храмдары, Қойлыққа жақын жердегі христиан шіркеуі, Жыланбалықтағы крест және сириялық жазуы бар қайрақтар (қабір тастары) дәлелдейді.

К.М. Байпақовтың белгілеуі бойынша Қазақ КСР-і Ғылым академиясынан Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының (1971 ж.) ұйымдастырылуы Қазақстанның кейінгі ортағасырлық қалаларына кең көлемді археологиялық зерттеулер жүргізудің бастауы болды. Ол қазақстандық және ортаазиялық археологияның жаңа бағыты – кейінгі ортағасырлық кезең археологиясының дамуын жолға салды. Зерттеу материалдары XV ғ. екінші жартысы – XVIII ғ. Қазақ хандығы тұсындағы урбанизация мен XVIII ғ. аяғы – XIX ғ. бірінші жартысындағы урбанизация туралы түсінік алуға мүмкіндік берді.

XV–XVIII ғғ. картаға жазбаша деректерде белгілі барлық қалалар мен қоныстарды қазіргі нақты орындарын анықтап орналастыруға мүмкіндік туды. Түркістанның урбанизациялық шекарасы белгілі тарихшы Ибн Рузбиханның келтірген мәліметтері бойынша жаңаша анықталуда. Бүгінде Түркістан аумағы «бұхаралық қонақ» көрсеткендей айтарлықтай үлкен болғандығы белгілі болды. Аймақ ретінде Дәшті Қыпшақ маңызды рөл атқарғандығы айқындалды. Қала мен дала, олардың өзара әрекеттесуі далалық өркениеттің қалыптасуында маңызды рөл ойнады. Оның негізінде егіншілік пен мал шаруашылығының, кең түрде қала мен даланың экономикалық селбесуі жатыр. Дәшті Қыпшақ Түркістан урбанизациясының барысын түрлендірді.

---

К.М. Байпақов Қазақ хандығының қалалары кең хронологиялық шеңбердегі қола дәуірінен сақтарға дейінгі, одан кейінгі түрік қағанаттары мен ерте және дамыған орта ғасырлардағы мемлекеттерден Ақ Орда, Алтын Орда, Моғолстан қалаларына дейінгі қалалардың дәстүрлі дамуының жалғасы болып табылады деген қорытынды жасады.

Дәстүрлілік қалалардың топографиясы, баспанасы, материалдық мәдениеті, ескі дәстүрлі наным-сенімдердің сақталуынан байқалады.

Қалалық құрылысты зерттеу ондағы тұрғын үй орамдарын бөліп қарастыруға мүмкіндік берді. Бірқатар қалалардан, ең алдымен Отырартөбеден барлық қалаларға тән көше жүйесінің дамуы, қалалық қабырға ішін бойлай өткен «айналма» көше анықталды.

Қалалық баспаналардың түрі, оны құраушы бөліктер, санитарлық-тұрмыстық құрылғылар, қабырғада тік құдығы мен сыпаға орналастырылған түіндікті әмбебапты тандырмен жылыту тәсілдері белгілі болды.

Байлар мен кедейлердің, орташа тұрмысты тұрғындардың үйлері айқындалды. Орамдардың құрамында тек байлардың немесе кедейлердің үйлері жоқ, онда орташа мүліктік молшылықтағы тұрғындар иеленген үйлер бар.

Археологиялық зерттеулер қалалардың биік қабырғалары, қабырғалардағы мұнаралар, су толтырылған орлары, бекіністі кіреберіс жүйесіндегі қақпалары: екі жағынан мұнаралар қорғаған, орлары арқылы өткен көпірлері туралы түсініктер береді.

Қазақ қалалары тұрғындарының қорғаныс жүйесі өнерінің жарқын үлгісі Сауран қаласының осы күнге дейін жақсы сақталған қабырғасы мен оры, Түркістан, Отырар қалаларының қабырға қалдықтары, Отырар, Сығанақ және Сауран қалаларының кіріп-шығу кешендері болып табылады.

Қорғаныс жүйесіндегі жергілікті дәстүр мен жаңартпалығын, оның бекіністі ату жұмыстарының тәсілдік деңгейінен, «отты шайқастың» пайда болуына дейінгі дамуын зерттеу өте маңызды.

Ерекше дәстүрлілік сырсыз керамикаларынан, бастысы Қаңлы мемлекеті негізін құраған қауыншы мәдениетінің ыдыстарында пайда болған таңба үлгісіндегі белгілерден анық көрінеді. Таңба үлгісіндегі белгілер кейінірек қанғар, оғыз және қыпшақ керамикаларында, дамыған ортағасырлық қалалардың, тіпті Қазақ хандығы қалаларында кездеседі. Сонымен бірге таңба – елтаңба емес, ал белгі жеке адамдікі, адамдар тобыныкі екенін естен шығармау керек. Осы жағдайда ғана керамикалардағы таңба қалалардың кімдерге, дұрысында, шеберге немесе шеберхана шеберіне, не болмаса қазақтың нақты бір рудың шеберхана өкілі иесіне қатыстылығын куәландырады.

Қазақ хандығындағы кейінгі ортағасырлық қалалар – Отырар, Сауран, Сығанақ, Сайрамнан мешіттер, Саураннан – медресе мен ханака ашылып зерттелді.

Түркістан Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің арқасында Қазақ хандығының идеологиялық орталығы болды. Ислам идеологиясының ірі орталықтарына, сонымен қатар Сайрам, Сауран мен Сығанақ жатты.

Қалалар саяси және әкімшілік орталықтар қызметін атқарып, хандардың және қазақ мемлекеті элитасы өкілдерінің резиденциясына айналды. Ханның астанасы Түркістан болды.

Қалалар қолөнер мен сауда шоғырланған орталықтар болды. Қалаларға жүргізілген қазба барысында бай керамикалық өнімдерді шығарған көзешілердің қолөнер шеберханалары табылып, зерттелді. Темір жасайтын өндіріс, мыс ісі, зергерлік қолөнер, тас пен сүйек өңдеу, тоқымашылық пен кілем тоқудың дамуы жоғарғы деңгейге жетті.

Қазба барысында жиналған бай нумизматикалық материалдар – Түркістан, Отырар, Сайрам, Сауран, Сығанақ, Жезд, Сарайшық қалаларында шекілген тиындар қалаларда сауда-ақша қатынасының дамығандығын дәлелдейді.

Қалалар қала мен даланың, қала мен ауылдың, өңір ішіндегі және халықаралық сауданың орталығы болғандығын Түркістан, Сайрам, Отырар және басқа да қалалардан табылған тиындар дәлелдейді. Саудада Бұхара, Самарқанд, Андижанның күміс

---

тиындары маңызды рөл ойнады.

Қалалар мен оның төңірегінде егіншілік дамыды.

Қалалар оның төңірегіне қыстауға келген көшпелілермен және даламен тығыз байланыста болды. Әсіресе көптеген қыстаулар тек маусымдық қана емес, стационарлық қоныстарға айналғандығы Сығанақ, Сауран, Отырар, Түркістан, Сырдарияның сол жағалауындағы Аркөк, Куджан, Аққорған қалаларынан кездеседі.

Қала тұрғындары нан, мата, қолөнер өнімдерін саудалады. Отырардың әрбір бесінші үйінде астық қоры қоймасының болуы, қала халқының қажеттілігінен асып кеткендігін білдіреді, шамасы оны сатуға дайындаған.

Дамыған егіншіліктің куәсі Отырар, Түркістан қалалары маңынан жақсы зерттелген суландыру жүйесінің тармақтары, Аркөк, Аққорған сияқты Сырдарияның сол жағалауындағы қалалар айналасындағы телім алабы болып табылады.

Қалалардағы халықтың этникалық құрамы туралы мәселе өте күрделі. Деректер оларда қазақтар, сарттар, қарақалпақтар тұрған деп жазады. Қалаларда қазақтардың тұрғандығын сырлы және сырсыз керамикалардағы таңбалардың қазақ таңбаларына ұқсас келуімен, ал қалалық баспаналар бұрынғы тарихи кезеңдердегі дәстүрлі қалалық баспаналардан келіп шығуы, оның қазақтардың дәстүрлі баспаналарымен ұқсастығымен дәлелденеді.

Қалалар халқы қалаға қоныстанған қазақтардың есебінен үнемі толығып отырды. Бұл көшуге мүмкіндігі жоқ кедейлер, бір жағынан жатақтар – халық, екінші жағынан – қазақ қоғамының басшылығы: қала басшылары, хандар, сұлтандар, қалалық жерлерді иеленуге тырысқан, онда табысты қалалық құрылыстар – базарлар, керуенсарайлар, қолөнер шеберханаларын тұрғызуға тырысқан тайпа ақсүйектері болды.

Олай болса, қазақ кедейлері – жатақтар мен қазақ элитасы Қазақ хандығының қала тұрғындарының санына кіріп, этникалық құрам мен ерекше қалалық менталитетті қалыптастырды.

Шолу жұмыстарын қорытындылай келе, К.М. Байпақов

ұсынып отырған рецензиялық зерттеуін тек көлемділігімен ғана емес, автордың Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы аумағындағы урбанизацияның толық және күрделі көрінісін алғандығын айта кеткен дұрыс.

Автор қала мен қалалық мәдениеттің дәстүрлі даму жолын, дамудың үздіксіздігін, сонымен қатар әр кезеңге тән жаңартпалықтың пайда болуын қалпына келтірген.

Қазақстан мен Орта Азия археологиясында алғаш рет урбанизацияның дамуының толық көрінісін және оның ежелден (қола дәуірінен) Қазақ хандығына дейінгі динамикасын зерттеді және көпшілікке бере алды.

К.М. Байпақовтың тыңғылықты жасаған және алған қорытындысы Қазақстанның барлық аймағынан жиналған қомақты, жинақталған, талданған нақты материалдарға сүйенеді. Бұл қалалардың топографиясын, қалалардың баламалануын, қолөнер, сауда, мәдениетті зерттеуге негізделген осы түрдегі зерттеулердің алғашқысы екенін айта кету керек. VI – IX ғ. бірінші жартысы; IX ғ. екінші жартысы – XIII ғ. басы; XIII – XV ғ. бірінші жартысы; XV ғ. екінші жартысы – XVIII ғ.; XIX ғ. бірінші жартысындағы қалалар орналасқан аймақтық карталары жасалынды.

Сонымен қатар автор Қазақстанның оңтүстігінен, солтүстік-шығыс Жетісудан жаңа қалаларды анықтап, Отырар жазирасынан Кедері, Бұзық, Арыс алқабынан Йаканкент, Түркістан жазирасынан – XI–XIII ғ. басындағы Сауран, Қаратаудың солтүстік баурайынан Йунка, Уросохан, Қаракорым, Арал маңынан Хора-Джувара, Іле өңірі аймағының астанасы Қойлық, Жыланбалық, Шу өңірінен Навакет, Талас өңірінен Жамұқат қалаларының қазіргі орындарын анықтады.

Орам құрылысының дамуы мен қалалық баспананың дамуын қадағалады. К.М. Байпақовтың тікелей атсалысуымен Кедері, Құлан, Ақыртас, Жамұқат, Қойлық қалаларынан сарай кешендері ашылып, салтанатты культтік бөлмелердің ішкі жабдықтарынан бірегей материалдар алынды. Бұл Кедерідегі өртенген оймышты тақтай, Құлан, Жамұқат пен Қойлықтағы оймышты сылақ.



---

К.М. Байпақов Қойлықтағы будда храмын, Кедері, Ақыртас, Өрнек, Қойлықтағы мешітті, Саурандағы медресені, Қойлық пен Саурандағы ханаканы зерттеп, ғылыми айналымға енгізді.

Зерттеуші тапқан қалалық қоғамдық құрылыстардың арасында Отырар мен Қойлықтағы моншалар бар. Отырар рабадындағы көзешілер орамын алғаш рет К.М. Байпақов зерттеді. Ашылған жекелеген шеберханалар, жиналған бай материалдар XIII–XIV және XV–XVII ғғ. керамика өндірісін ұйымдастыру, көзе шеберханаларының мамандануы, көзешіліктің даму деңгейі мәселелерін шешуге мүмкіндік берді.

Көптеген ақ-қара түсті фотографиялар, жоспарлар, суреттер, аэрофото, түрлі түсті фото, қалалардың аэрофотосы, қазба нысандары, Ұлы Жібек жолы мен оның бойындағы қалалар көрсетілген карталардан тұратын иллюстрациялар қатары бар екенін айта кету керек.

Жалпы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Байпақов Карл Молдахметұлының монографиялық зерттеулері Қазақстан, Орталық Азия мен Еуразияның археологиясы мен тарихына құнды үлес қосты.

*Б.Е. Көмеков* – ҚР ҰҒА академигі, Тарих ғылымдарының докторы, профессор

*Е.Ш. Ақымбек* – Археология және этнология мамандығы бойынша PhD докторы

**Мұрат Лаумулин**

**2020 ЖЫЛҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯҒА АРНАЛҒАН  
ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ\***

*Аймақішілік мәселелер*

**Irnazarov Farrukh, Vakulchuk Roman. Discovering Opportunities in the Pandemic? Four Economic Response Scenarios for Central Asia. Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program. – Washington, D.C.: Johns Hopkins University, 2020. – 47 p.**

Батыстағы саясаттану және экономика ғылымы коронавирустық індеттің таралуына байланысты дағдарысқа пікір білдірді. Фарух Ирнazarов (ОА даму институты) және Роман Вакульчук (Норвегиялық Халықаралық қатынастар институты) Дж.Хопкинс университетінің қабырғасында, Орталық Азия мен Кавказ институтының профессоры Ф.Старрдың басқаруы аясында «Орталық Азия үшін экономикалық жауаптың төрт сценарийі және пандемия жағдайында мүмкіндіктерді іздеу» зерттеуін жариялады. Авторлар эпидемия мен қарсы шаралардың салдарынан туындаған аймақтағы экономикалық дағдарыстан шығудың төрт мүмкін жолы бар деп санайды. Бірінші сценарий - шектеулі реформалар, мемлекеттің өсіп келе жатқан рөлі және протекционистік тәжірибесін енгізу арқылы тұрақтылықты сақтауды қамтитын протекционистік томаға-тұйықтық. Екінші сценарий – инфрақұрылымдық әртараптандыру – өсіп келе жатқан әлеуметтік қолдауды, осының есебінен жеке сектордың рөлін ұлғайтуды және тиімді өңірлендіруді білдіреді. Үшінші

\* Аталған шолу ҚСЗИ-да дайындалып жатқан «М.Т. Лаумулин. Орталық Азия бойынша шетел әдебиетіне шолу: 2010-2020 жж. – Нұр-Сұлтан: ҚСЗИ, 2020» электрондық басылымының қорытынды фрагменті болып табылады.

---

сценарий инерциялық ассиметрия деп аталады, оның астында авторлар теңсіздіктің өсуіне, шектеулі әртараптандыруға және шектеулі реформаларға, «әдеттегідей, тек бизнес» қағидатын енгізуге, күрт өсіп келе жатқан аймақтандыруға әкелетін таңдаулы қолдау шараларын білдіреді. Соңғы сценарий үшін зерттеушілер түбегейлі реформалар, экономиканың толық ашықтығы және бұрынғы қолданыстағы нарықтар мен шарттардың толық өзгеруі орын алатын «бақыланбайтын базар» атауын тапты.

Авторлар орын алып жатқан дағдарыстың Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық стратегияларының сөзсіз өзгеруіне алып келетініне күмән келтірмейді. Бұл ретте олардың әрқайсысы өз еркімен немесе еріксіз экономиканы қайта құрудың және пісіп-жетілген (осы сарапшылардың пікірі бойынша) реформаларды жүргізудің өз сценарийін таңдайды. Олар тіпті жағдайдың «артқа 1991 жылға» оралуын да жоққа шығармайды. Сонымен бірге авторлар өте дұрыс пікірлерді де айтады; атап айтқанда, дағдарыс тактиканы өзгертуге және жаңа жағдайларға, соның ішінде мемлекет есебінен бейімделуге және оның ережелеріне сәйкес ойнауға мәжбүрлі болатын көлеңкелі экономика өкілдеріне де әсер етеді. Қорытындылай келе, авторлар кез-келген жағдайда экономикалық (және жай физикалық) күн көріс мемлекеттің негізгі актер және әлеуметтік өмірді реттеуші ретіндегі рөлін, сондай-ақ барлық мемлекеттік институттардың нығаюын тудыратынын мойындауға мәжбүр болып отыр.

**Engvall Johan. Religion and the Secular State in Kyrgyzstan. Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program. – Washington, D.C.: Johns Hopkins University, 2020. – 55 p.**

Йохан Энгвалдың (Орталық Азия және Кавказ институты, Вашингтон) «Қырғызстандағы дін және зайырлы мемлекет» зерттеуі 2018 жылы басталған аймақтың жекелеген республикаларына арналған ұқсас басылымдар сериясын жалғастырады. Автор тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан

бастап Кыргызстандағы діни мәселені баяндайды. Бұл үшін республикада дамудың бастапқы кезеңінде ең жоғары либерализммен (миссионерлік және басқа дінді қабылдаған ұйымдардың еркін қызметі) және жергілікті мүфтиаттың мемлекеттен салыстырмалы тәуелсіздігімен сипатталатын жағдай тән. Кейінірек бұл көрініске жаңа элемент қосылды – исламшыл көңіл-күйдің артуы және радикалды исламның тарапынан қауіп-қатердің өсуі. Автордың пікірінше, ерте ме, кеш пе, әр түрлі ұрпақтар арасындағы қақтығыс және биліктің кеңестік ұрпақтан посткеңестік жағдайда өскен келесі ұрпаққа ауысуы сөзсіз деп санайды.

Посткеңестік кезеңдегі Кыргызстанның тарихы елдің қоғамдық өміріне саяси және әлеуметтік ықпалдың үздіксіз өсуін көрсетеді. Секуляризмнің қырғыздық моделінің үш аспектісі бар. Біріншісі Бішкектегі саяси, экономикалық және зияткерлік элитаның басым айқындамасынан туындайды. Қырғыз қоғамының зайырлы сипаты қысқарған сайын, бұл топтардың ықпалы сөзсіз төмендейтін болады. Екінші аспект, қоғамның ұлттық бағдарланған бөлігі ханафи исламын ұлттық бірегейліктің құрамдас бөлігіне айналдырды. Сонымен, үшінші аспект кейбір ортаның қалыпты исламды консервативті нұсқаға айналдыру әрекеттерін көрсетеді. Бұл жағдайда шарифат Заңның зайырлы моделіне қарсы.

Зайырлылар, қалыпты мұсылмандар мен консервативті исламшыл арасындағы қақтығыс әзірге жасырын. Бұл жағдай қырғыз секуляризмнің моделінен туындайды, ол өз кезегінде кеңеске дейінгі көшпелі дәстүрлер, кеңестік атеистік дәуір синтезінің және тәуелсіздіктен кейінгі ұлттық бірегейлікті іздеудің өнімі болып табылады. Зерттеушінің болжауынша, өзінің зайырлы және ұлттық бағдарланған моделін сақтаудың қиын жолында Кыргызстан мен оның халқын бірнеше тұзақтар күтуде. Оларға ұрпақтар арасындағы алшақтық (зайырлы дәстүрлердің кеңестік ұрпағымен бірге өлуі және жастар ортасында әртүрлі жамағаттардың ықпалының өсуі); діни тұрғыдан республиканың солтүстігі мен исламдандырылған ауылдық Оңтүстіктің арасындағы географиялық карама-қайшылық жатады; және

---

соңында, Оңтүстікте қырғыз және өзбек халқы арасындағы этно-діни қақтығыс үнемі өршіп тұрады. Діни-саяси жағдайға теріс әсер ететін барлық өзге де мәселелерге сыртқы ықпал, саяси тұрақсыздық, қоғамның қылмыстандыруы және экономикалық жағдайдың тұрақты нашарлауы жатады.

**Clement Victoria. Religion and the Secular State in Turkmenistan. – Washington, D.C.: Johns Hopkins University, 2020. – 45 p.**

Вашингтондағы Орталық Азия және Кавказ институтының жарияланымдар сериясындағы Қазақстан (2018), Өзбекстан (2018) және Қырғызстан (2020) туралы бұған дейінгі ұқсас басылымдар сияқты Виктория Клементтің «Түркменстандағы дін және зайырлы мемлекет» (АҚШ, Квантикодағы Теңіз корпусы университеті) атты жұмысы да осыған ұқсас сызба бойынша құрылған. Автор зерттеу тақырыбын жақсы біледі: 2018 жылы ол «Түрікменнің қалыптасуы: әдебиет, тіл және билік» кітабын шығарды. Жаңа зерттеуде автор республикадағы діннің жағдайына назар аударады.

Түрікмендердегі ислам (шамамен IX-X ғасырларда енгізілген) көшпенділер үшін әдеттегі формаларды қабылдады және бастапқыда ресми институтқа айналды. Бірақ мыңжылдықтар өткеннен кейін қазіргі заманғы Түркменстанда ислам ұлттық бірегейлік пен халықтық мәдениеттің элементі ретінде, бірақ өзіндік ерекшеліктерімен қарастырылады. Бұл ретте билік «түрікмен исламын» қолдайды. Бірақ сонымен бірге Түркменстан өз Конституциясында «зайырлы» мемлекет ретінде қарастырылады. Автор бұл қарама - қайшылықты ашуды мақсат етеді. Тәуелсіздік басталғаннан бері жаңа билік классикалық ислам институттарын белсенді түрде қолдап келді. Бұл кезеңді С. Ниязовтың – Түркменбашы билігінің бірінші кезеңімен (алтын ғасыр) байланыстырады. Жаңа мемлекеттің азаматтары кез-келген мәселелерді, соның ішінде діни, білім беру және саяси мәселелерді еркін талқылай алды.

Бірақ 1996-2003 жылдары республика дамудың жаңа кезеңіне өтті, ол кезде Ниязовтың режимі мемлекет пен дін арасындағы бағыныстылықты нығайту үшін екі міндет қойды – этностықты енгізу және мемлекеттік бақылау. Бұл процесс Рухнамаға табынушылықтың құрылуымен байланысты. Шетелдік діни миссиялар (Гүленнің атақты мектептері) жабылды. С. Ниязов сыртқы әсермен текетіресте 2002 жылы мұсылман әлемінде естімеген қадамға барды: Сауд Арабиясынан жіберілген Құранның партиясын ваххабизм мен салафизмді насихаттау сылтауымен өртеуге бұйрық берді.

2007 жылы оның ізбасары Г. Бердімұхамедов билікке келгеннен кейін біртіндеп С. Ниязовтың жеке басына табынуды азайту курсы басталды, ол биліктің исламға деген көзқарасын біршама жеңілдету бағытын қозғады. Түркіменстандағы мемлекеттік білім беру жүйесі дәстүрлі исламның, көшпелі діндердің, пұтқа табынушылық пен сопылықтың қалдықтарының керемет қоспасын болып табылатын исламның жергілікті формасын (қазақтар сияқты) белсенді түрде қолдай отырып, діндарлыққа қатысты қандай да бір көзқарастардан аулақ болады.

### *Геосаясат және қауіпсіздік мәселелері*

**Джураев Э., Мураталиева Н. Стратегия ЕС в Центральной Азии. К успешной реализации новой стратегии. – Алматы, Бишкек: ФФЭ, 2020. – 18 с.**

Осы жұмыста авторлар (Bishkek Policy Group) жаңа Стратегияның екі ерекшелігіне басты назар аударады: а) Орталық Азияның бес елі арасындағы қарым-қатынастардағы алуан түрлі және серпінді процестерді кеңінен есепке алуға және б) аймақтағы қатысып отырған басқа да сыртқы серіктестер мен жобалардың барлығы мен маңыздылығын тануға. Осы екі факторды осы өңірде ЕО-ның 2007 жылғы Стратегиясын табысты іске асыру үшін елеулі кедергілер ретінде қарастыруға болады.

---

Қырғызстандағы жағдай қызығушылық тудырады және Орталық Азияның қалған төрт еліндегі жағдайдан өзгеше. Қырғызстанның саяси жүйесі - ашық, бәсекелі және плюралистік. Орталық Азия елдерінің әртүрлі мәселелер бойынша ұстанымдары айтарлықтай ерекшеленеді. ЕО-ның Орталық Азияға қатысты Стратегиясы осы айырмашылықтарға тиісті көңіл бөледі.

Пайда алушылардың ЕО-ның Орталық Азияға арналған жаңа стратегиясына қатынасын талдай отырып, мәселенің маңызды «екінші жағын» немесе «үшінші жағын» ескеру қажет. ЕО Стратегиясының тілімен айтқанда, бұл Орталық Азиядағы басқа сыртқы ойыншыларда «үшінші стратегиялардың» болуы. Осы үшінші стратегиялардың және ЕО-мен серіктестік қатынастардың және оның Стратегиясының арақатынасы ЕО мен ОА арасындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін нақты бағалау және болжау үшін өте маңызды екенін ескеру қажет.

Бішкекте жаңа Стратегияның енгізілгенін жариялай отырып, ЕО-ның Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі Жоғарғы өкілі Федерика Могерини ЕО-ның Орталық Азиядағы геосаяси ойынға қатысқысы келмейтінін атап өтті. Алайда, ЕО аймақтағы басқа державалардың геосаяси мүдделерін жоққа шығарып, оларға көз жұма алмайды. Авторлар үш «үшінші стратегияны» ең маңызды және өзекті деп санайды. Біріншісі – Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасы. Екінші стратегия - Ресей бастаған Еуразиялық экономикалық одақ. Сонымен, алғашқы екеуіне қарағанда аз әсер ететін стратегия Америка Құрама Штаттары мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы диалог үшін С5+1 форматы болып табылады.

Жақында «Бір белдеу – бір жол» бастамасы және Қытайдың жаһандық саясаты халықаралық қауымдастық Пекиннің «қарыз дипломатиясы» туралы көбірек білетіндіктен, танымалдылығы пен сенімділігін жоғалта бастады. Тағы бір қуатты ойыншы - Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасты сақтауға тырысатын Америка Құрама Штаттары. С5+1 диалогының форматы (Орталық Азияның бес елі және



плюс Америка Құрама Штаттары) сыртқы істер министрлері деңгейіндегі кездесулер мен консультацияларға арналған платформа болып табылады. Дәстүрлі түрде Америка Құрама Штаттары көптеген мәселелер бойынша Еуропалық Одақтың ұстанымын ұстанады және басқа елдермен, соның ішінде Орталық Азия мемлекеттерімен ұқсас салаларда ынтымақтасады деп саналады. Егер АҚШ пен Орталық Азия елдерінің әріптестігі тығыз әрі серпінді болса, онда АҚШ пен ЕО түрлі салаларда Орталық Азияның дамуына жәрдемдесу бойынша бір-бірінің күш-жігерін қайталауы мүмкін.

ЕО-ның жаңа стратегиясы әлдеқайда түбегейлі; ол Америка Құрама Штаттары ынтымақтастыққа әлбетте дайын болатын аймақпен кең ынтымақтастықты қамтамасыз етеді. ЕО да, АҚШ та өзінің өңірлік саясатына Орталық Азияның барлық бес елін қосуға ұмтылатынын атап өткен жөн. ЕО мен АҚШ көзқарастарының ұқсастығы олардың аймақтағы қызметі құрылымдық тұрғыдан қалыптаспағандығында және берік институционалды негіздерсіз біртіндеп дамып келеді. Екі тарап та жыл сайынғы кездесулер, жобалар және консультациялар форматында әрекет етуге бейім. Жоғарыда аталған үш «үшінші стратегиядан» басқа, осы тақырыпқа Түркия, Жапония, Иран, Корея және Үндістан сияқты басқа да ойыншылардың қатысы бар. Олардың кейбіреулері ЕО-ның Орталық Азиядағы, әсіресе Жапониядағы әлеуетті серіктесі болуы мүмкін, өйткені ол ЕО үшін де қызығушылық тудыратын сұрақтарды қояды. Осылайша, Орталық Азиядағы және онымен халықаралық ынтымақтастық - бұл үш немесе төрт ойыншымен емес, кем дегенде он ойыншымен ойын.

Осы пікірлер мен дәлелдерге сүйене отырып, авторлар ЕО Стратегиясын сәтті жүзеге асыру үшін қажетті келесі әрекеттерді ұсынады:

Қырғызстанда ЕО демократияландыруды қолдауға, парламентшілікті нығайтуға және әйелдердің мүмкіндіктерін, оның ішінде олардың саясатқа қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге назар аударуы маңызды. Басқаша айтқанда, ЕО бұдан әрі «нормативтік күн тәртібі» деп аталатын нәрсені - ЕО

---

бекітетін және қорға алатын маңызды құндылықтарды қорғауы керек. Орталық Азияның барлық елдерінде ЕО экономикалық дамуға көмек көрсетуге және саудадағы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуге көбірек көңіл бөлуге тиіс. ЕО Орталық Азиядағы білім беру, мәдениет және зерттеу салаларындағы мүдделі тұлғалармен байланыстарды одан әрі кеңейте беруге тиіс.

Орталық Азияда жұмыс істей отырып, ЕО азаматтық қоғаммен ынтымақтастықты кеңейтуге және нығайтуға тиіс. Қырғызстанда да, басқа елдерде де ЕО сөз бостандығы мен бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігін біржақты қолдауы керек. ЕО қоршаған ортаны қорғауға және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге назар аудара алады. ЕО да, оның Орталық Азиядағы әріптестері де Стратегияның іс-шараларын іске асыру кезінде неғұрлым тиімді коммуникацияны жолға қоюы тиіс. ЕО өзінің институттары мен принциптерін Орталық Азияға «экспорттағандай» әсер қалдырмауы керек. Орталық Азия елдерінің үкіметтері бастама көтеріп, ЕО-ға бірлескен күш-жігер мен ЕО жаңа стратегиясы шеңберінде жобаларды ұсына алар еді.

ЕО-ның ынтымақтастыққа инклюзивті көзқараспен қарауға мүдделі екендігін Декларацияда көптеген адамдар мақұлдаған мәлімдеме, ЕО-ның Орталық Азиядағы рөлі үлкен емес немесе саналы түрде шектеулі дегенді білдірмейді. Ақырында, ЕО аймаққа жіберілген өзінің делегациялары арқылы оның жобаларын жүзеге асыруда тікелей ынтымақтастық орнатуға, қажет болған жағдайда ЕО-ның үшінші тарап қызметкерлерін тартуға тырысуы керек.

Осылайша, авторлармен жұмыстың қорытынды бөлігінде ЕО үшін де (дәлірек айтқанда, жаңа стратегияны іске асыру тапсырылған ЕО өкілдері үшін), сондай-ақ оны жүзеге асырумен айналысатын ЕО-дан тыс мүдделі тараптар үшін, мысалы, даму мәселелері жөніндегі халықаралық ұйымдар, жергілікті және халықаралық үкіметтік емес мекемелер, мемлекеттер және олардың даму агенттіктері үшін бірқатар ұсынымдар тұжырымдалды.

**Савин И.С. Россия и обеспечение безопасности в Центральной Азии (на примере эволюции экспертного мнения в Кыргызстане, Российской Федерации и Таджикистане в 2013-2019 гг.). Отв. ред.: Кадырбаев А.Ш. Институт востоковедения РАН. – Москва: ИВ РАН, 2019. – 240 стр.**

Эксперименттік сипаттағы жұмыс саясаттану, саяси антропология және әлеуметтану әдістерін біріктіреді. Автор Ресейдегі және аймақтың екі еліндегі сараптамалық пікірдің даму эволюциясын сарапшылардан екі кезеңде: 2013 және 2019 жылдары алынған 60-тан астам сұхбат негізінде қадағалайды. 6 жыл аралықпен бірдей сұрақтар қойылған сарапшылардың арасында ғылыми, сараптамалық және мемлекеттік ұйымдардың қызметкерлері, қоғамдық қозғалыстардың, үкіметтік емес бастамалардың белсенділері, журналистер болды. Бұл олардан алынған сұхбаттарды әр түрлі елдердегі сараптамалық пікірлер мен кең саяси шешімдерді қалыптастыру процестерін терең талдаудың қайнар көзі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

**Зайферт Арне К. Гражданское противодействие религиозному радикализму в Центральной Азии – с чего начинать? Отв. ред. В. А. Кузнецов; Институт востоковедения РАН. – М.: ИВ РАН, 2020. – 69 с.**

Бұл зерттеу Орталық Азиядағы экстремизм мен лаңкестікке алып келетін діни радикалданудың алдын алудың саяси зорлық-зомбылықсыз әдістерін ұсынудың өткір қажеттілігін көрсетеді. Жалпы, лаңкестікпен және саяси исламмен күресудің күштік әдістері лаңкестіктің ішкі және сыртқы көздерін жоюда ұзақ нәтиже бермейді. Оның терең себептері сақталып қана қоймайды, кейде олардың зиянды әсерін күшейтеді. Радикализмге қарсы іс-қимылдың зорлық-зомбылықсыз әдістерін әзірлеу тұрғысында діни саясат және мемлекеттің ислам топтарымен қарым-қатынасы мәселелері ерекше назар

---

аударуға лайық. Жұмыста алдын-алу әлеуметтік ресурстары, мұндай жұмыстың әдістері мен құралдары қарастырылады.

**Центральная Евразия: Территория межкультурных коммуникаций: коллективная монография. Отв. ред. и сост. А.К. Аликберов. — М.: ИВ РАН, 2020. — 264 с.**

РҒА Президиумының «Мәдени-күрделі қоғамдар: түсіну және басқару» іргелі зерттеулер (жет. акад. В.А. Тишков) бағдарламасының «Кавказдағы және Орталық Азиядағы мәдени-күрделі қоғамдар» жобасы аясында жазылған осы ұжымдық монография (жет. А.К. Аликберов) қалыптасып келе жатқан ғылыми пән — коммуникация тарихының кеңістігін кеңейтетін коммуникативтік зерттеулердің келешектік бағытын дамытады. Еуразиялық коммуникациялар тарихы үшін базалық санат Еуразиялық тұжырымдамаларда түсінілетіндей еуразиялық тарихи-мәдени кеңістік болып табылады, сондықтан Еуразиялық идеялар мен коммуникацияларды зерттеу үшін тоғыспалы тарихтың әдіснамалық қағидаттарын пайдалануға болады.

Авторлардың пікірінше, Орталық Еуразиядағы мәдениетаралық коммуникация проблемасын ең алдымен Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) сияқты қазіргі заманның маңызды геосаяси жобасының пайда болуымен және дамуымен және оның басқа геосаяси жобалармен (ҰҚШҰ, ШЫҰ, «Бір белдеу — бір жол» және т.б.) ұштасуымен байланысты интеграциялық үдерістер айтарлықтай өзектендіреді. Еуразия құрлығының солтүстік-шығыс бөлігінің географиялық шекарасында пайда болған мәдениеттердің селбесуін ұғынуға тырысқан зерттеушілер мен философтар үшін жүз жылға жуық уақыт бойы құрғақ қиял немесе зияткерлік сын-қатер болған Еуразия кеңістігі бүгінде әлеуметтік-экономикалық шындыққа айналды.

Зерттеуде айтылғандай, аймақ әр түрлі елдер мен одақтардың мүдделерінің қиылысатын жеріне, белсенді трансшекаралық сауда мен ынтымақтастық аймағына және

Ресей, Қытай, Үндістан, Жапония, Еуропалық Одақ және басқа елдерді өзара әрекеттесу мен алмасудың, ынтымақтастық пен бәсекелестіктің ортақ желісіне біріктіретін келешекті көлік хабына айналады. Бұл жаңа жағдай адами коммуникацияның көптеген актілерінен тоқылған Еуразиялық кеңістіктің орасан зор кенепінің жекелеген сегменттерінің өзара іс-қимылының тиімді модельдерін құру барысында туындайтын міндеттерді қайта айқындауды және сын-тегеуріндерді ұғынуды талап етеді.

Орталық Еуразияның жаһандық Батыс пен жаһандық Шығыс қатынастарындағы байланыстырушы рөлі «коннективтілік» тұжырымдамасында, Еуропа мен Азия арасындағы ерекше географиялық орналасуына байланысты осы аумақта қалыптасатын әртүрлі қоғамдардың, халықтардың, мәдениеттердің өзара байланысы мен өзара тәуелділігінде көрінеді. Орталық Еуразиядағы коннективтілік, ең алдымен, тарихи байланыстарды, оның ішінде сауда және көлік байланыстарын, соның ішінде Еуропалық Одақты белсенді дамып келе жатқан Шығыс елдерімен – Қытай және Үндістанмен байланыстыратын толассыз байланыстарды қалпына келтіруді білдіреді, мұнда Еуразиялық экономикалық одақтың және Орталық Еуразия елдерінің делдалдығысыз істеу мүмкін емес.

XX ғасырдың басында, Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін жарияланған Х. Дж. Маккиндердің Хартленда (Heartland) тұжырымдамасына сүйене отырып саясаттанушылар көбінесе Орталық Еуразияны «өзекті жер» деп атайды. «Тарихтың географиялық өсін» іздеуде Макиндер айналасында ішкі доға (Еуропа – Арабия – Үндіқытай, яғни бүкіл Оңтүстік-Шығыс Азия, бірақ Океаниясыз) және шеткі доға (Солтүстік және Оңтүстік Америка – Африка – Океания) орналасқан Еуразияның орталық бөлігіндегі «өзекті жерді» анықтады.

Еуразиялықтардың тұжырымдамасында (Г.В. Вернадский, Н.С. Трубецкий, П.Н. Савицкий, Н.Н. Алексеев және т. б.) Еуразия Еуропа мен Азияның түйіскен жері ғана емес, ерекше географиялық және тарихи-мәдени кеңістік ретінде түсініледі. Г.В. Вернадский бұл әлемді Еуропадан да, Азиядан да бөліп, шын мәнінде ол Ресей империясының территориясымен,

---

оның ықпал ету салаларымен және империяның түрлері болған жерлермен сәйкес келген Орталық Еуразияның кеңейтілген түсіндірмесін ұсынды. Неғұрлым егжей-тегжейлі сипаттамаларда бұл «славян және тұран» (немесе моңғол-түркі) халықтарының мәдени синтезінің аумағы, Батыс Еуразия мен Шығыс Еуразия арасында, басқаша айтқанда, батыс еуропа өркениеті (Рах Romana) мен «қытай әлемі» (Рах Sinica) арасында орналасқан Орта Құрлық.

Еуропа мен Азияның әлемдегі ең үлкен континенттің бөлігі ретіндегі, Шығыстың күн шығатын жер ретіндегі (дәл осы мағына «шекаралық» шығыс топонимдерінің этимологиясында жазылған: Хорасан, Хорезм, Анадолы және т.б.) және Батыстың күн бататын жер ретіндегі қарама-қайшылығы тарихи және мәдени тұрғыдан анықталған. Бұл сонымен бірге бөлу тұжырымдамаларының нәтижесі, іс жүзінде еуразия континенті физикалық-географиялық мағынада біртұтас болып табылады. Батыс ғылыми әдебиетінде, Еуразияның «өзекті жерінің» ерекше байланыстырушы рөлін атап көрсететін «Орталық Еуразия» анықтамасын 1969 жылы Д. Синор өзінің «Ішкі Азия: Тарих – Өркениет – Тілдер» атты еңбегінде алғашқылардың бірі болып ұсынды. М. Россоби, сыртқы контурлары өте жылжымалы және тұрақсыз болып табылатын «Ішкі Азия» терминінің кемшілігі, ол үшін «Сыртқы Азия» түріндегі түсінікті дихотомияның болмауы деген пікір білдірді.

Еуразиялық коммуникациялар тарихында Ішкі Азия тиісінше Орталық Азияның және Орталық Еуразияның шығыс бөлігі ретінде қарастырылады. Моңғолиядан басқа, оның құрамына Алтай, Бурятия және Тува сияқты іргелес аумақтар ғана емес, сонымен қатар Шығыс Түркістан (Шыңжаң), Қытай жаулап алып, Рах Sinica құрамына кірген Ішкі Моңғолия, Тибет және Маньчжурия кіреді. Әдетте Моңғолия мен Тибетті Жоғарғы Азия деп атайды, бірақ Тянь-Шань, Памир және тіпті Гималай да осы анықтамаға қосылуы мүмкін.

С.Сучек Ішкі Азияның шектерін тар мағынада Орталық Азияның посткеңестіктік бес елдерімен (тарихи Мавераннахрмен), сондай-ақ Моңғолия мен Шыңжаң өлкесі-

менанықтайды, ал кең мағынада оларға Татарстан, Башқұртстан, Қалмақия, Таулы Алтай, Тува, Бурятия және Якутия, сондай-ақ Ішкі Моңғолия (Қытай) сияқты Ресей Федерациясының субъектілерін қосады. Орал, Қалмақияға дейінгі Еділ аймағын, сондай-ақ бүкіл Кавказды қамтитын Орталық Еуразияның батыс бөлігі Қырым хандығының тарихымен байланысты Қырымға, ал солтүстік – шығысын, ол жерде өз уақытында Сібір Батыс Еуропа мен Қытай өркениеттері қалыптасқан жерге Батыс Сібірге дейін жеткізуге болады, ол кем дегенде өте орынды болады.

Кеңестік тарихнамада Қазақстан дәстүрлі түрде Орта Азиядан бөлінді. Тақырыптың жаңа әзірлемелерінде зерттеушілер Үлкен Орталық Азия (ОА + Ауғанстан және Моңғолия) мен құрамына барлық посткеңестік республикалар кіретін Үлкен Орталық Еуразияны ажыратады. Осы ұжымдық зерттеу аясында Орталық Еуразия Ішкі Азиямен толығымен сәйкес келмейді, өйткені Моңғолияның өзінде, Тибетте және одан да көп Цинхай мен Маньчжурияда тұратын халық оны негізгі Еуразиялық мәдениеттермен араластырғаннан гөрі өз мәдениетінің түпнұсқалығын сақтайды (мұнда бүкіл әлемге ортақ батыстандыру процестері ескерілмейді).

Бұл аймақтың құрамында біз, тарихи және мәдени тұрғыдан Түркістанның ажырамас бөлігі болған Шыңжанды, Орталық Азияға жақын халықтар тұратын Солтүстік Ауғанстанды, иранның әзірбайжандары тұратын Иранның солтүстік облыстарын, бұрын армян халқы өмір сүрген Түркияның бөлігін көреміз. Бұл бөлу толығымен саяси емес, халықтардың тарихи және мәдени қауымдастығына, тарихи жады мен тарихи байланыстарға негізделген тарихи-мәдени.

Қалай болғанда да, авторлар Еуразиялық коммуникациялар тарихы шеңберіндегі мәдени-күрделі қоғамдардың ауқымды проблематикасын зерттеу үшін Орталық Еуразия континенттегі аса маңызды өңірлердің бірі болып табылады деп тұжырымдайды.



---

## *Тарих және деректану*

**Аникеева Т.А., Зайцев И.В. Тюркские, арабские и персидские рукописи, литографии и книги Лазаревского института восточных языков в собрании Научной библиотеки МГИМО (У) МИД РФ. – Москва: Наука, 2020. – 263 с.**

Бұл каталогта РФ ИИМ ММХҚИ (У) ғылыми кітапханасының жинағында Лазарев шығыс тілдері институтының түркі, араб және парсы қолжазбалары, литографтары мен ескі баспа кітаптары топтамасының толық сипаттамасы бар. Бұл 200-ден астам көне қолжазбалар (олардың бір бөлігі Орта Азияда, Түркияда, Иранда, Сирияда қайта жазылған), бұрын жүйелі түрде сипатталмаған және зерттелмеген 100-ден астам литография және 200 ескі баспа кітаптары (оның ішінде түріктің алғашқы басушысы Ибраһим Мютеррикидің баспаханасынан шыққан кітаптар, Бурнашевтің Қазандық Азиялық баспаханасының татар тіліндегі басылымдары). Каталог қолжазбаларды қайта жазушылардың, литография баспагерлерінің есімдерінің, басылған және баспаханалардың атауларының, қолжазбалардың қайтадан жазылу орындарының, литография басылымдарының, кітаптардың, сондай-ақ басқа да атаулар мен шығармалардың атауларының көрсеткіштерімен жабдықталған.

## ҚСЗИ Орталық Азияның жетекші «аналитикалық орталықтарының» рейтингісінде көш бастап тұр

2020 жылдың 31 қаңтарында Пенсильвания Университетінің «**Global Go To Think Tank Index Report**» атты аналитикалық орталықтардың әлемдік беделді рейтингісі саналатын дүниежүзіндегі зерттеу және талдау орталықтарының жыл сайынғы рейтингісі жарияланды.

[https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1018&context=think\\_tanks](https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1018&context=think_tanks)

Рейтинг профессор **Джеймс МакГанның** жетекшілігімен «Аналитикалық орталықтар және азаматтық қоғам» бағдарламасы шеңберінде жүргізіледі және «аналитикалық орталықтардың» ең беделді әлемдік рейтингі болып саналады.

Рейтинг бағаланатын орталықтарға, сондай-ақ экономикалық және саяси зерттеулер саласындағы 4 мыңнан астам маманға, саясаткерлерге және журналистерге сауалнама жүргізу нәтижелерінің негізінде қалыптастырылады. Қорытынды кезеңде рейтингті шығаруға беделді сарапшылар тобы қатысады, олардың пікірлері негізінде түпкілікті саралау жүргізіледі. Рейтингті қалыптастыру үшін ғылыми және талдау жұмысының сапасы мен беделі, функционалдық және ұйымдастырушылық бағыты, орталықтың «танымалдығы», өткізілетін конференциялар, брифингтер және ресми кездесулер, сондай-ақ ерекше жетістіктері үшін бірқатар номинациялар негізінде «аналитикалық орталықтары» құрылымдайтын 30-дан астам түрлі критерийлер пайдаланылады.

Пенсильван университеті әлемнің 8248 «аналитикалық орталықтарының» 2019 жылғы қызметіне талдау жасады.

Айта кетсек, 2016-2019 жылдары рейтингке қатысатын талдау орталықтарының саны 1402-ге дейін өсті, оның 86-ы 2019 жылы қосылды. Үш жыл қатарынан ҚСЗИ талдау орталықтарының жаһандық топ-рейтингісіне кіретін қазақстандық жалғыз «аналитикалық орталығы» болды.

Былтырғы жылдағыдай, жаһандық рейтингке қатысқан 31 талдамалық құрылымды Қазақстан ұсынды.

## Кесте 1 - Елдер бойынша аналитикалық орталықтар саны (2019)

ASIA							
Afghanistan	22	Georgia	35	Mongolia	10	Sri Lanka	32
Armenia	30	Hong Kong	42	Nepal	13	Taiwan	61
Australia	42	India	509	New Zealand	11	Tajikistan	7
Azerbaijan	16	Indonesia	31	North Korea	2	Thailand	15
Bangladesh	36	Japan	128	Pakistan	25	Timor Leste	1
Bhutan	3	Kazakhstan	31	Papua New Guinea	2	Uzbekistan	12
Brunei	8	Kyrgyzstan	28	Philippines	21	Vanuatu	1
Cambodia	14	Laos	4	Samoa	1	Vietnam	11
China	507	Malaysia	23	Singapore	18		
Fiji	4	Maldives	6	South Korea	60		

2019 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты Орталық Азияның ең үздік аналитикалық орталығы болып танылды.

**2019 Top Think in Central Asia  
Table 8**

1. Kazakhstan Institute for Strategic Studies (KazISS) (Kazakhstan)
2. Caucasus Research Resource Center (CRRC) (Azerbaijan)
3. Afghanistan Research and Evaluation Unit (AREU) (Afghanistan)
4. Caucasus Institute for Peace, Democracy and Development (CIPDD) (Georgia)
5. Institute for Policy Studies (IPS) (Georgia)
6. Economic Research institute (Kazakhstan)
7. Aga Khan Foundation (AKF) (Afghanistan)
8. Armenian Center for National and International Studies (ACNIS) (Armenia)
9. Asia Foundation – Afghanistan (Afghanistan)
10. Center for Economic Research (CER) (Uzbekistan)

«Орталық Азиядағы жетекші аналитикалық орталығы» номинациясына Қазақстаннан талдау орталықтарының ең көп саны ұсынылды: әрбір 5 Орталық – Қазақстандық (63-тен 13-і).

<i>Рейтингтегі орын</i>	<i>Аналитикалық орталық</i>
1	Қазақстан Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ)
6	ҚР Ұлттық экономика Министрлігінің Экономикалық зерттеулер институты (ЭЗИ)
16	ҚР Қорғаныс және Аэроғарыш саласы министрлігінің Өскери-стратегиялық зерттеулер орталығы
25	Қоғамдық проблемаларды талдау орталығы
36	Мемлекеттік жеке меншік өріптестік орталығы
41	Назарбаев Университеті жанындағы Ұлттық талдау орталығы
43	ҚР БҒМҒК-нің Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты
45	Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты (КИМЭП)
47	Әлемдік экономика және саясат институты
50	Саяси талдау және стратегиялық зерттеулер орталығы (Center for Political Analysis Strategic Studies)
54	Ақпараттық-талдау орталығы
56	Еуразия зерттеу институты
58	Ғылыми-зерттеу орталығы (Research and Development Center)

## Кесте 2 - Орталық Азиядағы жетекші аналитикалық орталықтар

2019 жылы айтарлықтай серпіліс ҚР Ұлттық экономика Министрлігінің Экономикалық зерттеулер институты (ЭЗИ) жасады, «Үздік үкіметтік талдау орталықтары» арасында 21 орын, «Үздік конференция» номинациясында 19 орын және «Медианы үздік пайдалану» номинациясында 47 орын алды.

Қазақстанның халықаралық қатынастар бойынша кеңесі «2019 жылғы Орталық Азияның ең маңызды 10 оқиғасы» атты жыл сайынғы талдамалық шолуы «Саяси зерттеулер саласындағы үздік баяндама» санатындағы үздік сараптамалық жұмыстардың бірі болып танылды.

Жалпы алғанда, Пенсильвания университетінің «Global Go To Think Tank Index Report» рейтингте Қазақстандық аналитикалық орталықтардың саны жыл сайын артып келе жатқанын атап өткен жөн.

